Педагог

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ, ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

Арнайы сан

2026



80 ЖАС

Шалқыма Хайроллақызы ҚҰРМАНАЛИНА

Шалқыма Хайроллақызы ҚҰРМАНАЛИНА



Құрманалина Шалқыма Хайроллаевна
1994 – 2018жж.- колледж директоры.













Мұқабада: Шалқыма Хайроллақызы ҚҰРМАНАЛИНА

Педагог

(Арнайы сан)
(Қыркүйек-Қазан)
(Сентябрь-Октябрь)
2026

Журнал екі айда бір рет шығады / Журнал выходит один раз в два месяца

Журнал 2011 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2011 года на казахском и русском языках

Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический педагогический журнал

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

А. Кайрлиева. Ұстаздық пен ғылымды тоғыстырған тағылымды тұлға 3
Ш. Набидоллина. Ұлағатты ұстаз – талантты басшы 7
Г. Жумалиева. С благодарностью за каждый день: руководителю, наставнику, лидеру 9
М. Мұқашев. Ұстаздардың ұстазы 10
Р. Сүлейменова. Ұстаздық жолдағы жарқын із 12
Ә. Галимова. Ұстазым, әріптесім, басшым 13
Б. Набидоллин. Спортты дамытудың ұтымды қадамы 15
Р. Ильясова. Ғұмырын ұлағатты іске арнаған тұлға 17
А. Утебаева. Мен үлгі тұтқан бейне 19
Т. Маденова. Руководитель, которого помнят 20
А. Джамбаева. Руководитель, за которым – люди, достижения и история 21
Б. Сапиев. Ұстаздықты ерен еңбегімен өзгелерге үлгі қылған тұлға 23
Н. Утегалиев. Өнегелі өмірдің өшпес ізі 24
Ж. Жонкарбаева. Ұстаз өнегесі – өмірлік жолымның темірқазығы 25
Г. Габбасова. Искусство зажигать сердца 26
Л. Жайманова. Еңбек жолы – өнеге, өмірі – тағылым 28
А. Сарсенгалиева. Ұстазымның ұлағаты – өміріме бағдар 29
Б. Каримова. Шалқыма Хайроллақызы – білім мен ізденіске жол ашқан ұстаз 30
Л. Есенова. Ол кісіден үйренгенім 31
Г. Жолдасова. Ұстаздықпен өрілген өнегелі ғұмыр 31
Б. Бакимов. Ұстаздардың ұстазы, ұлағатты басшы 32
Л. Жұбанышқалиева. Ұстаз берген білім – таусылмас қазына 33
Н. Меңдешов. Ұстазға тағзым: шәкірт жүрегіндегі Шалқыма апай 34
Қ. Таубаев. Ақ шуақ шашқан ұстаз 35
Н. Саматұлы. Менің колледжім 37
А. Искалиева. Ұстаз. Басшы. Тұлға 38
А. Абилова. Ғұмырын ұстаздыққа арнаған жан 39
А. Кидришева. Ғибратты ғұмыр, тағылымды жол: ұстаздық пен ғылымның биігін бағындырған тұлға 40
Ә. Айткалиева. Ұстаздан алған ұлағат – өмірлік жолымның темірқазығы 41
А. Ералиева. Педагогиканың жарық жұлдызы: Ғалым, Ұстаз, Мәңгілік тәлімгер 42
А. Тапауова. Ұстазға тағзым 43
Ш. Айтқалиева. Ұстаз туралы үзік сыр 44
З. Ахметова. Ұстазға тағзым – ұлағатқа құрмет 44
А. Отарбай. Өмірлік жолыма бағдар берген дара тұлға 45
А. Таубаева. Жаныма шуақ құйған сол бір жылдар! 46
Г. Нұрашева. Шын ниетпен алғыс айтам, Ұстазым! 48

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 15.02.2010 ж. Астана қаласында тіркеліп, №10712-Ж куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды 25.09.2026 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 320.
Басылым индексі: 74312

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы, Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 303 37 67.
Эл.пошта: **pedagog-ltd@mail.ru**

Журнал <<RADO Print>> баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46, кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Н. Омашев – ҚР Жоғары мектеп Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов – педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі.

Ә. Дүйсебек – Ұлттық құндылықтар Академиясының вице-президенті.

А. Миразова – Алматы қаласы, №159 мектеп-гимназиясының директоры, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек Ері.

Р. Кіршібаева – Алматы қаласы, №145 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и информации РК в г. Астане.
Выдано свидетельство №10712-Ж от 15.02.2010 г.

Подписано в печать 25.09.2026 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Подписной индекс: 74312

Учредитель:
ТОО «Педагог LTD»
Адрес: 050036, г. Алматы, Мкр. Мамыр-2, 13-7.
Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
сот.т.: 8 777 3033767
Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии <<RADO Print>>
г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасына жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны и сохранены в программе Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц, шрифт Times New Roman. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте на электронную почту (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Ұстаздық пен ғылымды тоғыстырған тағылымды тұлға



Алтынгүл Жақсығұлқызы КАЙРЛИЕВА, Жаһанша Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледж директоры. Орал қаласы

Менің бүгін жазып отырғаным – өмірімнің ең қымбат тарихының бір бөлігі, ұстазымыз, бағыт берушіміз, ұстаздық жолдағы анамыз – Шалқыма Хайроллақызына арналады. Бұл мақаланы жазу – мен үшін тұнып тұрған психологиялық процесс. Себебі өткенге оралу, сол сәттерді жүрекпен қайта сезіну – үлкен толғаныс.

Қай заманда болмасын, қауымды бірлікке бастап, елін ертеңіне үндейтін, өткеннің тарихын жадына тоқып, келешегіне бағдар сілтейтін шамшырақ тұлғалар болады. Олар адамгершілік қасиетімен, көреген көсемдігімен, айырықша талантымен, зияткерлік қабілетімен, терең білімімен, парасат пайымымен, бай тәжірибесімен ерекшеленеді.

Белгілі ғалым, ұстаз және қоғам қайраткері Шалқыма Хайроллақызының өмірі өнегеге толы. Қызметін қатардағы ұстаздықтан бастап, басшылық қызметін абыроймен атқарып, қажырлы еңбек етті, халық қалаулысы, «Ел анасы» атанды. Алаш арысы Жаһанша Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжді жоғары деңгейге көтеріп, іскерлігін көрсетті. Ол тек үздік педагогтарды ғана емес, көптеген өнерлі жастарды тәрбиелеп, ұлттық құндылықтарды дамытуға ерен еңбек сіңірді.

Шалқыма Хайроллақызы әрдайым қарапайымдылығымен, кішіпейілділігімен ерекшеленіп жүреді. «Ақылды туған қыз бала батыр туған ұлмен тең» деген халық даналығы дәл осы кісіге арнап айтылғандай. Қанымен берілген ұстамдылығы, алғырлығы, білімге құштарлығы оны ғылым жолына қадам басуға әкелді. Бүкіл саналы ғұмырын қазақ ғылымының көкжиегін кеңейтуге арнаған Шалқыма Хайроллақызы бүгінде мерейлі 80 жасқа толып отыр.

Шалқыма Хайроллақызы текті әулеттен шыққан, оның қалыптасуына, тұлғалық дамуына анасы мен әжесі ерекше ықпал етіп, кей тұста қатал, кей жерде даналықпен тәрбие берген. «Қызға қырық үйден тыйым» дегенді қатты ұстанған. Тамақ істеуді де ерте жасынан үйретіп, «қыз бала ертең біреуге жар, біреуге келін, сондықтан үй шаруасында пысық болуы, сол үйдің отын маздатып жағып отыруы керек» деп есіне салып отырады екен. Содан болар апайдың «қонақжай, дастарханы әрдайым жаюлы» болуы, әлбетте, ол анадан берілген тәрбие. Сол тәрбие үлкен әулетке келін болып түсіп, елге танымал азаматқа жар болуда да үлкен септігін тигізсе керек.

Шалқыма Хайроллақызын 2000 жылы жаз айында Махамбет Өтемісов атындағы БҚМУ-дың тарих факультетін тәмамдап, кезінде анам білім алған қасиетті қара шаңыраққа жұмыс іздеп келген кезден бастап танимын. Білікті басшы Шалқыма Хайроллақызы мені әңгімелесуден өткізіп, ұстаздық мамандықтың жауапкершілігі мол екенін, тек оқыту емес бала тәрбиелеу үшін аянбай қызмет қылу қажет екенін санама сол кезден бастап құйған.

2007 жылы шақырып алып, Түркістан қаласында өтетін патриоттар форумына жолдап, келгеннен кейін колледждегі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары лауазымына тағайындады. Бұл қызметті атқаруға жүрексініп, «әлі жаспын, ұжымдағы тәжірибелі оқытушылар мені қалай қабылдар екен?» деп қорыққанымменен, апай шабыт беріп, «сенің қолыңнан келеді, тартынба!» дегесін жауапты қызметті бастап кеттім. Қызығы мен шыжығы мол қызметті атқарып келе жатқаныма да 25 жылдан асыпты. Сол жылдардан бері апайды үлгі тұтып, ұстазым ретінде қабылдап, сыйласып келе жатырмыз. Ол – тәжірибесі мол, іскер адам. Білім сала-

сында да, партия қызметінде де, қоғамдық жұмыстарда сол қарапайым мінезімен елге сыйлы болып, көп қызмет атқарды. Әсіресе, білім және ғылым саласына көп еңбек сіңірді. Лаборанттық қызметтен колледж директоры қызметіне дейін көтеріліп, абыроймен еңбек етті

Шалқыма Хайроллақызының жеке басының тұлғалық сапа қасиеттері, азаматтық бейнесі, халқына қызмет етуге арнаған ұлағатты ғұмыры – бәрі-бәрі «қазақ қызы осындай» деп бүкіл әлемге мақтанышпен ұялмай айтуға тұрарлықтай. Мен Алаш санасындағы Тұмар патша, Бибібәтима ана, Домалақ ана, дана Айғаным үлгілерінің бір жалғасын қазақтың ардақты аруы осы Шалқыма Хайроллақызының тұлғасынан көргендей боламын. Ол білім саласында басшылық, ағартушылық қызметтерді атқара жүріп, ұлтымыздың асыл қасиеттерінің жас ұрпақ жүрегінен ойып орын алуына іс жүзінде үлкен үлесін қосқан қайраткер. Ізгілікке жаны құмар адам. Ол кісі – ең алдымен елінің перзенті. Өз елінің мүддесіне жан жүрегімен берілген, оны бар болмысымен сүйетін жан. Отаншылдықты ең ізгі сезім десек, бұл кісі осы сезімнің иесі. «Педагогика» оқулығын жазып, жадымыздан өше бастаған талай қазақы қасиеттер мен ұлттық ерекшеліктерімізбен қайта қауыштыруды мақсат еткен ғалымның адамгершілік қасиеті, даналығы, саралығы, жан жақтылығы, идеялық сенімі, жүріс-тұрыс мәдениеті, мамандығына байланысты ізденіс жемістері, ұстаздық шеберлігі біздерге үлгі.

Шалқыма Хайроллақызы «Біз ең алдымен тілімізге, тарихымызға құрметпен қарайтын халық болуымыз керек. Жастарда жалаң намыс болмауға тиіс. «Мынау жаман» деп немқұрайлылық танытып өтіп кетпеңіз, жаман болса, қай жағынан жөндеуге мүмкіндігіңіз бар, шамаңыз келгенше үлес қосуға ұмтылып жүріңіздер. Білімді, білікті, намысты, рухты адамды ешбір жау алмайды, - деп тіпті тәртіп бұзған, құқық бұзған жастардың өзін оқудан шығармай, тұлға болып қалыптасуына жағдай жасайтын. Ол кісі әрдайым студенттің ішкі әлеміне үңіле білуді, тұлғаның психологиялық парасаттылығын дамытуды ең маңызды құндылықтардың бірі деп есептейтін. Осы мақсатта колледжде «Жеке тұлғаны қалыптастыру» моделін жасап, кейіннен шыққан «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізін бұдан 20 жыл бұрын ойластырған мықты стратег. Қазір өз жұмысымда апайдың ұстанған саясатын жалғастыруға, әрдайым жастарға қорған болуға, әріптестеріме жастарды жүрекпен ұғыну керек, жандарыңыз ашып, жағдайын реттеу керек, ұсынысын, назын айтуға келген ата-ананы ыждағаттылықпен тыңдау керек деп кеңесімді беріп отырамын.

Шалқыма Хайроллақызының басшылығы тұсында оқу орнында ғылыми-экспериментік жұмыстарға ерекше көңіл бөлінді. Соның нәтижесінде бастауыш сыныптарға арналған алғашқы қазақстандық математика оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендер жасақталып, жаңа мамандықтар ашылды. Бұл – сол кезеңдегі педагогикалық білім беру ісіне жасалған үлкен жаңалықтардың бірі еді. Оқу орнының бүгінгі күн талабына сай дамуы үшін ғылым мен практиканы ұштастырудың маңызын терең түсінді.

Ол білім беру жүйесіне жаңа технологияларды енгізуге де бастамашы болды. 1999 жылы колледжде алғашқы электрондық оқу залы ашылып, Интернет-класс, мобильді компьютер класы, лингафон кабинеттері мен интерактивті кабинеттердің жүйелі жұмыс істеуіне жағдай жасалды. Оқу үдерісін электрондық басқару мен мониторинг жүйесін қалыптастыруға да ерекше мән берілді.

Бүгінгі таңда цифрлық білім беру қалыпты үрдіске айналғанымен, оның алғашқы қадамдарын сол жылдары оқу орнына енгізу – ұстаздың жаңашылдығы мен көрегендігін көрсететін маңызды мысал.

Шалқыма Хайроллақызы – педагогикалық қызметті ғылыми ізденіспен ұштастырған ғалым. Профессордың ғылыми жетекшілігі шәкірттерге тек ғылыми әдіснаманы меңгертумен шектелмей, зерттеушілік мәдениет пен ғылыми этиканы қалыптастыруға бағытталды. Ғалым шәкірттерін ғылыми дәлдікке, теория мен тәжірибенің өзара сабақтастығын сақтауға тәрбиеледі. Ғалымның ерекшелігі – ғылыми мектеп қалыптастыруы. Шәкірттерінің санасына ғылыми адалдық, зерттеу жұмысына жауапкершілікпен қарау, педагогика ғылымына деген шынайы қызығушылықты сіңіре білді.

1996 жылы «Колледж жағдайында бастауыш класс оқытушыларын даярлаудың дидактикалық негіздері» тақырыбында диссертациясын қорғап, педагогика ғы-

лымдарының кандидаты атанды. Ал 2002 жылы «Білімді ақпараттандыру жағдайында электронды-әдістемелік жүйені құрудың әдіснамасы мен технологиясы» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғады. Оның ғылыми-әдістемелік мұрасы ауқымды. Шалқыма Хайроллақызы 4 монографияның, 26 ғылыми еңбектің, 50 жарияланымның, оқулықтар мен оқу құралдарының авторы.

Ғалым еңбектерінің өзегінде педагог даярлау, бастауыш білім беру, математиканы оқыту әдістемесі, білім беруді ақпараттандыру, педагогикалық менеджмент сияқты маңызды мәселелер жатыр.

Осы арқылы ол тек өз шәкірттеріне ғана емес, республика педагогтерінің бірнеше буынына әдістемелік бағыт-бағдар берді. Қазіргі кезде Шалқыма Хайроллақызының ғылыми зерттеу жұмыстарының негізінде баспадан шыққан оқу құралдары мен монографияларын білім алушылар мен оқытушылар жиі пайдалануда, мұның өзі ол кісінің еңбектерінің мазмұндық құндылығының аса жоғары екендігінің дәлелі.

Шалқыма Хайроллақызының еңбегі бір ғана оқу орнының шеңберімен шектелмеді. Оның ғылыми-әдістемелік қызметінің нәтижесінде «Білім» бейіні бойынша республикалық оқу-әдістемелік бірлестік Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжге бекітілді. 13 жыл ішінде 11 педагогикалық мамандық бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті техникалық және кәсіптік білім беру стандарттары, 89 үлгілік оқу бағдарламалары мен типтік оқу жоспарлары әзірленіп, республика колледждеріне таратылды. Шалқыма Хайроллақызы білім беру мәселелері бойынша бірнеше эксперименттік жұмыстар жүргізіп, олардың нәтижелерін оқу-тәрбие үдерісіне енгізуге ерекше мән берді. Соның ішінде 1991-1995 жылдары Т.Қ. Оспанов пен Ш.Х. Құрманалинаның авторлығымен әзірленген 1-4 сыныптарға арналған жаңа буын «Математика» оқулықтары қазақ және орыс мектептерінде сынақтан өткізілді. Бұл тәжірибелік жұмыс бастауыш білім мазмұнын жаңартуға, математиканы оқытудың әдістемелік негіздерін жетілдіруге бағытталды.

Оқулықтарды сынақтан өткізу барысында оқу үдерісін ұйымдастыруға қажетті әдістемелік құралдар да қатар әзірленді. Атап айтқанда, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, оқу-әдістемелік жиынтықтар, 1-сыныпқа арналған дидактикалық ойындар, мұғалімге арналған дидактикалық материалдар, сондай-ақ «Бастауыш класта математиканы оқыту әдістемесі» оқулығы жасақталды. Аталған оқу-әдістемелік еңбектер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан бекітіліп, білім беру тәжірибесінде пайдаланылды.

2006 жылы бекітілген 12 жылдық білім беруге арналған мемлекеттік орта білім стандартының, «Математика және информатика» білім беру және оқу бағдарламаларының авторларының бірі болды.

Ал 2013 жылы Қазақстанда алғаш жасақталған бірқатар кәсіптік қызмет салалары бойынша кәсіптік стандарттардың авторларының бірі болды.

Бұл деректер Шалқыма Хайроллақызының білім беру ісіндегі еңбегінің өңірлік деңгейден республикалық деңгейге көтерілгенін айқын көрсетеді.

Шалқыма Хайроллақызының тұлғалық болмысындағы ең үлкен ерекшеліктің бірі – ұстазды ұстаз ете білуі.

Ол педагогикалық ұжымды ғылыми-әдістемелік жұмысқа бағыттап, оқытушылардың кәсіби және ғылыми тұрғыдан өсуіне мүмкіндік жасады. Оның жетекшілігімен оқытушылар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, диссертациялар қорғады.

Педагогтер, мектеп директорлары, бастауыш сынып мұғалімдері мен балабақша тәрбиешілеріне арналған авторлық курстар әзірлеп, біліктілікті арттыру курстарында дәріс оқыды, жылжымалы әдістемелік семинарлар ұйымдастырды.

Оның басқаруындағы колледж республикалық және облыстық кәсіби байқауларда жоғары нәтижелерге қол жеткізді. «Үздік әдістемелік қызмет», «Техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының үздігі» байқауларында жүлделі орындарға ие болды.

Шалқыма Хайроллақызы білім беруді бір орында тұратын жүйе емес, үнемі дамып, жаңарып отыратын сала ретінде қабылдады.

Ол шетелдік білім беру тәжірибесін зерттеп, Сингапурдағы орта білім жүйесін, Швеция мен Данияның орта кәсіптік білім беру жүйесін зерделеді. Германияның Кобленц қаласында орта кәсіптік оқу орындарындағы менеджмент пен басқару мәселелері бойынша білімін жетілдірді.

Оның «Математиканың теориялық негіздері» электрондық оқулығы және «Бастауыш класта математиканы оқыту әдістемесі» электрондық-әдістемелік жүйесі республикалық көрмеде II орын иеленді. Бұл жетістіктердің барлығы бір мақсатқа – сапалы білім, білікті маман, бәсекеге қабілетті педагог қалыптастыруға бағытталды. Қалалық мәслихат депутаты ретінде кейбір актуалды мәселелерді шешуге келгенде де өз ойын ашық айтып, қала халқының әл-ауқатының артуына септігін тигізген жан. Баспасөз беттерінде де мағыналы, мәнді мақалалары шығып жүр. Шалқыма Хайроллақызы ер азаматтардан қалыспай, халқына қызмет етті. Заты нәзік болғанымен, Тәуелсіздігімізді алар сонау қиын-қыстау тұста ер азаматтармен иық түйістіре қатар жүріп, депутат ретінде елдік деңгейдегі түйінді мәселелерге көп араласып, олардың оң шешілуіне атсалысқан қайраткер. 1999-2016 жылдары, яғни 4 шақырылымның депутаты болды. Осы жылдар ішінде көп тәжірибе жинақтап, халық пен биліктің арасын жалғап, қарапайым жұртшылықтың мұң-мұқтажын орындады. Қасында көмектесіп жүріп байқағанымыз Шалқыма Хайроллақызы округтен депутат болып сайланған соң сол ауданның тұрғындарына өз туысындай қарап, ұсыныс-тілектерін жоғарғы жаққа жеткізіп, орындауға көп күш жұмсады. Жұмысқа орналасу, тұрғын үй мәселесі бойынша кеңестер беріп, айына бір мәрте «Нұр Отан» партиясының қоғамдық қабылдау бөлмесінде тұрғындарды кесте бойынша бір сағат қабылдауға баратын. Округтегі көше жолдарын жөндеу жөнінде депутаттық сауал шешімін тауып, халықтың алғысын алды.

Шалқыма Хайроллақызының еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланды.

Ол – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі және Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі.

1998 жылы Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағына ие болды. «Құрмет» орденімен, «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісі және басқа да марапаттармен наградталды. 2017 жылы Орал қаласының құрметті азаматы, 2025 жылы «Ел анасы» атанды.

Сексен жыл – сырлы тарих, тағылымды тағдыр

Сексен жас – өткенге көз жүгіртіп, атқарылған істің мәнін бағамдайтын мерейлі белес.

Шалқыма Хайроллақызы Құрманалинаның 80 жылдық мерейтойы – бір адамның туған күнін атап өту ғана емес. Бұл – ұстаздық жолға тағзым ету, білім мен ғылымға адал қызмет еткен тұлғаның еңбегін ұлықтау, кейінгі ұрпаққа өнеге көрсету. Оның өмір жолынан біз еңбекқорлықты, ізденісті, жаңашылдықты, жауапкершілікті көреміз. Ол өз заманынан озық ойлай білді, білім беру саласындағы өзгерістерді ерте сезінді және оларды тәжірибеге енгізуге күш салды.

Шалқыма Хайроллақызының есімі Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледждің тарихында айрықша орын алады. Оның басшылық жылдары оқу орнының ғылыми-әдістемелік бағытта дамып, республика көлемінде танылған кезеңдерінің бірі болды.

Бүгінгі колледж ұстаздары мен студенттері үшін оның еңбегі – өткен тарих қана емес, болашаққа бағыт беретін рухани және кәсіби мұра.

Түйін

Шалқыма Хайроллақызының 80 жылдық мерейтойы – білім саласына арналған ұзақ жылғы еңбекті, ғылымға қосқан үлесті, ұстаздық өнегені дәріптейтін айтулы белес.

Сексен жыл – бір адамның ғұмыры ғана емес, тұтас бір педагогикалық дәуірдің тарихы.

Ол – ұстаз.

Ол – ғалым.

Ол – жаңашыл басшы.

Ол – педагогика саласының ұйымдастырушысы.

Ол – шәкірт тәрбиелеген ұстаздардың ұстазы.

Шалқыма Хайроллақызының өмір жолы – «Ел болашағы – білімді ұрпақта» деген қағиданың жарқын көрінісі. Ұстаз еңбегі шәкірт жүрегінде жалғасады. Ал шәкірттің жетістігі – ұстаз еңбегінің ең биік марапаты.

Мерейлі 80 жасыңыз құтты болсын, қадірлі Шалқыма Хайроллақызы!

Ұлағатты ғұмырыңыз бен өнегелі жолыңыз кейінгі ұрпаққа мәңгілік үлгі болсын!

Ұлағатты ұстаз – талантты басшы



Шолпан Сағатқызы НАБИДОЛЛИНА,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледждің ардагер-ұстазы,
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің қауымдастырылған профессоры.
Орал қаласы

Құрманалина Шалқыма Хайроллақызы – Қазақстан Республикасының қоғам қайраткері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық білім беруді ақпараттандыру академиясының және Қазақстан педагогика ғылымдары академиясының академигі. Батыс Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының «Аналар кеңесінің» төрағасы, «Ел Анасы» атағының иегері.

Шалқыма Хайроллақызы көп жылдар бойы Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжінің директоры, «Білім» бейіні бойынша базалық оқу-әдістемелік бірлестіктің төрағасы, Батыс Қазақстан облысы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары директорлары кеңесінің төрағасы қызметтерін абыроймен атқарды.

Мен педагогикалық колледжде 20 жыл бойы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқардым. Осы жылдар ішінде Шалқыма Хайроллақызының жаңашыл көзқарасына, ғалым ретіндегі кәсіби шеберлігіне және талантты басшы ретіндегі ұйымдастырушылық қабілетіне куә болдым.

Шалқыма Хайроллақызы 1946 жылғы 6 қазанда Ақтөбе облысына қарасты Октябрь ауданындағы Жұрын ауылында дүниеге келген. 1970 жылы А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын «Физика және еңбек» мамандығы бойынша тәмамдап, Орал педагогикалық училищесінде еңбек жолын бастады.

Еңбек жолын лаборант қызметінен бастаған Шалқыма Хайроллақызы 1981-1991 жылдары Орал педагогикалық училищесінде оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі директордың орынбасары қызметін атқарды. 1992 жылдан бастап директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалды.

1994 жылдан бастап Шалқыма Хайроллақызы Қ. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледждің директоры қызметіне тағайындалып, ширек ғасырға жуық уақыт бойы педагогикалық колледждің беделін арттыруға, оның даму бағытын айқындауға және білім беру сапасын жетілдіруге зор еңбек сіңірді. Оның бұл еңбегі республикалық педагогикалық қауымдастыққа кеңінен танымал.

Басшылық қызметіне кіріскен кезеңнен бастап Шалқыма Хайроллақызы колледжді дамытудың тұжырымдамасы мен стратегиялық жоспарын әзірлеуге басымдық берді.

Колледждің материалдық-техникалық базасы жаңартылып, әдістемелік кабинеттер мен зертханалар заманауи талаптарға сай жабдықталды. Басқару ісіне ғылыми негізделген менеджмент қағидаттары енгізілді.

Оқу орнының материалдық ресурстарын жаңа талаптарға сәйкес жаңарту, сондай-ақ педагогтердің ғылыми әлеуетін арттыру және кәсіби дамуын қолдау жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылды.

1999 жылдан бастап колледжде ақпараттық-коммуникациялық орталық, электрондық оқу залы, компьютерлік техника паркі және теледидар арқылы оқыту жүйесі қалыптасты.

2000 жылы Батыс Қазақстан облысындағы колледждер арасында алғашқы ақпараттық білім беру орталығы ашылып, оқу үдерісінде 222 компьютер, 2 жылжымалы компьютер сыныбы, 7 мультимедиялық проектор, 6 интерактивті проектор, интерактивті тақталар, жылжымалы экрандар және Work-Center шағын типографиясы пайдаланылды.

Колледждің компьютерлік базасының жоғары деңгейде жабдықталуына байланысты сол кезеңдегі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі К.Е. Көшербаев, Білім және ғылым министрлігінің техникалық және кәсіптік білім беру департаментінің басшылары К.А. Лекер мен Қ.Қ. Бөрібеков, Батыс Қазақстан облысының әкімдері Н.А. Ногаев пен А.С. Көлгінов, Батыс Қазақстан облысы білім беру басқармасының басшылары К.Е. Қасымбеков пен М.Л. Тоғжанов колледждің

материалдық-техникалық базасымен танысып, оқу орнына қолдау көрсетті және колледж директоры Шалқыма Хайроллақызының жоғары ұйымдастырушылық қабілетіне оң баға берді.

Колледж оқытушыларының біліктілігін арттыру мақсатында арнайы курстар ұйымдастырылды. Нәтижесінде оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, жобалап оқыту, интерактивті, қашықтан оқыту, модульдік оқыту, ойын, дамыта оқыту, деңгейлеп және саралап оқыту технологияларын тиімді қолдануға қажетті жағдайлар жасалды.

Сол кезеңде колледж ұжымында Қазақстан Республикасы білім беру ісінің 25 озаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген 1 қызметкері, педагогика ғылымдарының 4 кандидаты, 4 магистр, жоғары санатты 38 және бірінші санатты 26 оқытушы еңбек етті.

Шалқыма Хайроллақызы Батыс Қазақстан облысы техникалық және кәсіптік білім беру басшылары кеңесінің төрағасы қызметін атқарып, еліміздің техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамытуға елеулі үлес қосты.

Құрманалина Шалқыма Хайроллақызы Батыс Қазақстан өңіріндегі ғана емес, республика көлеміндегі білім беру жүйесін жаңғыртуға да өзіндік үлесін қосты. Атап айтқанда, мемлекеттік тілде техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша білім беру стандарттары мен үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеуге, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды шығаруға ғылыми тұрғыдан атсалысты.

Батыс Қазақстан облысы техникалық және кәсіптік білім беру қызметкерлерінің жарық көрген еңбектерінен құралған көрме Қазақстан Республикасы Парламентінің тыңдауында таныстырылып, жоғары бағаланды.

Құрманалина Шалқыма Хайроллақызы 1996 жылы «Колледж жағдайында бастауыш сынып оқушыларын даярлаудың дидактикалық негіздері» тақырыбында кандидаттық диссертациясын, ал 2002 жылы «Білімді ақпараттандыру жағдайында электронды-әдістемелік жүйені құрудың әдіснамасы мен технологиясы» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады. Ғалымның 4 монографиясы, 50 жарияланымы және 100-ден астам ғылыми еңбегі жарық көрген.

Колледжде ғылыми мектеп қалыптастырылып, оның аясында педагогтердің біліктілігін арттыруға, кәсіби құзыреттілігін дамытуға және функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған ғылыми-практикалық семинарлар мен шеберлік сыныптары ұйымдастырылды.

Шалқыма Хайроллақызы әзірлеген электрондық-әдістемелік жүйені құрудың әдіснамасы мен технологиясы негізінде колледждің барлық кафедраларында арнайы пәндер бойынша авторлық электрондық-әдістемелік жүйелер әзірленіп, оқу үдерісіне енгізілді.

Он бағыт бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары ұйымдастырылды. Оқытушылар Ш.С. Набидоллина, Г.З. Хамитова, К.У. Жақыпова, Г.С. Ғаббасова, А. Искалиева, С.С. Бекенова, Г.А. Жолдасова Ы. Алтынсарин атындағы Білім академиясы жанындағы аспирантураға түсіп, зерттеуші мәртебесіне ие болды. Арнайы пәндер бойынша электрондық-әдістемелік жүйелер әзірленіп, оқу үдерісіне енгізілді.

Жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 2007 жылы Г.З. Хамитова «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін электронды әдістемелік жүйе жағдайында оқушылардың экономикалық білімін қалыптастыруға дайындау» тақырыбында, ал 2010 жылы Ш.С. Набидоллина «Электрондық әдістемелік жүйе жағдайында студенттердің АКТ құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында кандидаттық диссертацияларын қорғады. Сонымен қатар А.Б. Искалиева, Г.А. Жолдасова, Г.Т. Жолдасова, А.Н. Мухсинова және А.М. Сагидуллина магистрлік диссертацияларын сәтті қорғады.

Жүйелі ұйымдастырылған ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде колледжде тарихи қалыптасқан «Бастауыш білім беру» және «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандықтарымен қатар «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Шетел тілі», «Бейнелеу өнері және сызу», «Технология», «Дене шынықтыру», «Музыкалық білім беру», «Кәсіптік білім беру», «Туризм», «Ақпараттық жүйелер» бағыттары бойынша мамандар даярлау үшін лицензиялар алынып, жаңа білім беру бағыттары ашылды.

Құрманалина Шалқыма Хайроллақызы колледжді басқарған кезеңде оқу орнын дамытудың тұжырымдамасы мен бағдарламасы, сондай-ақ стратегиялық жоспарлары ғылыми негізде әзірленіп, жүйелі түрде іске асырылды. Студенттердің тұлғалық дамуына және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруына қажетті жағдайлар жасалып, колледж түлектерінің еңбек нарығындағы сұранысы артты.

Құрметті Шалқыма Хайроллақызы! Мерейтойыңыз құтты болсын!

Ұстаздық жолыңыз – ұрпаққа өнеге,
Ғылыми еңбегіңіз – елге мұра,
Мыңдаған шәкірттеріңізден көрген қуанышыңыз бен құрметіңіз арта берсін!

Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, бақ-береке тілейміз!

Ұрпақтарыңыздың қызығын көріп, мерейіңіз үстем болсын!

С благодарностью за каждый день: руководителю, наставнику, лидеру



Гулбара Гайноллаевна ЖУМАЛИЕВА, заслуженный ветеран-преподаватель высшего педагогического колледжа имени Ж. Досмухамедова г. Уральск

Руководить людьми – это профессия, а вести за собой сердца-это призвание. Сегодня, в день юбилея Шалкымы Хайроллаевны Курманалиной, мне хочется пролистать страницы нашей общей истории, которая немыслима без ее мудрости и энергии. Память – это наша связь с прошлым. Столько воспоминаний хранится в ней. После окончания Чимкентского педагогического института культуры имени аль-Фараби, в августе 1977 года, я пришла работать преподавателем методики преподавания музыки в школе, индивидуального обучения игре на фортепиано, концертмейстером, в тогда еще Уральское педагогическое училище. 40 лет я проработала, а вернее сказать, прожила в богатом многолетней историей и традициями, педагогическом коллективе старейшего в республике учебного заведения. Это были прекрасные годы становления, формирования меня как личности, как педагога, в котором важную роль сыграла Шалкыма Хайроллаевна. Многие годы я работала заведующей кафедрой музыки, в 2005 году была назначена заместителем директора по воспитательной работе, а в 2009 году и до ухода на заслуженный отдых, в 2017 году, работала заместителем директора по социальным вопросам. Наибольшего развития и расцвета за более чем 100-летнюю историю, колледж достиг в годы руководства колледжем Курманалиной Шалкымы Хайроллаевны – ученого, академика, известного общественного деятеля, учителя Учителей. Все инновации, передовые технологии в области профессионального образования внедрялись Шалкымой Хайроллаевной. Иногда, поставленные ей задачи казались невыполнимыми. Но нас всегда вдохновляло в ней профессиональное стратегическое видение и умение вести за собой коллектив, умение раскрывать потенциал каждого сотрудника и создавать в коллективе атмосферу доверия! Шалкыма Хайроллаевна сплотила коллектив своей верой в успех, верой в свое дело-воспитание будущих учителей,верой в будущее колледжа. Она создала коллектив единомышленников. Без этой веры колледж не достиг бы тех успехов, к которым стремился! Под руководством Курманалиной Ш.Х. колледж неоднократно признавали лучшим колледжем в области и республике, служившим ориентиром для педагогических колледжей республики. Преподаватели писали учебные программы, учебники и методические пособия, электронные учебники для педагогических колледжей республики. Мной были написаны учебные программы по музыкальным предметам, учебник «Теория и методика музыкального воспитания». Что немаловажно, в работе руководителя учебного заведения, начинала наш директор работу в педагогическом училище в качестве лаборанта, затем преподавателя, методиста, была заместителем директора по производственной и учебной работе, хорошо знала школы и детские дошкольные учреждения города и области, где наши студенты проходили производственную практику. Поэтому вникала и знала изнутри работу каждого подразделения колледжа. Шалкыма Хайроллаевна – творческий человек, именно творческое начало сквозило во всех направлениях ее работы руководителя. Однажды на творческой выставке работ проеподавателей и студентов кафедры технологии, меня удивило, что она помнит, какие работы были на прошлых выставках и отметила все новые творческие работы. Я в колледже занималась многими видами деятельности, но самой любимой была творческая работа-написание сценариев, подбор и подготовка репертуара художественных коллективов и солистов, режиссирование концертов и мероприятий, многочисленные репетиции. Мы проводили много концертов и мероприятий в колледже, на больших концертных площадках в рамках города, области, республиканские мероприятия. Шалкыма Хайроллаевна вникала во все детали подготовки: утверждала сценарии, ведущих, приобретала костюмы, всегда интересовалась ходом подготовки, репетиций. И что очень немаловажно, проводила анализ проведенных мероприятий, всегда поощряла хорошие выступления художественных коллективов, студентов, руководителей, что несомненно было вдохновляющим моментом для последующей творческой работы. Идут годы, меняются формы и методы обучения, внедряются новые технологии, но успех любого учреждения определяет сохранение традиций, преемственность поколений. Большим примером

для коллектива, для молодежи, было трепетное, уважительное и теплое отношение Шалкымы Хайроллаевны к ветеранам педагогического труда, проработавшим в колледже многие годы, их участие в жизни колледжа, встречи с коллективом, студентами. Также при колледже функционировал городской клуб «Преемственность поколений», обьединявший ветеранов войны и труда г. Уральска. Встречи, помощь ветеранам, передача знаний, опыта, традиций, ценностей от старшего поколения, связь прошлого, настоящего и будущего – имела большое воспитательное значение для молодого поколения. Все годы работы я была помощником Шалкымы Хайроллаевны в ее большой общественной деятельности – депутата городского маслихата четырех созывов, руководителя Совета матерей в ЗКО филиале Ассамблеи народа Казахстана, где наблюдала взаимоотношения с людьми, приходящими к ней на прием, ее искреннее желание помочь им в различных жизненных ситуациях. В многолетней работе руководителя коллектива, педагогической, общественной деятельности Шалкымы Хайроллаевны, красной нитью проходит главная цель и желание помочь: коллегам – в совершенствовании профессией, студентам – обретении знаний и призвания, и всем людям – в благополучии и душевной гармонии. Дорогая Шалкыма Хайроллаевна, Ваш профессионализм и мудрость, умение вести за собой Ваших единомышленников, всегда служили для нас неизменным ориентиром. Желаю Вам в день Вашего юбилея крепкого здоровья, неиссякаемой энергии. Пусть жизненные силы и бодрость духа никогда не покидают Вас, а каждый Ваш день будет светлым, приносит Вам радость, благополучие и счастье, вдохновение, и новые поводы для гордости! Пусть в Вашем доме царят уют, гармония и Любовь!

Ұстаздардың ұстазы



Мұхамбет Сұпығалиұлы МҰҚАШЕВ,
ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері,
Ы. Алтынсарин төсбелгісінің иегері.

«Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен. Мұның табылмақтығына себепкер – әуелі хауас сәлим һәм тән саулық. Бұлар туысынан болады, қалмыс өзгелерінің бәрі жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады».
Абай (38-қара сөзінен)

«Сенде бір кірпіш дүниеге, тетігін тап та бар қалан» деген Абайдың екі-ақ жол өлеңі барлық адамзатқа өмірлік жол сілтеп тұрғандай. Шалқыма Хайроллақызы осы даналықтың жолын адаспай тауып, білім ордасының іргетасына мықты кірпіш болып қаланған тұлға. Оның өмір жолы мен мақсатқа жету өнегесі кейінгі ұрпаққа әрқашан үлгі.

Батыс өңіріндегі тарихы терең, Алаш қайраткерлерінің ізі қалған киелі білім ордасына ол кісі 1977 жылы лаборант болып жұмысқа келіп, қажырлы еңбегі мен ерекше білімдарлығының арқасында директор, педагогика ғылымдарының докторы мәртебесіне дейін көтерілді.

Шалқыма Хайроллақызы бұл жолда тек өз мансабы үшін ғана емес, өзі басқарған оқу орнын республика деңгейінде мәшһүр етіп, қаншама әріптесінің биіктен көрінуіне септігін тигізді. «Бастауыш білім беру мұғалімі» және «Дене тәрбиесі мұғалімі» мамандықтары бойынша Республикалық әдістемелік орталық ашты. Нәтижесінде Оқу-ағарту министрлігі маңызды мәселелер бойынша бұл ұжыммен ақылдасып, ұсыныстар сұрайтын болды.

Көптеген оқытушының оқу-әдістемелік құралдар мен оқулықтар жазып, автор атануына жағдай жасап, әдістемелік қолдау көрсетті. Соның ішінде мен де авторлық топтың мүшесі ретінде колледж студенттері мен оқытушыларына арналған «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» оқулығын жарыққа шығардық.

Колледждің Батыс Алашорданың көсемі болған Жаханша Досмұхамедовтың есімін иеленуі, оқу ғимараты орналасқан көшенің қайраткер атымен аталуы және ғимарат алдына ескерткіш орнатылуы – оның еліміздің тарихына деген терең құрметі мен перзенттік борышының көрінісі еді.

Шалқыма Хайроллақызы колледжге келген жас

мамандарға психологиялық, педагогикалық үлкен қолдау көрсететін, жол сілтейтін, өздерін көрсетуге мүмкіндіктер беретін. Колледжде қызмет істейтін кіші қызметкерлерді ерекше құрметтеп, студенттердің білім алуына, педагогтардың жұмыс істеуіне қолайлы санитарлық орта қалыптастырып жүргендіктерін айтып, үнемі әлеуметтік көмек көрсетіп отыратын.

1997 жылы Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледждің «Технология және бейнелеу өнері» кафедрасына бейнелеу өнері, еңбекке баулу және сызу пәндерінің оқытушысы ретінде қабылдандым. Осылайша «Ұстаздардың ұстазы», бүгінде «Ел анасы» атанған ұлағатты тұлға Шалқыма Хайроллақызының үлкендік қамқорлығы мен тәлімінің аясына қадам бастым.

Киелі шаңырақтағы алғашқы еңбек еткен күндерімнің бірінде апай шақырып:

– Мұхамбет, сенің қолыңның өнері бар екенін білемін. Сондықтан саған қоғамдық жұмыс ретінде бір тапсырма бергім келіп отыр. Оқытушылар үзіліс кезінде тынығып, келесі сабақтарына дайындалатын бөлме жоспарлап едім, сол жерге жөндеу жұмыстарын жүргізіп, заманауи талаптарға сай безендіріп берсең, - деді. Мен қуана келісіп, жұмысқа кірісіп кеттім.

Жұмыс сабақтан тыс уақытта жүргізіліп, арасында апай өзі келіп қадағалап жүрді. Істі сәтті аяқтап тапсырған кезде ол кісі ризашылығын білдірді. Бұл – менің ұжымға сіңісіп кеттім деп айтуға болатын алғашқы қадамдарым еді. Көп ұзамай түрлі мәдени, спорттық және қоғамдық іс-шараларға да белсене араласа бастадым.

1999 жылы «Технология және бейнелеу өнері» кафедрасының меңгерушісі қызметіне тағайындалдым. Ол кезде кафедрада Қ.Ш. Давлетова, В.В. Зеленцов, М.Н. Сүлейменов, Т.Ө. Маденова, О.С. Матвеева сынды тәжірибелі ұстаздар мен бірнеше жас маман еңбек ететін.

Шалқыма Хайроллақызы жаңа қызметке кірісіп, жұмысымды жүйелі жолға қоюыма үлкен тәлімгерлік қолдау көрсетті. Кафедра жұмысын жоспарлау, оны жүзеге асыру, оқытушылардың тәжірибесін тарату, жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету, студенттердің оқу-тәрбие үдерісі мен шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру бағытында бағыт-бағдар берді.

Нәтижесінде кафедра оқытушылары ашық сабақтар өткізіп, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысты. Студенттердің шығармашылық көрмелері ұйымдастырылып, оқу ғимаратының сыртқы қасбеті, интерьері мен оқу бөлмелері мерекелерге сай безендірілді.

2002 жылы Алматы қаласында өткен Қазақстан педагогтерінің съезіне Шалқыма Хайроллақызы делегат ретінде қатысатын болды. Сол сапарда кафедра оқытушыларының бірнеше шығармашылық жұмысын бірге апаруым үшін маған да іссапар ұйымдастырды. Бұл туындылар Ы. Алтынсарин атындағы Ұстаздар үйінде көрмеге қойылды. Бұл оқиға ұжымның мерейін өсіріп, шығармашылыққа деген құлшынысын тағы бір сатыға көтерді.

Сол жылдары Шалқыма Хайроллақызы технология мамандығы студенттерінің дипломдық жұмыстарының сапасын арттыру талабын қойды. Нәтижесінде колледжде алғаш рет оқытушылардың жетекшілігімен ірі көлемді гобелен, коллаж, кескіндеме техникасында және ұлттық нақышта орындалған сүбелі туындылар жасалды. Бұл жұмыстар бүгінгі күнге дейін колледждің жатақханасы мен оқу ғимараттарының интерьерін көркемдеп тұр. Сондай-ақ республикалық, облыстық және қалалық көрмелерге қойылып, жоғары баға алды.

Күндердің күнінде Шалқыма Хайроллақызы қабылдауына шақырып, жұмысымның барысын сұрады да:

– Мұхамбет, мен сені директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары лауазымына тағайындағалы отырмын, - деді.

Мен абдырап қалып:

– Жоқ, апай, бұл үлкен жауапкершілік қой, алып жүру қиын болар, - деп едім, ол кісі жүзін қатайтып, даусын салмақтай түсіп:

– Мен сенен «істейсің бе?» деп сұрап тұрған жоқпын, - деді. Артынша жылы қабақ танытып: – Қорықпа, бұл лауазымда өзім оншақты жыл жұмыс істедім, бәрін жүйеге салдым, өзім де көмектесемін, - деп сенім білдірді.

Бұл жұмысты жаңа бастаған кезімде Шалқыма Хайроллақызы ең алдымен жұмыс оқу бағдарламасымен қалай жұмыс істеу керегін, ондағы практика сағаттарынан әдіскерлер мен мектептегі жетекшілердің жүктемесін есептеп шығару әдістемесін тәптіштеп түсіндірді. Практика жоспары мен кестесін құру, оны қадағалау, нәтижесін зерделеу, базада кіші педагогикалық кеңестер мен қорытынды конференциялар ұйымдастыру методологиясын үйретті. Бұл міндеттерді кейін өз бетіммен атқарып кетуіме үлкен мектеп болды.

Шалқыма Хайроллақызы әдіскерлерді дайындауға және тағайындауға ерекше мән беретін. Әр маманның өз пәні бойынша теориялық білімін тәжірибемен ұштастыру үдерісін жіті зерттеп, нәтижесін қатаң қадағалайтын. Тек жоғары нәтиже көрсеткен маманға ғана жеке әдістеме жүктемесін сеніп тапсыратын. Әдістемеден дәріс берген сол маман міндетті түрде мектептегі байқау және диплом алды практикасына жетекшілік етуі тиіс болатын. Өйткені әр практикадан кейінгі кіші педкеңесте әдіскердің де жұмысының нәтижесі көрінетіні анық. Бұл әр мамандардың кәсіби және

тұлғалық жауапкершілігін арттыратынын ол кісі үнемі айтып отыратын.

Сондай-ақ тәлімгер басшы кәсіби білімімді жетілдіріп, мол тәжірибе жинақтауыма жағдай жасап, Алматы, Астана, Қарағанды, Ақтау қалаларында өткен біліктілік арттыру курстарына қатысуыма әрдайым қолдау көрсетті. Осылайша колледждің басты миссиясын жүзеге асыруға оқу-өндірістік бөлім де өз үлесін қосып келеді.

Студенттердің теориялық білімін практикамен ұштастыру арқылы кәсіби құзыретті, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтар негізінде тұлғасы қалыптасқан, цифрлық кеңістікте еркін сезінетін мамандар дайындауда бірқатар маңызды жұмыстар атқарылуда.

Практика бөлімінің ұйымдастыруымен педагогикалық мамандықтарды кеңінен насихаттау, талапкерлердің қызығушылығын арттыру және мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру мақсатында 5 аудан мен 2 қаланың мектептерінде «Педагогикалық сыныптар» жұмысы жолға қойылды. Түлектермен тығыз байланыс орнатып, олардың кәсіби өсуіне қолдау көрсету үшін «Түлектер ассоциациясы» құрылып, бірнеше рет ауқымды форумдар ұйымдастырылды.

Әлеуметтік серіктестік келісімшарттары негізінде жұмыс істейтін практика базаларындағы тәжірибелі әдіскерлердің жұмысын жас мамандар мен студенттерге үлгі ету мақсатында «Тәжірибелі әдіскерлер мектебі» өз жұмысын бастады. Осындай ауқымды істердің барлығының түп төркінінде Шалқыма Хайроллақызының салған сара жолы мен қажырлы еңбегі жатыр деп ойлаймын.

Сөйтіп, 2006 жылдан бастап осы жауапты қызметте 19 жыл бойы, зейнеткерлік жасыма келгенге дейін адал еңбек еттім. Шалқыма Хайроллақызы білім беру саласындағы еңбегімді жоғары бағалап, 2004 жылы «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері», 2013 жылы «Ы. Алтынсарин» төсбелгілерімен марапаттады.

Ардақты Шалқыма Хайроллақызы! Отбасыңыздың берекесі мен ырысы шалқып, қоғамдағы өзекті мәселелердің шешілуіне әрдайым атсалысып, абыройыңыз асқақтай берсін. Аман-есен ортамызда жүре беріңіз!

Ұстаздық жолдағы жарқын із



Роза Әжімұратқызы СҮЛЕЙМЕНОВА,
ҚР білім беру ісінің озық қызметкері»,
«Ерен еңбегі үшін» төс белгісінің,
«Үздік музыка мұғалімі»,
«Өнерге қосқан үлесі» белгілерінің иегері,
сазгер, зейнеткер ұстаз, музыка пәнін
оқыту әдістемесі оқулығының авторы.
Орал қаласы

Мен Орал педагогикалық училищесіне 1971 жылы музыка пәнінің оқытушысы болып жұмысқа келгенде Шалқыма Хайроллақызы педучилищеде жұмыс жасағаны туралы тек жақсы пікірлер естідім. Бірақ ол кезде ол жолдасымен әскери қызмет бабымен Улан-Удэде болған еді. Ал 1972 жылы сол әскери қызметтері біткен соң Шалқыма Хайроллақызы қайтып училищеге келді. Сол кезден бастап күні бүгінге дейін арамыз суымай жанұямызбен араласып, әріптес болып, өте жақсы қарым-қатынаста бүкіл өміріміз сыйластықпен, достықпен, әріптестікпен келе жатырмыз.

Шалқыма Хайроллақызына сол 1972 жылы физика бірлестігін де лаборант болып еңбек жолын бастады. Өзінің білімділігімен, іскерлігімен алға қарай мақсат қойып, сол мақсатқа жетуге деген талпыныс, ұмтылысының арқасында Орал педагогикалық институтының ОГД факультетін еңбектен қол үзбей жүріп бітіріп шыққан. Сол кезден бастап Шалқыма Хайроллақызының ұстаздық жолы шарықтай бастады деуге болады. Педучилищеден облыстық білім жетілдіру институтына ауысып, бастауыш сыныптарды оқыту мен әдістемесі бөлімін басқарып, 2-3 жылдай облыс мектептеріндегі бастауыш білім беру деңгейін көтеру мақсатында өзіндік әдістерімен мұғалімдердің білімдерін же-

тілдіруде көптеген семинарлар, конференциялар ұйымдастырып, тынымсыз еңбек етті.Осы білім жетілдіру институтында еңбек еткен кездерден өзінің педагогикалқы іс-тәжірибесін жетілдіріп, мектептермен тығыз байланыстың арқасында білім беруде озық нәтижелерге жету үшін қандай әдіс-тәсілдерді меңгеру керектігін өзінің көрегендігі мен іскерлігінің арқасында, табандылықпен жүзеге асыру үшін тыңбай ізденіп, өзін-өзі толықтырып отырды. Сол институтта 2-3 жыл қызметтен кейін өзі істеген педагогикалық училищеге қайта келіп, мектептер де машық өткізу бөлімінің басшысы болып орналасты.

Педучилище шәкірттері машық өтетін кездерін тиімді жоғары деңгейде өткізу үшін Шалқыма Хайроллақызы қазақ топтарын аудандағы орта мектептерде өткізуді ұйымдастырды. Себебі қалада бастауыш сыныптары бар қазақ мектептері жоқтың қасы еді. Сондықтан, Жымпиты орта мектебімен, қасындағы жақын орналасқан совхоздың орта мектебіне 2 топты машық өткізуге пән мұғалімдерімен бірге алдын-ала аудандық оқу бөлімінің келісімімен арнайы автобуспен баратын едік. Машық өткізуге училищеде мұғалімдер мен шәкірттер ерекше тыңғылықты дайындалатынбыз. Ол кезде дайын көрнекі құралдар, қазіргідей компьютерлер, тағы басқа озық технологиялар әрине жоқ. Ал студенттер сол көрнекі құралдарды алдын-ала жасақтап, плакаттар жазып, сызбалар, кестелер, үлестірмелі карталар, суреттер, әндердің текстерін, ережелерді, бәрін қолдан жасақтайтын.

Шалқыма Хайроллақызы практика саласына көптеген жаңалықтар енгізді. Осы практикадан бастау алған Шалқыма Хайроллақызының шығармашылық, педагогикалық шеберліктері, идеялары, тек өзінің ғана емес педагогикалық колледждің көптеген мұғалімдерінің өз пәндері бойынша талмай ізденіп, көп жылғы еңбектерінің нәтижелерін, іс-тәжірибелерін, әдіс-тәсілдерін жинақтап оқулықтар жазуларына итермеледі. Шалқыма Хайроллақызының басшылығымен колледждің 20 шақты мұғалімдері өз пәндері бойынша оқу-әдістемелік оқулықтар жазып, 2007-2008 жылдары республикалық «Фолиант» баспасынан басылып шықты. Колледжде өтетін барлық пәндер бойынша ұстаздар республика көлемінде қолданылатын стандарттар мен бағдарламалардың авторы болып құрастырып жазып шықты. Осының бәрі Шалқыма Хайроллақызының ұйымдастыруымен, талапшылдылығымен, бір орында қалмай үнемі алға қарай ұмтылып, жаңашыл бастамаларды жүзеге асыру бағытындағы еңбегінің арқасы еді. Осы еңбекқорлығы, тыңбай ізденгіштігі, заман талабына сай педагогика оқыту саласындағы өзгерістер мен озық технологияларды тиімді қолдануы, теория мен практиканы жетік білетін қырағылығы мен іскерлігі нәтижесінде жоғары жетістіктерге жете алды. 1994 жылдан бастап Шалқыма Хайроллақызы колледж басшылығын қолына алды. Шалқыма Хайроллақызы тек оқыту мен білім берудегі ұшан теңіз тәжірибесімен қатар, тәрбие жұмысының өте жоғарғы деңгейде өтуіне ерекше көңіл аударды. Колледжде алуан түрлі тәрбиелік іс-шараларды өткізудің тақырыбында, жоспарында да алдымен өзінің ақылымен, идеясымен ортаға салып, ой елегінен өткізіп, сол іс шаралардың жоғарғы деңгейде өтуін қадағалап отырды. Біздің колледжде Шалқыма Хайроллақызының бастамасымен талай облыстық, республикалық қайырымдылық акциялары, қаланың әлеуметтік, саяси-мерекелік, салт-дәстүрлік тақырыптарда айтулы іс-шаралар өткізілуіне ерекше көңіл бөлінді.

Шалқыма Хайроллақызы туралы маған үлкен роман жазуыма болады. Ол өнегелі отбасының отанасы, іскер басшы, жоғары деңгейлі білімді ғалым, профессор, академик, атақтарына сай ұлағатты ұстаз. Ол кісіге қандай атақта жарасады. Соның бәрі өзінің тыңбай ізденіп, өзін-өзі жетілдіруінің, еңбекқорлығының арқасы.

Шалқыма Хайроллақызын мерейлі 80 жасымен шын жүрегіммен құттықтаймын.

Ұстазым, әріптесім, басшым



Әбила Өтепқалиқызы ГАЛИМОВА,
Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі, педагогика пәнінің тәжірибелі ұстаз-әдіскері.
Орал қаласы

Парасат-пайымы терең, мінезге бай, ойласа – ойдың төрінен, сөйлесе – сөздің өрінен көрінер Шалқыма Хайроллақызы мерейлі жасын аман-есен қарсы алып отыр. Осындай айтулы сәтте ұстазым, әріптесім, басшым туралы айтар жүрекжарды сөздерім көп.

Әріден қозғасам, Шалқыма Хайроллақызымен 1983 жылдан бастап бірге еңбек еттік. Мен сол

жылдан Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжде педагогика пәнінің оқытушысы болып жұмыс істеп, кейін педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі қызметін 2012 оқу жылына дейін атқардым. Осы жылдар ішінде Шалқыма Хайроллақызымен қоян-қолтық еңбек етіп, оның басшылық және ұстаздық болмысына жақыннан куә болдым.

Жүз жылдан астам тарихы бар қара шаңырақ – республикаға кеңінен танымал Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледж бүгінде алдыңғы қатарлы білім ордаларының біріне айналды. Аталған оқу орны егемен еліміздің білім беру саласын дамытуға, білікті педагог кадрларды даярлауға елеулі үлес қосып келеді. Оның осындай биік деңгейге көтерілуінде оқу орнын ұзақ жылдар басқарған білікті басшы, ғалым Шалқыма Хайроллақызы Құрманалинаның еңбегі айрықша.

1913 жылдан бастау алатын колледж тарихында қаншама тұлғалардың есімдері хатталып, олардың өнегелі істері кейінгі ұрпаққа үлгі болып жетті. Сондай ірі тұлғалардың бірі әрі бірегейі – қоғам қайраткері, педагогика ардагері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, 1994-2018 жылдары Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледждің директоры болған Шалқыма Құрманалина.

Білім ордасының беделін арттырып, атақ-даңқын асқақтатуда оның басшысының орны ерекше. Шалқыма Хайроллақызы – білім ордасының бағыт-бағдарын айқындайтын, ұжымның ақылшысы бола білетін, туындаған мәселені дер кезінде шешіп, өзгелерді де ортақ іске жұмылдыра алатын іскер ұйымдастырушы басшы болды.

Білімі терең, қызметкерлерінің іскерлік қабілетін дәл танып, қажет кезінде көмек көрсете білетін, тіпті колледж білім алушыларының қабілеті мен мінез-құлқына, отбасылық жағдайына дейін назар аударуға ұмтылатын басшы – білім ордасының бақыты. Шалқыма Хайроллақызының басшылық болмысынан осындай қасиеттер анық көрінетін.

Ұстаз-ғалым оқу орнын өркендетуге бағытталған көптеген келелі істерді жүзеге асырды. Шалқыма Хайроллақызы басқарған жылдары оқу орны білім сапасын арттыруда, ғылыми зерттеулерді, әсіресе педагогика ғылымы саласындағы ізденістерді дамытуда, тәрбие жұмысының тиімділігін көтеруде және колледждің материалдық-техникалық базасын нығайтуда елеулі табыстарға жетті.

Білім ордасы еліміздегі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының арасында жоғары білікті педагог мамандар даярлайтын, үлгілік оқу бағдарламаларын, соған сәйкес оқулықтар мен оқу-әдістемелік еңбектер әзірлейтін жетекші оқу орындарының біріне айналды. Жаңа мамандықтардың ашылуына байланысты білім алушылар саны да жылдан-жылға арта түсті. Колледжде жаңа үлгідегі лингафон кабинеттері, есептеу техникасы зертханасы ашылып, заманауи техникалық оқу құрал-жабдықтары алынды.

Шалқыма Хайроллақызы директорлық қызметтегі сан-салалы ұйымдастырушылық жұмыстарды атқара жүріп, педагогикалық мамандықтарға арналған оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен ғылыми-әдістемелік еңбектер жазуға да уақыт тапты. Мәселен, педагогикалық мамандықтарда білім алушыларға арналған «Педагогика» оқулығы алғаш рет 2007 жылы жарық көріп, кейін бірнеше рет қайта басылды. Сонымен қатар ол – 4 монографияның, 26 ғылыми еңбектің, көптеген жарияланымдардың, оқулықтар мен оқу құралдарының, 11 педагогикалық мамандық бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының, білім берудің өзекті мәселелеріне арналған 35 мақаланың және басқа да ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы.

Сонымен қатар ғалым педагогика, психология кафедрасына ғылыми жетекшілік жасап, көптеген ғылыми жұмыстардың жарық көруіне себепші болды. Кафедра ғылыми және практикалық тұрғыдан үлкен дамуға қол жеткізді. Шалқыма Хайроллақызы оқу-тәрбие процесінің барлық бастамалары мен өзгерістеріне белсенді қатысып, жас және жаңадан жұмысқа қабылданған педагогтардың кәсіби өсуіне көп күш жұмсады. Ғылыми жетекші ретінде колледж мұғалімінің келбетіне қойылатын талаптарға сүйене отырып, оның құрамын қалыптастырды.

Мен ұстаздық еткен жылдары елімізде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің мазмұнын жаңғыртуға ерекше мән берілді. Осы бағыттағы кафедраның оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстары Ш.Х. Құрманалинаның ғылыми жетекшілігімен әрі тікелей қатысуымен жүзеге асырылды.

Колледждің ардагер ұстазы ретінде айтарым, біз мыңдаған мұғалім даярлап қана қоймай, өзіміздің ізімізді жалғастыратын лайықты ізбасарларымызды қалыптастыра алғанымызды мақтан тұтамын. Педагогика және психология кафедрасында Р.К. Ильясова, С.Г. Губашева, Г.С. Нұрашева, Ж.М. Сахипова, Л.С. Есенова, А.Ж. Отарбай, Р.М. Ғалымова, В.А. Дәулетова сияқты білікті оқытушылардан тұратын кәсіби орта қалыптасты.

Олар педагогикалық тәжірибемен ғана шектелмей, оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстарға белсене араласып, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеуге атсалысты. Осылайша Шалқыма Хайроллақызы қалыптастырған ғылыми-әдістемелік бағыт

кейінгі буын ұстаздардың еңбегінде өз жалғасын тапты.

Шалқыма Хайроллақызы директорлық қызмет атқарған жылдары Батыс Қазақстан облысының қоғамдық-саяси және мәдени дамуына да зор үлес қосты. 1999-2012 жылдар аралығында Орал қалалық мәслихатының депутаты ретінде білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік мәселелерді шешуге белсене араласып, көптеген игілікті істердің жүзеге асуына ықпал етті.

Шалқыма Хайроллақызы әділ басшы ретінде қарамағындағы әр қызметкердің еңбегін бағалай білетін. Менің де кәсіби еңбегімнің еленіп, түрлі марапаттарға ие болуыма басшы ретінде қолдау көрсетті. 1991 жылы «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен, 2004 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесім үшін Алғысымен, 2008 жылы Батыс Қазақстан өңірінің өнегелі ұрпағын, білімді азаматтарын тәрбиелеу жолындағы еңбегім үшін облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталдым.

Шалқыма Хайроллақызының өтірік көлгірсуді білмейтін тік мінезі бар. Осы қасиеті бізге де үлгі болды. Ойы да, бойы да биік, сөзі де, ісі де ірі. Өте талапшыл. Басшымыздың бұл қасиетін сол сәтте түсінбей қалған кездеріміз де болған шығар. Бірақ уақыт өте келе сол талапшылдықтың бізді кәсіби тұрғыдан шыңдағанын ұғындық. Талаптың түп негізінде еңбек пен ізденіс жатқанын өмірдің өзі көрсетті.

Соның бір нәтижесі – менің ғылыми-әдістемелік жұмыстарым. Мен педагогика пәндері бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын әзірлеуге қатысып, соған сәйкес бағдарламалар мен оқулықтар құрастырған авторлық ұжым құрамында болдым. Педагогика ғылымдарының докторы Ш.Х. Құрманалинамен бірлесіп жазылған «Педагогика» («Фолиант» баспасы, 2007-2026 жж.) оқулығы мен «Педагогика» әдістемелік құралының («Фолиант» баспасы, 2008) авторларының бірімін. Бұл еңбектердің дүниеге келуінде де Шалқыма Хайроллақызының талапшылдығы, ғылымға деген жауапкершілігі мен әріптестерін ізденіске жетелей білетін ұстаздық өнегесі жатыр.

Өз дәуірінің оты мен суын бір кісідей кешіп, құрыштай шыңдалған Шалқыма Хайроллақызына зор денсаулық, қажымас күш-қуат, отбасының амандығын тілеймін!

Мерейлі жасыңыз құтты болсын, Шалқыма Хайроллақызы!

Спортты дамытудың ұтымды қадамы



Бисенбай Қуанышқалиұлы НАБИДОЛЛИН,
1996-2017 жылдары «Дене тәрбиесі және спорт» кафедрасы меңгерушісі, «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», ардагер-ұстаз.
Орал қаласы

Тарихы мол Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжінің дамуына жеке үлес қосқан басшысы, педагогикалық ғылымдарының докторы, профессор, академик Құрманалина Шалқыма Хайроллақызының еңбегі зор.

Ш.Х. Құрманалинаның басшылығымен Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі еліміздегі іргелі де, озық білім ордаларын біріне айналып, жаңа мазмұнды оқыту жүйесімен танымал болды. Ұлттық негізі бар өздігінен дамуға талпынатын жан жақты, бәсекеге қабілетті, құзыретті мамандар дайындау жұмыстары қолға алынды.

1998 жылдан бастап педагогикалық колледжінде дене тәрбиесі мұғалімдерін дайындау үшін қосымша мамандық ашылды.

Колледж басшысының стратегиялық мақсаттарына сәйкес, талдау және зерттеу жұмыстары нәтижесінде 2000-2001 оқу жылынан 0103000 «Дене тәрбиесі және спорт мұғалімі», 0103023 «Спорт жаттықтырушысы – оқытушы» мамандықтары бойынша мамандар даярлау жұмыстары басталды.

Мақсаты – дене шынықтыру мен спортты дамытушы, салауатты өмір салтын насихаттаушы, бәсекеге қабілетті, ел намысын қорғай алатын құзыретті маман даярлау.

2001 жылдан Шалқыма Хайроллақызының басшылығымен колледжде қазіргі заманғы білім берудің ақпараттық-коммуникациялық технологиясын сабақта тиімді қолдануға барлық жағдай жасалды. Барлық аудитория компьютермен жабдықталып, олар интернет жүйесіне қосылған. Сонымен қа-

тар екі спорт залы, гимнастикалық және спорттық ойындар алаңдары,тренажер залы жұмыс істеп, оқу үдерісіне қажетті спорттық жабдықтар, материалдық базаны жыл сайын жаңартуға көніл бөлінді.

Болашақ мамандарға білім беру мақсатында оқу-тәрбие жұмысының қазіргі заманның талабына сай болуы үшін кафедра оқытушылары жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалануға бағытталды. Барлық оқытушылар 0103000 «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша типтік бағдарламалардың авторлары болуына жағдай жасалды.

Б.Қ. Набидоллин, А.С. Сабиева «Дене тәрбиесі және оқыту әдістемесі, ырғақ», «Қозғалмалы ойындар және оқыту әдістемесі», А.А. Мұратбекова «Спорттық ғимараттар және еңбекті қорғау» пәндері бойынша, Б.Қ. Набидоллиннің «Білімнің ертеңі еңселі» оқу-әдістемелік құралдарын жинақтап шығарды. А.Ғ. Шапанов дәстүрлі өтетін «Жыл мұғалімі» байқауында бас жүлде, А.Б. Кужахметова облыстық «Әдістемелік идеялар» фестивалінде II орынды иеленді. Кафедра оқытушылары Б.Қ. Набидоллин, З.М. Рашидовалар «Дене жаттығулары – дене тәрбиесінің негізгі құралы» тақырыбында жаңа технологияны пайдаланып өткізген сабақтарын «ZIAT» ғылыми-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Үлгілік сабақ» атты қашықтықтан өткізілген V Республикалық педагогтардың конкурсында II орынды иеленді.

Жас мамандардың білімін, кәсіби құзыреттілігін жетілдіру мақсатында кафедра оқытушысы А.Б. Кужахметова Астана қаласы, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығында «Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасы негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын гуманитарлық колледждердің бітіруші курс студенттеріне қосымша білім беру» бағдарламасы бойынша тренерлерді оқыту курсын аяқтап, сертификатқа ие болды. Жаңа оқу жылында кафедра оқытушысы Б.Б. Қайрғали Ресей Федерациясы Белгород қаласында ұлттық зерттеу мемлекеттік университетінің магистрі атанды. Осы университеттің ұйымдастыруымен өткен «Современные тенденции развития физической культуры и спорта в среднепрофессиональных и высших учебных заведениях» тақырыбында өткен халықаралық ғылыми-әдістемелік семинарына сырттай қатысып кафедра оқытушылары Б.Қ. Набидоллин, Қ.Б. Таубаев, С.Т. Ғазизов, З.М. Рашидовалар арнайы сертификаттарға ие болды. Колледж оқытушылар командасы спорттық жарыстарда волейбол, футбол, туризм түрлерінен үлкен жетістікке жетті.

Колледж қабырғасынан 11 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 25 спорт шебері, 30 спорт шеберіне үміткерлер тәрбие және білім алып еңбек етуде, көптеген студенттеріміз оқу – спорт жүлдегерлері атанып жүр. Олар Сочи қаласында өткен XXII қысқы олимпиада ойындарында шорт-трекten жеңімпаз атанған Артур Сұлтанғалиев, Абзал Ажғалиев, Рио де Жанейро олимпиадасының қыздар күресінен қола медаль иегері Екатерина Ларионова, самбо күресінен 4 дүркін Әлем чемпионы Ерболат Байбатыров. Қазіргі таңда көптеген студенттеріміз әр түрлі жарыстан жақсы көрсеткіштер көрсетуде. Жеңіл атлетикадан 2 дүркін Қазақстан Республикасы чемпионы 2-курс студенті Гамзат Шабдан, дзюдо күресінен халықаралық турнир жеңімпазы 1 курс студенті Армат Қабдолов, волейбол спорттық ойындарынан 1 курс студенті Жігер Сатканов, қол күресінен Лаура Есенжанова, гір спортынан Аида Амангельдиева, ауыр атлетикадан спорт шебері Рауан Бүркітов.

Колледж студенттері үздік спортшылармен, спорт ардагерлерімен кездесулер ұйымдастырып тұрады. Осы оқу жылында Рио де Жанейро олимпиадасының қыздар күресінен қола медаль иегері Екатерина Ларионовамен, самбо күресінен 4 дүркін Әлем чемпионы Ерболат Байбатыровпен, Сочи қаласында өткен қысқы олимпиада жүлдегерлері Абзал Ажғалиев, Артур Сұлтанғалиев, қысқы Азиада ойындарының алтын медаль иегерлері Ільяс Хайрекишев, Асқар Темірғалиевтар мен колледждің ардагер-ұстаздары кездесулер дәстүрге айналды.

Спорт – адам өмірінің бөлінбес бір құралы. Бүгінгі таңда елімізде халықты жаппай спортқа жұмылдыру арқылы салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстарына колледж ұжымы ат салысуда. Педагогикалық ұжым оқытушылары мен студенттері өздерінің уақытын тиімді пайдалану, денсаулықтарын түзеу, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спортты дамыту мақсатында жылына бірнеше рет денсаулық күндерін ұйымдастырып өткізу дәстүрге айналды.

Қалалық Атоян атындағы стадионда жеңіл атлетика, «Жайық самалы» жүзу бассейнінде, «Самал» спорттық-сауықтыру кешенінде, «Мечта» кемпинг базасында қысқы спорт түрлерінен өткен спорттық шараларға колледж оқытушылары мен студенттері белсенді қатыс

Спорттық шараларды өткізуге колледж директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ПҒА, Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі Шалқыма Хайроллақызы Құрманалина материалдық көмек көрсетіп, барлық спорттық шараларға өзі де белсенді араласты. Спорттық шараларға Жетібай Жолдасұлы Утарбаев та белсенді қатысып, шаңғы, теннис, мылтық ату спорт түрлерінен жақсы нәтиже көрсетіп, жастарға үлгі көрсетуде.

Шалқыма Хайроллақызы мамандарды жұмысқа орналастыруға ерекше қолдау көрсетті. Жалпы

мамандық бойынша түлектердің жұмыспен қамтылыуы жоғары болды Сонымен қатар, колледждің үздік спорт көрсеткіштері мен практикадаға әдістемелік нәтижелерін ескеріп, спорт және дене шынықтыру кафедрасына жұмысқа қабылдады.

Колледж түлектері А. Сабиева, А. Кужахметова, А. Утешев, А. Макаров, Р. Куанов, Б. Рахимгалиев, Е. Мажитов, К. Таубаев. Қ. Қашқынбай ұстаздық еңбектерін дене тәрбиесі және спорт кафедрасында абыроймен атқарды.

Колледж басшысы Шалқыма Хайроллақызының ұжымның алған басуына, оқытушылар мен қызметкерлердің жоғары интеллектуалдық әлеуетін көтеруге, тәуелсіз еліміздің білім сапасын нығайтуға, мәдениет пен спортты дамытуға, жаңа буын кадрларын тәрбиелеуге қосқан үлесі зор.

Ғұмырын ұлағатты іске арнаған тұлға



Раиса Қасымқызы ИЛЬЯСОВА, Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледждің ардагер ұстазы. Орал қаласы

Адамның өмір жолында терең із қалдырып, кәсіби қалыптасуы мен тұлғалық дамуына ықпал ететін жандар болады. Мен үшін сондай бірегей тұлғаның бірі – ұзақ жылдар бойы Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжді басқарған ұлағатты ұстаз, ғалым, білікті басшы Шалқыма Хайроллақызы Құрманалина.

Шалқыма Хайроллақызы 1994-2018 жылдары Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледждің директоры қызметін атқарып, саналы ғұмырын білім мен ғылым саласына арнады. Оның кәсіби және қоғамдық қызметі Батыс Қазақстан өңірінің білім беру тарихында өзіндік із қалдырды.

Мен Шалқыма Хайроллақызын 1990 жылдардың басында мұғалімдердің кәсіби басқосуларында сырттай көріп жүретінмін. Алғаш көрген сәттенақ оның жүріс-тұрысы мен өзін ұстауынан іскерлік пен басшылыққа тән болмысы байқалатын. Кейін бұл алғашқы әсерімнің бекер болмағанына көз жеткіздім.

Шалқыма Хайроллақызымен тікелей танысуым 1998 жылдан басталды. Сол жылы А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты университет мәртебесін алып, профессор-оқытушылар құрамының біліктілігіне қойылатын талаптар өзгерді. Осыған байланысты менің басқа оқу орнына ауысуыма тура келді.

Колледж директорының кабинетіне алғаш кірген сәтім әлі күнге дейін есімде. Шалқыма Хайроллақызы мені жылы жүзбен қарсы алып, әңгіме барысында: «Сіз жоғары оқу орнында жұмыс істеген тәжірибелі оқытушысыз. Сіздей оқытушы колледжге керек. Сондықтан жұмысқа қабылдаймын», - деді. Сол кездегі сенім білдірген жылы сөзі мен үшін үлкен қолдау болды.

Осылайша, мен Шалқыма Хайроллақызымен 2018 жылға дейін бірге қызмет атқардым. Бұл кезең менің кәсіби өмірімдегі маңызды жылдар болды. Ол менің теориялық дайындығымды жоғары бағалап, өзі ғылыми жетекші әрі негізгі автор болған педагогикалық мамандықтарға арналған «Педагогика» оқулығының авторлық құрамына қосты. Кейін бұл оқулық Астанадағы «Фолиант» баспасынан бірнеше рет жарық көрді.

Әр жылдары педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарып, педагогика курсы бойынша мемлекеттік стандарттар мен үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеуге қатыстым. Осы жұмыстардың барлығында Шалқыма Хайроллақызы кәсіби ізденісімді қолдап, еңбегімді бағалай білді. Оның басшы ретіндегі сенімі мен қолдауы менің кәсіби тұрғыдан өсуіме үлкен ықпал етті.

Шалқыма Хайроллақызы білім ордасының басшысы ғана емес, ұжымның ұйытқысы, әрбір оқытушы мен білім алушының жанашыры болды. Жұмысқа деген жауапкершілігі, іскерлігі, қиын

сәттерде дұрыс шешім қабылдай білуі, адамдарды ортақ мақсатқа жұмылдыра алатын ұйымдастырушылық қабілеті ерекше еді.

Ол өзі басқарған ұжымды үнемі алға жетелеп, заманның күрделі кезеңдерінен сүріндірмей алып өтті. Оның басшылығымен колледждің материалдық-техникалық базасы нығайып, жаңа мамандықтар ашылды, білім беру сапасы жаңа деңгейге көтерілді. Оқу орны Батыс Қазақстан өңіріндегі ғана емес, республикадағы беделді педагогикалық білім ордаларының біріне айналды.

Шалқыма Хайроллақызы талап қоя білетін басшы болумен қатар, әр қызметкердің қабілеті мен ішкі әлеуетін тани білетін көреген ұйымдастырушы еді. Әрбір оқытушының шығармашылық ізденісіне қолдау көрсетіп, жас мамандардың кәсіби қалыптасуына жағдай жасады. Оның «Тәртіп пен талап бар жерде ғана нәтиже болады» деген ұстанымы бүкіл ұжымның жұмыс қағидатына айналды.

Қандай қиындық туындаса да, директордың кабинетінен нақты шешім мен жаңа жігер алып шығатынбыз. Оның «Біз – бір командамыз, біздің мақсатымыз – білікті маман тәрбиелеу» деген сөзі ұжымды ортақ мақсатқа жұмылдырып, әрқайсымызға жауапкершілік жүктейтін.

Шалқыма Хайроллақызының ғалым ретіндегі еңбегі де айрықша. Оның ғылыми ізденістерінің нәтижесінде педагогика мен бастауыш білім беру саласына арналған көптеген оқулықтар мен оқу-әдістемелік еңбектер жарық көрді. Олардың қатарында «Педагогика», 1-4 сыныптарға арналған «Математика» оқу-әдістемелік кешені, «Задачи и упражнения, направленные на развитие интеллектуальных умений у младших школьников», «Внеклассная работа по математике», «Бастауыш сыныпта математиканы оқыту әдістемесі», «Математиканың теориялық негіздері», осы пәндер бойынша электрондық оқулықтар мен әдістемелік жүйелер, сондай-ақ «Менеджмент в среднем профессиональном образовании с использованием информационных технологий» еңбегі бар. Ғалымның еңбектері республика көлемінде және одан тыс жерлерде де танылды.

Шалқыма Хайроллақызы үшін ұжымдағы адамгершілік қарым-қатынас пен ұрпақтар сабақтастығының орны ерекше болатын. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді өзінің ісімен танытты. Колледжде «Ардагерлер» клубының жұмыс істеуі, мерекелерде ардагер ұстаздармен кездесулердің тұрақты ұйымдастырылуы осы дәстүрдің бір көрінісі еді. Мұндай кездесулер жас ұрпақ үшін үлкен тәрбиелік мектеп болды.

Мереке күндері әр кафедраның шағын концерттік бағдарлама дайындауы да ерекше дәстүрге айналған еді. Осындай сәттер ұжымды жақындастырып, колледждегі шығармашылық әрі жылы ахуалды қалыптастыратын. Бүгінде сол күндер көңілде шуақты естелік болып сақталып қалды.

Ол жастар тәрбиесіне де ерекше мән берді. Білім алушылардың еңбек жасақтарын, спорттық бастамаларын, қоғамдық және қамқоршылық жұмыстарын қолдап, жастардың әрбір игі бастамасына сенім білдіретін. Өйткені оның бүкіл қызметінің түпкі мақсаты – білімді ғана емес, ел болашағына жауапкершілікпен қарайтын азамат тәрбиелеу еді.

Шалқыма Хайроллақызының адами болмысы да өз алдына бір өнеге. Ол кез келген мәселені байсалдылықпен, терең оймен шешетін. Әріптестеріне ақыл-кеңесін айтып, қиын сәтте қолдау көрсетуге дайын тұратын. Өзіне деген сенімділік, сабырлылық, табандылық пен төзімділік оның мінезінен айқын көрінетін. Осындай қасиеттері арқылы ол ондаған жылдар бойы колледж ұжымын үлкен бір отбасыдай ұйыстыра білді.

Шалқыма Хайроллақызының еңбегі көптеген мемлекеттік және ведомстволық марапаттармен бағаланды. Алайда ұстаз үшін ең үлкен марапат – өзі тәрбиелеген шәкірттері, бірге еңбек еткен әріптестерінің құрметі және ел игілігіне қызмет етіп жүрген түлектері деп ойлаймын.

Бүгінде колледж ұжымы Шалқыма Хайроллақызы қалыптастырған игі дәстүрлерді жалғастырып келеді. Колледжде оның атындағы дәрісхананың ашылуы – білім мен ғылымға сіңірген еңбегіне көрсетілген құрметтің белгісі. Қуаныштысы – ардақты ұстаз әлі де колледж тынысынан қол үзген жоқ. Білім алушылармен, оқытушылармен кездесіп, өмірлік және кәсіби тәжірибесімен бөлісіп, тағылымды іс-шараларға қатысып келеді. Оның әрбір кездесуі – кейінгі буын үшін өнеге мен тағылымға толы рухани сабақ.

Шалқыма Хайроллақызы Құрманалинаның өнегелі өмір жолы, басқару мәдениеті, ғылым мен білімге қосқан үлесі – бір адамның ғана еңбек жолы емес, тұтас бір білім ордасының тарихымен сабақтас ғұмыр.

Ұстаздың еңбегінің шынайы өлшемі – артында қалған із, тәрбиелеген шәкірт, қалыптастырған дәстүр мен адамдардың жүрегіндегі құрмет. Осы тұрғыдан алғанда, Шалқыма Хайроллақызының ғұмыры – ұлағатты іске арналған өнегелі ғұмыр.

Оның есімі мен игі істері колледж тарихында сақталып, кейінгі ұрпаққа үлгі болып қала бермек.

Мен үлгі тұтқан бейне



Айгерім Кеңесқызы УТЕБАЕВА, Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің ардагер ұстазы. Орал қаласы

Ұстаз! Осы сөзде қаншама құдіретті, қасиетті ұғым жатыр. Ұстаз алдынан өтпейтін ешбір адам жоқ. Ендеше осы қасиетті сөздің иесі болу – бақыт. Ұлы ғұлама, оқытушы Ы. Алтынсарин: «... жақсы мұғалім – мектептің жүрегі» деген еді. Жүрексіз өмір болмаса, мұғалімсіз білімнің, тәрбиенің де іске аспайтыны белгілі. Ұстаз – адам бағдарын жасаушы.

Мен, Утебаева Айгерім Кеңесқызы, 1984 ж. Алматы Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының музыка-педагогикалық факультетін ойдағыдай аяқтап, сол кездегі Орал педагогикалық училищесіне арнайы жолдамамен келіп, осы қабырғада еңбек жолын бастадым. Сол кездегі менің жас маман, педагог болып қалыптасуыма үлкен ықпал еткен жан – Шалқыма Хайроллақызы Құрманалина болды.

Жиырма жылдай музыка пәнінен дәріс беріп келген маған, колледж директоры болып тағайындалған Шалқыма Хайроллақызы музыка кафедрасына жетекшілік ету жұмысын сеніп тапсырды. 2004-2018 жылдары аралығында осы жауапкершілікті атқара отырып, көптеген жетістіктерге қол жеткіздік. Дәлірек айтсам, «Музыкалық білім беру» мамандығын даярлау жұмысы жүйелі түрде жолға қойылып,болашақ мамандарға білім мен тәрбие беру ісі жоғары деңгейден көрінді.

Еліміздің ертеңіне сеніммен қадам басқан, заманына сай, кәсіби біліммен қаруланған, шығармашылық адамын тәрбиелеуді мақсат тұтқан, музыка кафедрасы ұжымы – әрбір студентке жеке тұлға ретінде қарап, шығармашыл жетілген, жанжақты, саналы, кәсіби маман тәрбиелеуде аянбай еңбек ете білді. Кафедрамызда сол кезде тәжірибелі ұстаздар Р.Ә. Сүлейменова, В.С. Илларионов, Г.Г. Жумалиева, И.А. Фолимонова, Т.С. Ольхова, Р.Г. Шинтемирова, С.А. Утешкалиев, Е.Ө. Мулдабеков, Г.О. Негметовалармен бірге, қаламызға белгілі, Ғ. Құрманғалиев атындағы облыстық филармонияның әртістері М.А. Амирханов, М.Ж. Хайдарова, Дәулеткерей атындағы ұлт-аспаптар оркестрінің дирижері Е.Ш. Нұрымбетов сынды талантты оқытушылар және талантты жас мамандар, Б.Н. Бакимов, В.А. Кожевников, Р.Ж. Қуаншалиевалар табысты жұмыс атқарды. Осы тұста кафедрамыздың жан-жақты еңбек етіп, шығармашылықпен жұмыстануына колледж директоры тарапынан ұдайы көңіл бөлініп, қамқорлық танытылып, эстетикалық талапқа сай, сахналық костюмдер, музыкалық аспаптар алынып, материалдақ базамен толық дерлік қамтылды.

Материалдық база жасақталып, сабақ үрдісіне керекті музыкалық аспаптар сатылып алынып, сахналық киімдер арнайы тіктірілді. Көлледждің тәрбие жұмысы жоспарына сәйкес, түрлі музыкалық шаралар қаламыздың үлкен көнцерттік залдарында қойылып, көптеген талантты студенттеріміздің үлкен сахналарда өнер көрсетуіне жол ашылды.

Музыка сабағы оқушының музыкалық қабілетін дамытып қана қоймай, рухани-адамгершілік тұлғасының қалыптасуына, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге, қоғамда және қоршаған өмір жағдайларында өзінің бағыт-бағдарын анықтауына, өз бетінше шешім қабылдай алуына және өз сөзі мен әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіне білуге тәрбиелейді. Болашақ ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік қайнарын сіңіріп, мінез-құлқын тәрбиелеуге, жалпыадамзаттық құндылықтарды, адамгершілік принциптері мен мұраттарды өмір бойы басшылыққа алатын жеке тұлға қалыптастыруға негізделген кафедра жұмысы мақсаттарын іске асыруда колледж жанынан «Гармония» музыкалық-эстетикалық клубы құрылды. Клуб жұмысы көркемөнердің түрлі бағыттары бойынша 8 үйірмелерден тұрды. «Музыкатанушы» лекторлық тобы, жетекшісі: В.С. Илларионов, С.А. Утешкалиев, «Атамұра» қазақ ұлт-аспаптар оркестрі, жетекшісі: Г.О. Негметова, Е.У. Мулдабеков, «Ақ кеме» вокалдық-эстрадалық үйірмесі, жетекшісі: Б.Н.Бакимов, Р.Ж. Қуаншалиева, «Балақан» балалар музыкалық театры, жетекшісі: А.Р. Идрисова, «Жауқазын» бишілер ансамблі, жетекшісі: Г.Ә. Қуанышева, «Сувенир» сырнайшылар ансамблі, жетекшісі: В.А. Кожевников, «Сәулем-ай» фольклорлық ансамблі, жетекшісі: М.Ж. Хайдарова үйірмелері жұмыс жасады.

Заман талабына сай, жұмыс берушілердің, ата-

-аналардың талап-тілегін ескере отырып, мамандыққа қосымша «Хореография пәнінің мұғалімі» біліктілігі оқу жоспарына енгізіліп, басшылық тарапынан пәнді сапалы оқытуға барлық жағдай жасалды.Пәнді оқытуға аймаққа аты мәлім, майталман маман, Гүлмейрам Әлібекқызы Қуанышева шақыртылды. Осы жылдар аралығында шәкірттеріміз талай жоғары биіктіктерді бағындырып, көптеген халықаралық, республикалық, облыстық және қалалық байқаулардың алдынан көрініп, жүлделі орындарды жеңіп алды.

Осы жылдар аралығында ұстаздарды Алматы, Астана, Атырау, Ақтөбе, Ресей мемлекетінің Саратов, Самара қалаларында өтілген түрлі сайыстарға жолдап, әрдайым басшылық тарапынан үлкен қолдау көрсетіліп, демеушілік танытып отырды. Апайымыздың «... Жарайсыңдар, музыканттар!» деген бір ауыз сөзі бізге қанат бітіріп, өнер-білім биігіне талпындырды.

2016 жылы Атырау қаласында өткен Еуропа бойынша халықаралық фестивальдердің ұйымдастырушысы, Москва қаласының «Арт-центр» ақпараттық-сервистік холдингі, ҚР «Art.rainbow» Халықаралық өнер бірлестігінің Қарағанды қаласындағы «Ақ сұңқар» халықаралық балалар мен жасөспірімдер фестиваль-конкурсына Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжі «Музыкалық білім беру» мамандығының 1-3 курс студенттері қатысып, «Дәстүрлі ән» номинациясы бойынша 1а КШМ студенті Жанболат Мейірбек (жет. А.К. Утебаева) 1-дәрежелі дипломмен, «Домбыра» номинациясы бойынша 1-курс студенті Губайдуллин Азамат (жет. Ж.К. Утеуов) 1-дәрежелі дипломмен, 3-курс студенттерінен құралған «Әдемі-ай» квартеті (жет. Р.Ж. Куаншалиева) «Академиялық вокал» номинациясы бойынша 1-дәрежелі дипломмен табысты оралды. Мамыр айында хореография пәнінің оқытушысы Г.А.Қуанышева дайындаған Республикалық «Креатив-ревью» байқауында колледж педагогикалық жасағы «Гран-При» жүлдесін жеңіп қайтты.

Жыл басында, кафедра отырыстарында оқытушылардың мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру мен, өткізу нәтижесі талқыланып, «Гармония» музыкалық-эстетикалық клубы құрамындағы үйірмелер жұмысы жоспарланып, жыл бойы жүйелі жұмыстанылып отырылды. Шығармашылық жұмысты жүйелеу, оны белсенді түрде тұрақты жүргізу бала бойындағы дарындылық қасиеттерінің дамытып қана қоймай, оның пәнге деген қызығушылығын арттырып, жеке тұлға ретінде дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелейді. Осы жан-жақты берілген білім мен тәрбиенің нәтижесінде «Гармония» клубының түлектері Искаков Демесін, Айткалиева Айнара, Утешкалиев Жұлдызбек, Амандыков Армат, Тлеков Қабдол, Хафизов Рустам, Орынғалиева Айдана, Мейірбек Жанболат үлкен сахналарды бағындырса, Есқайыров Қанат, Қазмағанбетова Назгүл, Бисенов Дулат, Шайхмалиев Мейрам т.с.с. көптеген сынды түлектеріміз ауыл, қала мектептерінде ұстаздық етуде.

Осындай білім мен тәрбиені қатар жүргізіп, шығармашылықпен табысты еңбек еткен кезде бағыт-бағдар берген, ұстаз, педагог-басшы ретінде өзіне де өзгеге де қатаң талап қойып, талай шәкіртті білім нәрімен сусындатып, өмірге жан-жақты маман тәрбиелеп шығарған Шалқыма Хайроллақызы ұстазымызға мықты денсаулық, отбасыңызға амандық, бақыт пен береке тілеймін!

Руководитель, которого помнят



Тамара Утегеновна МАДЕНОВА, преподаватель дошкольных дисциплин высшего педагогического колледжа имени Ж. Досмухамедова. г. Уральск

Более тридцати лет моей профессиональной жизни связаны с колледжем и с человеком, который для многих из нас стал не просто директором, а настоящим руководителем, наставником и человеком, которому можно было доверять, - Курманалиной Шалкыма Хайруллаевной.

Шалкыма Хайруллаевна – лидер по своей природе. Она умеет видеть перспективу, принимать ответственные решения и объединять коллектив вокруг общего дела. Но, пожалуй, самое ценное её качество как руководителя – умение видеть в каждом человеке его лучшие стороны и помогать раскрыть свои способности.

За годы совместной работы я не раз убеждалась:

она замечает то, что порой не видит сам человек. В сотруднике она могла разглядеть талант, сильную сторону, внутренний потенциал – и поддержать, подсказать, направить. Благодаря её доверию многие педагоги смогли профессионально вырасти, поверить в свои силы и достичь новых высот.

Особого уважения заслуживает её умение знать и понимать каждого члена коллектива. Она знала не только профессиональные качества своих сотрудников, но и их характер, особенности, стремления. К каждому могла найти свой подход – где-то поддержать добрым словом, где-то дать возможность проявить себя, а иногда и требовательно подсказать, как стать лучше.

Как хороший организатор, Шалкыма Хайруллаевна умела превращать самые разные идеи и возможности в конкретные дела. Под её руководством коллектив не просто работал – он развивался, учился, преодолевал трудности и вместе радовался успехам.Прошло много лет, но особенно хорошо понимаешь ценность такого руководителя именно с течением времени. Руководителей бывает много, но настоящих лидеров, оставляющих след в судьбах людей, - единицы.

Для меня годы работы под руководством Шалкымы Хайруллаевны – это большая часть моей профессиональной жизни, опыт, который невозможно измерить только годами или должностями. Это школа профессионализма, человеческого отношения и преданности своему делу.

И сегодня хочется сказать ей простые, но очень важные слова: спасибо за доверие, за поддержку, за умение видеть в людях лучшее и помогать им становиться сильнее. Спасибо за годы совместной работы и за тот след, который Вы оставили в судьбах многих людей.

Руководитель, за которым – люди, достижения и история



Агылпа Бикетовна ДЖАМБАЕВА, Заведующая кафедрой русского языка и литературы преподаватель-методист.

Высший педагогический колледж имени Жаханши Досмухамедова – это не просто образовательное учреждение с богатой историей и традициями. Это большая педагогическая семья, в которой на протяжении многих лет формировались профессиональные кадры, воспитывались будущие учителя и создавались новые педагогические традиции.

Есть руководители, о которых говорят прежде всего по занимаемой должности. А есть такие, чьё имя со временем становится частью истории самого учебного заведения и, шире, истории образования. Именно к таким руководителям, на мой взгляд, относится директор Высшего педагогического колледжа – профессор, доктор педагогических наук Курманалина Шалкыма Хайруллаевна. В ней удивительным образом соединились самые разные таланты и достоинства: дар настоящего Ученого, крупного организатора науки и образования – с богатым жизненным опытом практической работы и житейской мудростью, государственная масштабность замыслов и свершений – с умением найти подход к каждому человеку, высокая требовательность и организованность – с доброжелательностью и душевной теплотой. Она автор многих книг, публикаций, монографий и учебников, которые выдержали проверку временем и многократно переиздавались не только в Казахстане, но и за рубежом. Всю свою профессиональную жизнь, Шалкыма Хайруллаевна, посвятила благородному делу – служения Отечеству.

Мне, как заведующей кафедрой русского языка, довелось работать под её руководством и быть непосредственным участником той большой педагогической работы, которая проводилась в колледже. Сегодня, оглядываясь на пройденный путь, я особенно ясно понимаю, насколько многое в профессиональных успехах коллектива было связано с личностью руководителя. Шалкыма Хайруллаевна, была руководителем требовательным, принципиальным и вместе с тем внимательным к людям. Она умела находить подход к каждому преподавателю, видеть его сильные стороны, поддерживать инициативу

и помогать раскрывать профессиональный потенциал. Для неё каждый педагог был не просто сотрудником, а прежде всего личностью, специалистом со своими способностями и возможностями. Именно поэтому в коллективе формировалась атмосфера профессионального роста, ответственности и стремления к высоким результатам. Под её руководством наша педагогическая деятельность приобретала особый смысл. Мы не ограничивались повседневной учебной работой. Нам хотелось развиваться, совершенствовать своё мастерство, достойно представлять родной колледж и добиваться высоких результатов.

Особое место в жизни колледжа занимал традиционный профессиональный конкурс «Учитель года». Он стал настоящей школой педагогического мастерства, творческого поиска и профессионального роста. Участие в конкурсе требовало от преподавателя не только глубоких знаний, но и педагогического таланта, творческого подхода, методического мастерства и умения представить свой опыт. Для нас это было не просто соревнование. Это была возможность показать, на что способен педагог, поделиться опытом, открыть в себе новые возможности. Успехи наших преподавателей и студентов на городском, областном и республиканском уровнях стали достойным свидетельством высокого профессионализма коллектива.

Из личных воспоминаний

Я всегда чувствовала, что, Шалкыма Хайруллаевна, видит в каждом человеке больше, чем просто его должностные обязанности. Она могла быть требовательной, могла указать на недостатки, заставить пересмотреть привычный подход к работе, но за этой требовательностью всегда стояло желание видеть результат и профессиональный рост. достойным свидетельством высокого профессионализма коллектива.

Особое внимание уделялось работе кафедры русского языка. Мы стремились не только дать студентам прочные знания, но и воспитать в будущих учителях любовь к русскому языку, культуре речи и литературе, сформировать чувство профессиональной ответственности

Работая заведующей кафедрой, преподавателем-методистом я ощущала ответственность не только за свою работу, но и за весь коллектив кафедры. Мы старались оправдать доверие руководителя, достойно выполнять поставленные задачи и вносить свой вклад в общее дело.

Особенно запомнилось ощущение, что мы работаем одной командой. У каждого были свои обязанности, свой характер, свои взгляды, но нас объединяло стремление к успеху колледжа. И в этом, я считаю, была большая заслуга Шалкымы Хайруллаевны.

Сегодня, спустя годы, я понимаю, что многие профессиональные уроки, полученные в те годы, остались со мной. Это умение быть требовательной прежде всего к себе, отвечать за результат, поддерживать коллег и никогда не останавливаться в профессиональном развитии. Мне приятно осознавать, что я была частью этого коллектива, что вместе с коллегами участвовала в развитии кафедры и колледжа, в профессиональных конкурсах и образовательных мероприятиях, которые позволяли нам достойно представлять родной колледж на республиканском уровне.

Есть руководители, которые просто занимают должность. А есть руководители, которые создают эпоху. Их деятельность оставляет след не только в документах и отчётах, но прежде всего – в судьбах людей, профессиональном становлении педагогов, достижениях студентов и традициях учебного заведения. Я убеждена, что имя Курманалиной Шалкымы Хайруллаевны занимает достойное место в истории Высшего педагогического колледжа имени Жаханши Досмухамедова и связано с важной страницей развития педагогического образования. Для меня годы работы под её руководством – это значимая часть моей профессиональной жизни. Это годы труда, поиска, волнений, побед и радости от общих достижений. И сегодня я вспоминаю их с особым чувством благодарности. Благодарности за доверие. За возможность профессионально расти. За людей, с которыми довелось работать. И за то, что нам было дано почувствовать себя частью большого и важного дела – служения образованию.

Пусть время идёт, меняются поколения и образовательные технологии, но добрые дела и профессиональные достижения не исчезают. Они продолжаются в учениках, выпускниках, педагогах и традициях, которые передаются из поколения в поколение. Именно поэтому имена таких руководителей, как Курманалина Шалкыма Хайруллаевна, заслуживают того, чтобы оставаться в памяти людей и в истории образования.

Ұстаздықты ерен еңбегімен өзгелерге үлгі қылған тұлға



Біржан Кәрімұлы САПИЕВ, «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері», «ҚР білім беру саласы қызметкерлері еңбек ардагері». Орал қаласы

Елге танымал ұстаздардың ұстазы, ғалым Шалқыма Хайроллақызымен мен сонау 1999 жылдың қыркүйек айынан бері ұзақ жылдар әріптес ретінде таныспын десем артық айтпаған болармын. Мен Шалқыма Хайроллақызының қабылдауында болып, не-бары 4 сағат география пәнінен жұмысқа орналастым. Апай негізі сұрақ қою, тура әңгімелесу арқылы да, адамның сөз саптауы, тек қана пәні емес, маманның жалпы педагогикалық-психологиялық, теориялық білім дағдыларының, тәрбиелік, тұлғалық қасиеттерінде терең зерттеп білетін мықты басшы. Өзіне де, өзгеге де қатаң талап қоя білетін білгір адам.

Апайда, орынбасар болып жүрген 2003 жылдың мамыр айы-ау деймін, өзіне шақырып алып: – Біржан мен сені №11 облыстық дарынды балалар мектебінің директоры Е. Сапаровқа жұмсайын деп отырым, барып шық, - деді. Ойымда ештеңе жоқ, Ерсайын Қадырұлы жарқылдап қарсы алып, шамалы әңгімелесу сынаудан кейін: – Шалқыма Хайроллақызынан өзіме орынбасар қарастырып жатырған жайым болғасын сізді ұсынып еді, сіздің іс-тәжірибеңіз, ұйымдастырушылық қабілетіңіз де сай келіп тұр, - дегені. Мен қапелімде ойыма келгені: - Айып етпеңіз, менің жұмыс жасап жатырған жерім бар, келісе алмаймын, - дедім. Бұл жерде айтайын дегенім колледждің тамаша ұжымымен етене араласып кеткендіктен сондай шешім қабылдағаным шығар, екіншіден білікті басшы ретінде апайдың қарауындағы мамандардың сатылап өсу деңгейлеріне ерекше мән беретіндігі деп айтар едім. Бірақ келесі 2004-2005 оқу жылы қалалық білім бөліміне қарасты №27 мектебіне директорлық қызметке тағайындалдым.

Шалқыма Хайроллақызының әкімшілігінде қызмет жасаған жылдарым педагогикалық істе ысылу, шыңдалу және практикалық іс дағдылары тұрғысында толысу болды. Әкімшілік кеңесте қарауындағы әрбір орынбасары, бөлім, жатахана меңгерушілері тарапынан аптаның әр күніндегі атқарылған жұмыстар мен жылдық жоспарға сай шаралардың орындалу мүмкіндіктері мен тетіктерін егжей-тегжейіне дейін талқылап, нақты тапсырмалар беріліп отыратын, ол кісінің назарынан тыс қалатын ешбір жұмыс болмаушы еді. 50 жыл бойы білім мен тәрбие саласындағы елімізге еңбегі сіңген, әсіресе Тәуелсіздік жылдары жастар бойына қазақ халқының тамыры терең, бастау тұнық тәлімін әлемдік білімнің жаңалықтарымен үйлесімді кіріктіре отырып бойларына сіңіруде ерекше еңбек еткен, ел ғалымдарының көш басында болған ерен тұлға. Әсіресе Қазақстан педагог мамандарын дайындаудың бірегей де, өзіндік қолтаңбасы бар, өзі тақылеттес өзге оқу орындарының білім беру мен тәрбие саласында құзыретті маман даярлаудың озық үлгісімен ерекшеленген Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледждің басшысы болған кезеңіндегі ерен еңбектің мықты үлгісі деп айта аламын.

Шалқыма апай өз ісінің шебер ұйымдастырушысы, ғалым ретінде жетекші, үйретуші, көшбасшы бола білді. Шалқыма Хайроллақызы еріншектік пен енжарлыққа, жұмысқа деген немқұрайлы көзқарасқа «бір орында тұрып қалу», яғни тоқыраушылыққа өзі басқарған ұжымда ешқашан жол берген емес. Қазір бұл оқу орнын ТМД мен ел көлемінде білмейтін жан жоқ. Осынау ерен еңбегімен еліне танылған, қоғам қайраткері, бүгін де әлі тұғырдан түспей ел игілігі, болашақ жастар тәрбиесіне ат салысып жүрген Шалқыма Хайроллақызын мерейлі 80 жасымен құттықтаймын. Ұзақ жылдар үзеңгілес болған әріптес ініңізден сізге тілек: деніңізге саулық, отбасыңызға амандық және бақытты да қуанышты күндеріңіз көп болсын!

Өнегелі өмірдің өшпес ізі



Нұрлыбек Закарияұлы УТЕГАЛИЕВ, «Алғашқы әскери дайындық» пәні оқытушысы, ардагер-ұстаз. Орал қаласы

Орал қаласының №4 мектебінде алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушысы болып жұмыс істеп жүріп, 1999 жылы қосымша дене тәрбиесі мұғалімі бойынша сағат сұрап, арызымды педагогикалық колледжге тапсырғанмын. Тамыз айында жауабын білуге келсем, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: «Сіздің арнайы мамандығыңыз бар екен, біздерге әскери жетекші керек. Директордың қабылдауында боласыз», - деп ескертті. Есімде, 19 тамыз күні бірінші рет Шалқыма Хайруллаевнаның қабылдауында болдым. Маған әңгіме барысында педагогикалық колледждің қазір еліміздегі іргелі де, озық білім ордаларының біріне айналып, жаңа мазмұнды оқыту жүйесімен көзге түсетінін, қойылатын талаптарды, жұмыс бағытын, колледждің оқу үрдісі мен алғашқы әскери дайындықтан оқу-материалдық базасын, студенттермен жұмыс ерекшеліктерін айта келіп, колледжге әскери жетекші етіп алатынын жеткізді. 1999 жылдан бастап Орал педагогикалық колледжіне «Алғашқы әскери дайындық» пәнінің оқытушысы болып жұмысқа қабылдандым.

Әскери-патриоттық тәрбие – тәрбие жұмысының бір түрі. Тәрбие жұмысының ең негізгісі – ұжымда жеке тұлғаны тәрбиелеу. Педагогика ғылымында оқытушылар ұжымын ұйымдастыру қажеттілігін, оның тәрбиелік қызметін ашуды негіздеу ғана емес, оны жасаудың теориялық негізі де бар. Ұжым тәрбиелік ықпал жасау үшін оның дамуы, ілгері жылжуы керек. Бұл жерде Шалқыма Хайруллаевна қозғалыс пен даму үшін креативті ойлайтын, бірігіп жұмыс істейтін, әркім өз орнын білетін, бір-біріне көмекке келетін, білімді, өздеріне қойылған талапты түсініп, соны орындауға ұмтылатын ұжымды қалыптастырғанына жұмыстың алғашқы күндері көзім жетті».

Колледж қабырғасында ұрпақтар сабақтастығының алтын көпірін сақтай отырып, ардагер ұстаздарды ұлағаттау, қыз балалардың тәрбиесіне ерекше мән беру үрдісі қалыптасты. Сонымен қатар, соғыс және тыл ардагерлерімен тағылымды кездесулер өткізу, олардың отбасыларына шынайы қамқорлық көрсету секілді патриоттық тәрбиенің сан алуан озық үлгілері кеңінен қолданылды.

Ол қалалық мәслихаттың депутаты болып сайланған кезде де халықтың қалаулысы екенін дәлелдеді. Өз округінің сайлаушыларымен жиі кездесіп, бұқараның мұң-мұқтажына құлақ түрді, қолдан келген көмегін аяған жоқ. Оның ұйытқы болуымен өткен әрбір жиын мен кездесу, ауқымды да ғибратты іс-шаралар нағыз тәлім-тәрбие мектебіне айналды. Мұндай алқалы жиындарға қалалық әкімдік өкілдері, саяси партиялар, қоғамдық және жастар ұйымдарының жетекшілері қатысып, үлкен тағылым алатынына өзім де куә болдым. Сол кезде Шалқыма Хайруллаевнадан тәлім алып, үйренген жастардың көбі бүгінде мемлекеттік қызметте, басшылық лауазымдарда ел үшін еңбек етіп, қоғамның белсенді тұлғаларына айналды. Басшы ретінде педагогтардың өзін-өзі дамытуына, біліктілігін арттыруына көңіл бөлді. Олардың ғылыми-зерттеу бағытында тәжірибе бөлісуіне жағдай жасап, оқытушылардың ғылыми жобаларына жетекшілік етті. Мен мамандығым бойынша біліктілігімді арттыру мақсатында бөлінген қаражат есебінен 2006, 2011 және 2016 жылдары Астана қаласындағы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының курстарында, сондай-ақ 2005 және 2006 жылдары Алматы қаласындағы Төтенше жағдайлар және азаматтық қорғаныс министрлігі жанындағы курстарда білімімді жетілдірдім.

Құрметті Шалқыма Хайруллаевна!

Сіз тек көшбасшы ғана емес, сонымен қатар басқалар үлгі алатын тұлғасыз. Сіз бізге тек тәжірибелі басшы емес, үлкен шабыт көзі болғаныңыз үшін алғыс айтамыз. Сіздің қуатыңыз, шығармашылық қабілетіңіз бен сарқылмас ынта-жігеріңіз ұжымды жаңа биіктіктерді бағындыруға жетелейді. Бізге сенім артып, кәсіби тұрғыда өсуімізге мүмкіндік бергеніңіз үшін ризамыз. Еңбегіңіз әрдайым жансын, ғұмыр жасыңыз ұзақ болсын!

Ұстаз өнегесі – өмірлік жолымның темірқазығы



Жанат Жұмагерейқызы ЖОНКАРБАЕВА, Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледж директорының оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары. Орал қаласы

Өмір жолында адамға бағыт-бағдар беріп, кәсіби қалыптасуына ықпал ететін тұлғалар болады. Кейбір адамдармен бірге еңбек етесің, тәжірибе жинайсың, ал кейбір ұстаздардың берген тәлімі мен өнегесі жылдар өтсе де санаңнан өшпейді. Мен үшін сондай дара тұлғаның бірі – Ж. Досмұхамедов атындағы колледжде ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек еткен, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ұлағатты ұстаз Шалқыма Хайруллаевна Құрманалина.

Шалқыма Хайруллаевна – өзінің бүкіл саналы ғұмырын білім беру саласына арнаған, педагогикалық колледждің дамуына өлшеусіз үлес қосқан ұстаз әрі білікті басшы. Оның еңбек жолы қарапайым оқытушылық қызметтен басталып, оқу-өндірістік жұмыс, оқу-әдістемелік бағыттағы жауапты қызметтермен жалғасты. Ол педагогикалық ұжымның тыныс-тіршілігін, білім алушының қажеттілігін, оқытушының кәсіби ізденісін терең түсінетін басшы болды. Оқу өндірістік жұмысының бір кезеңіне тоқталып өтсек...

1981-1991 жылдары Орал педагогикалық училищесіндегі «Бастауыш білім беру мұғалімі» мамандығы бойынша Орал қаласында практика базасы жеткіліксіз болғандықтан сол кездегі директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Ш.Х. Құрманалинаның ұйымдастыруымен Жымпиты ауданының орта мектептерінің базасында педгогикалық сыныптар ашылып, практика өткізуге келісімдер жасалды. Сонымен қатар жұмыс оқу бағдарламасында практикаға бөлінген сағаттар мөлшері көбейтілді. Практика базаларымен келісіп, «Практикадан теорияға – болашақ мамандарды дәстүрден тыс дайындау» тақырыбында эксперимент жұмысы қолға алынды. Училище базасында методикалық кабинет жасақталып, Л.И. Белоконь, Р.Т. Молдагалиева, У.М. Искалиева, Н.И. Мусина, А.В. Бисенгалиева сынды әдіскерлер тәжірибесі бойынша портфолиолар жинақталып, стендтер жасалынды.

Ш.Х. Құрманалинаның директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары ретіндегі тәжірибесі Республика көлемінде таратылды.

Мен 2003 жылы колледжге «Технология» кафедрасына арнайы пәндер оқытушысы ретінде жұмысқа қабылдандым. Ол кезде жас маман ретінде өз пәнімді сапалы меңгертуге, студенттермен жұмыс істеуге, педагогикалық ортаға бейімделуге ұмтылдым. Осы кезеңде тәжірибесі мол, кәсіби білімі терең әріптестеріммен таныстым.

Менің кәсіби өмірімдегі ерекше кезеңдердің бірі – 2013 жыл. Сол жылы Шалқыма Хайруллаевна маған үлкен сенім білдіріп, колледждің оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі директордың орынбасары қызметіне сайлап, осы жауапты жұмысқа бауылды. Бұл мен үшін әрі үлкен мәртебе, әрі үлкен жауапкершілік болды.

Оқу-өндірістік жұмыс – педагогикалық колледждегі аса маңызды бағыттардың бірі. Мұнда білім алушылардың кәсіптік практикасын ұйымдастыру, практика базаларымен байланыс орнату, әлеуметтік серіктестермен жұмыс жүргізу, оқу мен тәжірибенің сабақтастығын қамтамасыз ету, білім алушылардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыру сияқты көптеген міндеттерді жүйелі түрде жүзеге асыру қажет. Осы жұмыстың қыр-сырын меңгеру барысында мен Шалқыма Хайруллаевнадан көп нәрсе үйрендім. Апай маған дайын шешімдерді ғана ұсынып қоймай, әр мәселені өзім саралап, дұрыс шешім қабылдауға бағыттайтын. Жұмысты жоспарлау, оның орындалуын бақылау, нәтижесін талдау, кемшіліктерден қорытынды шығару – осының барлығын тәжірибе барысында үйретті. Шәкіртке сенім білдіру – оның қанатын қатайту. Шалқыма Хайруллаевна менің кәсіби мүмкіндігіме сенім білдіріп, жаңа бағытты меңгеруге жол ашты.

Бүгінде осы саланы меңгеріп, 38 жылдық еңбек өтілі бар ұстаз ретінде қалыптасуымда сол жылдардағы тәлімнің орны ерекше екенін сезінемін.

Шалқыма Хайруллаевнамен кәсіби қарым-қатынасымыз тек күнделікті қызметтік жұмыстармен шектелген жоқ. Біз оқу-өндірістік бағыттағы көптеген жұмыстарды бірлесе атқарып, тәжірибе алмастық. Уақыт өте келе ұстаз бен шәкірт арасындағы кәсіби байланыс жаңа деңгейге көтерілді.

Апайдың ғылыми-педагогикалық тәжірибесі мен менің практика саласындағы жинақтаған тәжірибем тоғысып, ортақ нәтижеге ұласты.

Соның бір айқын көрінісі – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Кәсіпқор Холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамының қолдауымен «Педагогикалық практиканы ұйымдастыру» оқу құралын бірлесе әзірлеп, жарыққа шығарғанымыз. Бұл еңбек – біз үшін жай ғана оқу құралы емес, педагогикалық практика саласындағы ұзақ жылғы тәжірибеміздің нәтижесі болды. Оқу құралын әзірлеу барысында Шалқыма Хайруллаевнаның ғылыми-педагогикалық көзқарасы, мол тәжірибесі мен әдістемелік шеберлігі ерекше маңызға ие болды. Ал практикамен тікелей айналысатын маман ретінде мен де жинақтаған тәжірибемді ортаға салдым.Ұстаз бен шәкірттің бірлескен еңбегінің нәтижесінде дүниеге келген бұл оқу құралы бүгінде республика колледждерінде педагогикалық практиканы ұйымдастыру барысында қолданылып келеді. Мені оқу-өндірістік жұмысқа баулып, кәсіби бағыт берген ұстазыммен бірге жасаған еңбегіміздің бүгінгі таңда республика көлемінде пайдаланылуы – сол тәлімнің жалғасы деп білемін. Бұл еңбегіміздің жалғасын көріп, бір кездері өзіме сенім артқан ұстазымның үмітін ақтағандай сезінемін.

Шалқыма Хайруллаевна – кәсіби ұстаз ғана емес, ұлағатты тәлімгер, ұстаздан алған ең үлкен сабағым – өз ісіңе адал болу және үнемі іздену. Ол кісі жас мамандардың кәсіби өсуіне ерекше мән беретін. Өз тәжірибесін бөлісіп, ізденуге мүмкіндік беріп, жауапкершілік жүктей отырып, мамандыны шыңдайтын. Оның талапшылдығының өзінде үлкен қамқорлық жататын. Кейде ұстаздың айтқан ақылын сол сәтте толық түсінбеуің мүмкін. Ал жылдар өте келе сол сөздердің мәнін тереңірек ұғынасың. Менде Шалқыма Хайруллаевнадан үйренген көптеген дүниелердің маңызын уақыт өте келе түсіндім. Бүгінде оқу-өндірістік жұмыс саласында тәжірибесі бар маман ретінде өзім де кейінгі әріптестеріме бағыт-бағдар беруге тырысамын. Бұл да – ұстаздан шәкіртке жалғасқан тәлімнің бір көрінісі.

Шалқыма Хайруллаевнаның еңбек жолына көз жүгіртсек, оның колледждің дамуына қосқан үлесі ерекше екеніне көз жеткіземіз. Ол ұстаз ретінде де, ғалым ретінде де, басшы ретінде де өз міндетін үлкен жауапкершілікпен атқарды.Оның еңбегі көптеген жылдар бойы қалыптасқан педагогикалық дәстүрлерден, шәкірттерінің жетістіктерінен, әріптестерінің кәсіби өсуінен және білім беру саласына енгізген жаңашыл ізденістерінен көрінеді. Менің ойымша, ұстаз еңбегінің ең үлкен бағасы – оның атағы мен марапатында ғана емес, шәкіртінің өз жолын тауып, сол ұстаздан алған білімін әрі қарай жалғастыруында.

Жылдар өтеді. Колледждің қабырғасында талай шәкірт білім алады, талай жас маман еңбек жолын бастайды. Бірақ осындай білім ордасының тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырған тұлғалардың есімі ешқашан ұмытылмайды.

Шалқыма Хайруллаевнадан біз еңбекке деген жауапкершілікті, кәсіби ізденісті, талапшылдықты, шәкіртке сенім артуды және бастаған істі соңына дейін жеткізуді үйрендік.

Нағыз ұстаздың өнегесі шәкіртінің жүрегінде сақталып, оның кәсіби жолында жалғасын табады. Апайдың маған артқан сенімі, берген ақыл-кеңесі, оқу-өндірістік жұмысқа баулығаны және бірге атқарған еңбектеріміз менің өмір жолымдағы бағалы естеліктердің бірі болып қала береді.

Шалқыма Хайруллаевнаға шәкірті, әрі әріптесі ретінде айтар алғысым – шексіз.

Искусство зажигать сердца



Гулнар Сагатовна ГАББАСОВА, преподаватель высшего педагогического колледжа им. Ж. Досмухамедова, автор учебников и учебно-методических пособий нескольких поколений г. Уральск

Моя профессиональная деятельность в педагогическом колледже имени Ж. Досмухамедова озарена светом души, таланта, творческого и научного поиска известного ученого, наставника, Учителя с большой буквы – Курманалиной Шалкымы Хайроллаевны.

Курманалина Шалкыма Хайроллаевна – педагог, ученый, руководитель по призванию души. Под ее руководством была создана благоприятная атмосфера для раскрытия научного потенциала творчески работающих преподавателей. Система-

тически проводились обучающие семинары, практические курсы по совершенствованию профессиональных знаний.

При поддержке нашего руководителя в 2000 году поступила в аспирантуру при Академии образования им. Ы. Алтынсарина в Алма-Ате, которую успешно закончила в 2003 году, закрепив тему исследования соискателя «Формирование коммуникативной компетентности студентов в условиях электронной системы по русскому языку».

Большое влияние на наше профессиональное становление оказывали встречи, организованные Шалкымой Хайроллаевной с учеными СНГ и Республики Казахстан. Взаимодействие и общение с учеными Ш. Амонашвили, Е. Ямбургом, Г. Нургалиевой, А. Тажигуловой, Т. Оспановым способствовали раскрытию нашего интеллектуального и творческого потенциала.

В результате обучения на своих уроках применяли новые технологии, создавали новые модели учебников и электронные пособия.

По образцу электронной методической системы по методике обучения математике в начальных классах, разработанной Шалкымой Хайроллаевной, работала над созданием электронной методической системы «Синтаксис русского языка»:

В составе рабочей группы РУМО по профилю «Образование» принимала участие в разработке государственного стандарта и типовых учебных программ по специальности « Русский язык и литература».

После консультации Шалкымы Хайроллаевны я участвовала в создании авторских программ по дисциплине «Стилистика и культура речи», «Синтаксис современного русского языка», «Профессиональный русский язык». По предложению Шалкымы Хайроллаевны начала работать над авторским учебником «Современный русский язык. Синтаксис».

Для создания учебника была проведена большая подготовительная работа: подбор теоретического, практического и занимательного материала, создание базы тестовых заданий по дисциплине.

Учебник «Современный русский язык. Синтаксис» впервые был издан в издательстве «Фолиант» в 2008 году и был рекомендован к использованию в 46 гуманитарных и педагогических колледжах Республики Казахстан. В связи с большом спросом учебник трижды переиздан в издательстве «Фолиант» в городе Астане (2008, 2012, 2016 гг.).

Большое внимание Шалкыма Хайроллаевна уделяла повышению квалификации преподавателей.

Благодаря поддержке директора мне посчастливилось обучаться на курсах повышения квалификации в Москве в Институте русского языка им. А.С. Пушкина, в Центре педагогического мастерства при НИШ в городе Астане, приняла участие в работе семинара лучших учителей СНГ в Крыму.

На этом конкурсе профессионального мастерства с гордостью представила научную школу Курманалиной Шалкымы Хайроллаевны.

Награждена Дипломом победителя за Лучшую презентацию профессионального опыта в рамках проведения III слета Ассоциации лучших педагогов России и Республики Казахстан (с международным участием).

Как масштабно мыслящий руководитель, Шалкыма Хайроллаевна уделяла внимание не только учебной и научной деятельности, но и организации воспитательной работы.

В колледже система воспитательной работы проводилась по ее авторской программе «Модель формирования личности», состоящей из 11 направлений, осуществляющих духовно-нравственное развитие студентов, патриотическое воспитание и сохранение семейных традиций.

На протяжении 20 лет я руководила литературным клубом «Вдохновение», главной целью которого было раскрытие творческих способностей студентов. Посещение студентами заседаний клуба, выступления с публичной речью на радио и телевидении, в музеях и библиотеках города дополнительно раскрывали их потенциал, позволили выпускникам трудоустроиться на телевидении, радио в филармонии.

Шалкыма Хайроллаевна на протяжении всего времени направляла и вдохновляла работу клуба, создавала условия для раскрытия юных талантов.

В памяти преподавателей и студентов надолго сохранились разнообразные мероприятия клуба: литературно-музыкальные гостиные, Пушкинский бал, конкурсы выразительного чтения, участие в телепередачах «Открытая студия», «Прямая речь», «С добрым утром!», «Язык – познание мира», а также в радиопередачах «Молодые таланты Приуралья», «Минуты поэзии» и др.

Систематическая подготовка студентов к выступлению в городских и областных конкурсах выразительного чтения и проектах привели к тесному сотрудничеству с Центром русской культуры Ассамблеи народа Казахстана по ЗКО и взаимодействию с Генеральным консульством РФ в Уральске.

Шалкыма Хайроллаевна всегда отмечает плодотворный труд педагога, поощряет, мотивирует к новым достижениям.

Подобно ярчайшей звезде Шалкыма Хайроллаевна продолжает освещать дорогу вслед идущим, щедро делится своим богатым опытом, воплощая в жизнь принцип преемственности поколений.

Еңбек жолы – өнеге, өмірі – тағылым



Лиза Акбулатовна ЖАЙМАНОВА, Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледж «Технология» кафедрасының арнайы пәндер оқытушысы, оқу бөлімінің меңгерушісі. Орал қаласы

Мен үшін ғасырдан астам тарихы бар Орал педучилище қазіргі Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледждің орны бөлек. Училище деп сөз бастауымның сыры – біздің 3 буыннан 670 жылға жуық ұстаздық тарихы бар Жаймановтар әулетінің басым көпшілігі осы колледжде бастауышта білім беру немесе мектеп алды даярлық тобы мамандары болып саналады. Білім негізі – бастауышта деген сөздің астарында қаншама шәкірттің балалық кезден білімге деген құштарлығын оятуда мұғалім еңбегінің, маңдай терінің өлшеусіз бағасы жатыр. Кейіннен әулетіміздегі ұстаздарымыздың көпшілігі мектеп басқару, ғылым, қоғамдағы түрлі келелі іс-қызметтердің басында. Әлі күнге дейін облыс, республика көлемінде білім беру мен тәрбие саласында еңбек етіп келеді. Әулеттің еңбек жолында 2000 жылдардан бастап өзім осы колледжға білімнің қасиетті қара шаңырағында педагогикалық түрлі мамандықтар бойынша жұмыс жасап жүргенімді мақтан тұтамын.

Өзім осы технология кафедрасына жұмысқа орналасқан кезден ақ өте тәжірибелі Қымбат Шәріпжанқызы, апайдың шәкірті Мақсот Насекенұлы, Тамара Өтегенқызы, Мұхамбет Сұпығалиұлдарының қамқорлығында болдым десем, артық айтпаған шығармын. Шалқыма апайдың әр дүйсенбі сайын өткізетін әкімшілік кеңестерінде ұжымдағы 130-дан астам оқытушының әр аптада істеген жұмыстары назардан тыс қалмайтын. Кафедрамыз өте ұйымшыл, оқу-тәрбие үрдісінің барлық саласындағы жұмыста жас оқытушыға да тәжірибелі ұстаздармен бірдей талап қойылатын.

Менің бүгінгі кәсіби тұрғыдан қалыптасып, лаборанттан бастап оқытушы, қазіргі таңда әкімшілікте оқу бөлім қызметке дейін өсуімде Шалқыма апайдың орны ерекше. Осы кісінің жанында еңбек ете жүріп, көп нәрсені үйрендім. Әрбір тапсырмасынан жауапкершілікті, әрбір шешімінен байыптылықты, әрбір сөзінен адамға деген құрметті түсіндім. Ол кісі маған тек жұмыстың қыр-сырын үйретіп қана қоймай, нағыз басшы болудың мәнін, ұжыммен жұмыс істеудің, әр қызметкердің еңбегін бағалай білудің маңызын көрсетті.

Шалқыма апайдың талабы мен қатал сұранысынан шығу дегеннің өзі бір мәртебе тұғын. Есімде, сол жылдары апай ТМД немесе алыс шет ел оқу орындарына барып үйреніп, өз тәжірибесін еселей өсіріп, ол жақтағы бар жақсыны ортамызға әкеп, көрген, білгендерімен педагогикалық кеңестерде бөлісуші еді. Мысалы облыста алғашқылардың бірі болып біздің колледж ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу-тәрбие үрдісіне енгізді. Әр оқытушының сабақтарында міндетті түрде қолдануын бір ізгілікпен талап етіп, өзі бірінші болып ұжымды оқыту қайта даярлау курстарын жүргізді.

Шалқыма Хайроллақызының осынау жаңа инновацияларға ұмтылысы, терең ғылыми зерттеулері мен оны педагогикада нақты қолдану тетіктерін жүзеге асыруы – ғылым докторы, профессор, ақпараттандыру саласының академигі құрметті атақтарын иемденуіне себепші болды. Бұл ол кісінің ең бірінші өзіне, қала берді басқарып отырған ұжымына қатаң талап қоя білу, мұғалім еңбегін ерекше ұйымдастыра білу қабілетінен болса керек.

Шалқыма Хайроллақызы саналы ғұмырын білім мен тәрбиеге, ел игілігіне арнаған жанның еңбегі мен шығармашылық ізденіске толы, биыл 80 жасқа толғалы отырған колледждегі алғашқы ұстазым, педагогикалық істердің шебер ұйымдастырушысы, алғашқы еңбек жолымда мықты бағыт, бағдар берген басшыма не айтсамда, қалай дәріптесемде жарасады. Себебі ол – ұстаздардың ұстазы, өзіне сеніп тапсырылған оқу орнын еліміз сан қырынан танытқан, озық ойлы, осы заманның көшбасшысы. Мерейлі жасыңыз құтты болсын, биік тұғырдан түспей, ел жастарын тәрбиелеу ісінде еңбегіңіз жана берсін дегім келеді.

Ұстазымның ұлағаты – өміріме бағдар



Ажар Батырбаевна САРСЕНГАЛИЕВА, Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің мектепке дейінгі педагогика, психология, жеке пәндер әдістемелерінің оқытушысы. Орал қаласы

Ұстаз... Бұл сөздің мағынасы терең, мәні биік. Ұстаз – шәкіртке білім беріп қана қоймай, оның жүрегіне жол тауып, өмірлік бағытын айқындауға ықпал ететін, әр ісімен үлгі болатын тұлға. Мен үшін сондай ардақты жандардың бірі – Құрманалина Шалқыма Хайроллақызы.

Менің Шалқыма Хайроллақызымен байланысымның өзі ерекше. Ол кісіні әуелі студент кезімде ұстаз ретінде танып, кейін жылдар өте келе басшым әрі ақылшы-ұстазым ретінде қасынан табылдым. Осылайша шәкірттік пен әріптестікті жалғастырған жылдар менің өмірімдегі үлкен мектепке айналды.

1990-1994 жылдары мен Жаһанша Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжде, ол кезде Орал қаласының педагогикалық училищесінде білім алдым. Сол кездегі студенттік жылдар мен үшін жастықтың жарқын кезеңі ғана емес, болашақ мамандығымның негізі қаланған маңызды уақыт болды. Колледж қабырғасында алған білімім мен тәлімім бүгінгі кәсіби жолымның бастауына айналды. 1994 жылы «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» біліктілігі бойынша үздік дипломды ұстазымның қолынан алдым.

Студенттік кезеңде оқытушыларымыздың әрбір сөзі, әрбір талабы біз үшін маңызды еді. Шалқыма Хайроллақызы да өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, шәкіртінен талап ете білетін ұстаз және әділ басшы ретінде есімде қалды. Оның бойындағы талап қоя білу, бағыт беру, қолдау көрсету қасиеттері сол кездің өзінде ерекше байқалатын.

Жылдар өтті. Студенттік кезең артта қалды. Бірақ ұстаз бен шәкірт арасындағы рухани байланыс үзілген жоқ. Училищеден алған білімім 1994-1997 жылдар аралығында Алматы қаласынан жоғары орнын Үздік Дипломмен бітіруге бір себепкер болды. Арада бірінші училищеден алған білімімді қолданып, Алматы қаласының мектепке дейінгі ұйымының тәрбиеші болып жеті жылдай жұмыс атқардым.

2008 жылы өзімнің туған өлкеме оралып, білім алған қара шаңырағыма оқытушы болуға бел бұдым. Осыған орай ең бірінші резюме қаралған соң сол кездегі колледж басшысы Шалқыма Хайроллаевна қабылдап, осы қабырғадан білім алған түлегін «алмауға болмайды» деп сөздермен қуана қарсы алып, «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының оқытушы орнына жұмысқа алды. Бұл жолы мен Шалқыма Хайроллақызымен шәкірт ретінде емес, әріптес ретінде қызметтес болдым.

2009-2019 жылдар аралығында оның басшылығымен жұмыс істеу мен үшін үлкен тәжірибе мектебі болды. Кезінде студент болып дәріс алған колледжде енді өзім сабақ беріп, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру ісіне атсалысуым – өмірдің ерекше бір сыйы секілді.

Шалқыма Хайроллақызы басшы ретінде де, ұстаз ретінде де әр адамның кәсіби өсуіне мән беретін. Ол кісінің бойындағы талапшылдық ешқашан орынсыз қаталдықпен ұштаспайтын. Керісінше, талап қоя отырып, дұрыс бағыт көрсете білетін. Қандай да бір жұмыста қиналып немесе өзіңе сенімсіздік танытқан сәтте ақылын айтып, жол сілтеп, қолдау көрсететін.

Менің есімде ерекше сақталған бір оқиға – Астана қаласына барған сапарымыз. Сол сапарға колледжден Шалқыма Хайроллақызы үш оқытушыны бірге алып барды. Осы үш оқытушының арасында мен болдым. Өзім енді жұмыс жасап жүрген кезім, сондай таңқаларлық жағдай болды мен үшін. Семинар білім алушылардың білім деңгейлерін анықтау, бекіту және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға арналған түрлі типтегі педагогикалық тест тапсырмаларын құрастыру болды. Семинарды танымал педагогикалық ғылым докторы Вадим Сергеевич Аванесов өткізген. Жаңа білім алып, кәсіби тұрғыдан ізденіс үстінде жүрген кез еді. Шалқыма Хайроллақызы осындай семинарлар мен кәсіби даму мүмкіндіктерінің маңыздылығын жақсы түсінетін. Бізге жаңа нәрсені үйренуге, алған білімімізді тәжірибеде қолдануға бағыт беріп отырды.

Сол сапардағы семинар, бір қарағанда, кәсіби біліктілікті арттыруға арналған кезекті шара секілді көрінуі мүмкін. Бірақ мен үшін оның мәні тереңірек. Өйткені сол жерде ұстазымның тек басшы ғана емес, әріптесінің кәсіби дамуына жол ашатын жетекші екенін тағы бір мәрте сезіндім.

Бүгінде мен мектепке дейінгі педагогика, психология, жеке пәндер әдістемелерінің оқытушысы ретінде еңбек етіп келемін. Өз шәкірттеріме білім бере отырып, кейде өзіме Шалқыма Хайроллақызынан көрген ұстаздық қасиеттерді үлгі етемін. Шәкірттен талап ету, оған дұрыс бағыт көрсету, қиын сәтте қолдау білдіру – ұстаздықтың ажырамас бөлігі екенін оның өнегесінен түсіндім.

Ұстаздың еңбегі бір күнде өлшенбейді. Оның шынайы бағасы – шәкірттерінің жетістігімен, олардың жүрегінде сақталған жылы естеліктерімен өлшенеді. Ал Шалқыма Хайроллақызы талай шәкірттің өмір жолына бағыт берген, талай жас маманның кәсіби қалыптасуына ықпал еткен ардақты ұстаз.

Сегіз қырлы, бір сырлы адамның өмір жолына көз жүгіртіп, артында қалған ізін бағамдайтын кемел кезең.

Шалқыма Хайроллақызының ғибратты ғұмыры мен педагогикалық еңбегі – кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық өнеге. Оның есімі өзі еңбек еткен білім ордасымен, шәкірттерімен, әріптестерімен бірге жасай береді деп сенемін.

Қадірлі Шалқыма Хайроллақызы!

Сізге шәкірт ретінде де, кейінгі жылдары бірге еңбек еткен әріптесіңіз ретінде де айтар алғысым шексіз. Сізден алған білім мен тәлім, көрген өнеге – менің ұстаздық жолымдағы бағалы қазынам. Сіздің бізге қойған талабыңыз – жігер берді, көрсеткен бағытыңыз – жол ашты, қолдауыңыз – сенім сыйлады.

Мерейлі жасыңыз құтты болсын! Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, көңіліңізге тыныштық, ғұмырыңызға ұзақтық тілеймін. Шәкірттеріңіздің құрметі мен әріптестеріңіздің ыстық ықыласына бөленіп, еңбегіңіздің жемісін көріп, әрдайым елдің ардақты азаматы болып жүре беріңіз.

Ұстаз берген бағыт – шәкірт жүрегіндегі өмірлік бағдар. Сіздің ұлағатыңыз бізбен бірге жасай береді.

Шалқыма Хайроллақызы – білім мен ізденіске жол ашқан ұстаз



Бакытханым Мақсоткызы КАРИМОВА,
Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы.
Орал қаласы

Ұстаздық – ұрпаққа білім берумен ғана шектелмейтін, елдің ертеңіне қызмет ететін ұлы жол. Ал сол жолда шәкірттеріне бағыт-бағдар беріп, әріптестерінің шығармашылық ізденісіне қолдау көрсетіп, білім беру ісінің дамуына өзіндік үлесін қосқан жандардың еңбегі әрдайым құрметке лайық. Сондай тұлғалардың бірі – колледж ұжымында өзіндік орны бар, білімі мен іскерлігін ұштастыра білген ұстаздардың Ұстазы – Құрманалина Шалқыма Хайроллақызы.

1997 жылдан бастап колледжде қазақ халқының тарихы мен мәдениетінде өзіндік орны бар араб тілі пәні оқытылып, ұстазым Жақыпова Қырымжан Үмбетрызақызы сабақ берді. Ұстазымның ұсынысымен Шалқыма Хайроллақызының қабылдауында болып, 1999 жылы жұмысқа қабылдандым.

Колледжде араб тілін шет тілі ретінде оқытуды қолға алу – Шалқыма Хайроллақызының ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңірген басшы ретінде батыл қадамы болды. Содан бері ширек ғасырдан астам уақыт ішінде Шалқыма Хайроллақызының білім беру ісіне деген жауапкершілігі мен жаңашыл бастамаларының куәсі болдым.

Білім беру жүйесінде заман талабына сай өзгерістер енгізу – үлкен ізденісті қажет ететін жұмыс. Шалқыма Хайроллақызының бастамасымен сол кезеңнің өзінде электронды сабақтар әзірлеу, электронды жүйе қалыптастыру бағытында жұмыстар қолға алынды.

Мен де осы бағыттағы жұмыстарға ұстазым, әрі әріптесім Қ.Ү. Жақыповамен бірлесіп «Араб тілі» оқулығын жазып, оқытушылар мен білім алушылардың игілігіне ұсындық. Бұл еңбек – араб тілін меңгеруге қажетті білімді жүйелі түрде беруге бағытталған маңызды оқу-әдістемелік жұмыстардың бірі болды.

Шалқыма Хайроллақызының ерекшелігі – өзі еңбек етіп қана қоймай, айналасындағы әріптестерінің де шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік бере білуінде. Ұстаздың бастамашылдығы, жаңалыққа ұмтылысы, білім мен ғылымға деген көзқарасы көптеген игі істің басталуына себеп болды.

Ұстаз еңбегінің нәтижесі бір күнде көрінбейді. Оның жемісі – шәкірттің жетістігінен, әріптесінің кәсіби өсуінен, кейінгі ұрпаққа қалдырған оқу құралдары мен әдістемелік мұрасынан көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, Шалқыма Хайроллақызының колледждің білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі ерекше.

1999 жылы колледж табалдырығын алғаш аттаған кезден бері арада талай жыл өтті. Осы уақыт ішінде білім беру саласы да, технология да, оқыту әдістері де үлкен өзгерістерге ұшырады. Алайда ізденіске, жаңашылдыққа және сапалы білім беруге негізделген ұстаздық ұстанымның құндылығы өзгерген жоқ.

Шалқыма Хайроллақызы – әріптестерін ізденіске жетелеп, жаңа бастамаларға жол ашқан, білім беру саласында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған ұстаз. Оның бастамасымен қолға алынған электронды сабақтар, электронды жүйе құру, оқулықтар дайындау сияқты игі істер – уақыт талабын алдын ала сезіне білген көрегенділіктің, жаңашылдықтың көрінісі.

Шалқыма Хайроллақызының білім жолындағы бастамалары мен еңбегі – кейінгі ұрпаққа үлгі, әріптестеріне өнеге.

Ол кісіден үйренгенім



Ляззат Сайкомовна ЕСЕНОВА, Батыс Қазақстан облыстық әдістемелік психологиялық қолдау орталығы директоры. Орал қаласы

Шалқыма Хайроллақызымен араласу, бірге қызмет ету, ол кісінің өнегесін көру – мен үшін үлкен мектеп болды. Кей адамдардың өмірінен көп нәрсе үйренуге болады, ал кейбір тұлғалардың әр сөзі мен әр ісінің өзі сабақ болып қалады. Шалқыма Хайроллақызы сондай жан еді.

Мен ол кісіден, ең алдымен, өз ісіңе адал болуды үйрендім. Ұстаздықты тек қызмет деп емес, ел алдындағы үлкен жауапкершілік деп қабылдағанын көрдім. Қандай мәселе болмасын, оған немқұрайлы қарамай, терең ойланып, нақты шешім қабылдауға ұмтылатын.

Ол кісіден талапшылдық пен адамға деген құрметті қатар алып жүруді үйрендім. Шалқыма апай талап қоя білетін. Бірақ сол талаптың астарында адамның кәсіби өсуіне деген жанашырлық жататын. Адамның бойындағы кемшіліктен бұрын оның мүмкіндігін, жақсы қасиетін көре білетін.

Мен үшін Шалқыма апайдың тағы бір үлкен өнегесі – білімге тоқмейілсімеу. Қанша биік дәрежеге жетсе де, ізденуден, оқудан, ойланудан тоқтаған емес. Оның әңгімесінен білімге деген құштарлықты, ғылымға деген құрметті үнемі сезінетінбіз.

Ол кісіден ұлттық құндылықтарды заманауи біліммен ұштастыруды үйрендім. Алаш зиялыларының идеяларын дәріптеуі, ұлттық сананың қалыптасуына ерекше мән беруі – оның ел болашағына деген азаматтық көзқарасының көрінісі еді. «Ұлтқа қызмет ету» деген ұғымды ол кісі сөзбен ғана емес, өзінің бүкіл еңбек жолымен көрсетті.

Шалқыма апай маған тағы бір маңызды нәрсені үйретті: басшы болу – бұйрық беру емес, бағыт көрсету, жауапкершілік алу және адамдарға сенім арту. Нағыз басшының беделі қызметтік лауазымымен емес, артынан ерген адамдардың құрметімен қалыптасатынын түсіндім.

Ол кісіден сабырлы болуды, әр сөзді ойланып айтуды, қандай жағдайда да адамдық қалпыңды сақтауды үйрендім.

Бүгін өзім де білім беру саласында қызмет етіп жүргенде, Шалқыма апайдан алған сол сабақтардың маңызын тереңірек түсінемін. Кейбір ақыл-кеңестер уақыт өте келе ғана өзінің шынайы мәнін ашады екен.

Шалқыма Хайруллақызының менің жүрегімде қалдырған ең үлкен өнегесі – «қандай қызмет атқарсаң да, адамға, білімге және елге адал қызмет ет» деген үнсіз тағылымы.

Ол кісіден үйренгенім көп. Бірақ ең бастысы – адам болып қалуды, ұстаздыққа адал болуды және ел болашағына жауапкершілікпен қарауды үйрендім.

Сол үшін де Шалқыма апайдың бейнесі мен үшін әрдайым құрметпен, сағынышпен және үлкен алғыспен еске алатын аяулы ұстаз бейнесі болып қала береді.

Ұстаздықпен өрілген өнегелі ғұмыр



Гүлжанат Аманбаевна ЖОЛДАСОВА, Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледж оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі. Орал қаласы

Шалқыма Хайроллақызының есімі Батыс Қазақстан өңірінің білім беру тарихымен тығыз байланысты. Ол – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан педагогика ғылымдары академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері, қоғам қайраткері. Алайда оның атақтары мен ғылыми дәрежелерінен бұрын, ел алдындағы ең үлкен еңбегі – ұстаздыққа адалдығы, шәкірт тәрбиесіне қосқан үлесі және педагогикалық білімнің дамуына сіңірген қажырлы еңбегі.

Шалқыма Хайроллақызы үшін әрбір шәкірт – болашақ маман ғана емес, елдің ертеңгі азаматы.

Сондықтан оның педагогикалық көзқарасында кәсіби біліммен бірге тұлғаның адамгершілік қасиеттерін, ұлттық құндылықтарды, еңбекке деген жауапкершілікті қалыптастыруға ерекше мән берілді.

Осы ұстаным оны жылдар өте келе тек білікті педагог емес, ұстаздардың ұстазы деңгейіне көтерді.

Шалқыма Құрманалинаның еңбек жолындағы ерекше кезең Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледждің тарихымен байланысты.

1994 жылдан 2018 жылға дейін ол осы білім ордасының директоры қызметін атқарып, жиырма жылдан астам уақыт бойы оқу орнының дамуына жетекшілік етті.

Бұл жылдар – еліміздің білім беру жүйесінде үлкен өзгерістер жүріп жатқан кезең еді. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа білім беру кеңістігі қалыптасып, ұлттық білім мазмұнын жаңарту, педагог кадрларды даярлау сапасын арттыру, жаңа технологияларды енгізу міндеттері алға шықты.

Осындай күрделі кезеңде білім ордасын басқару басшыдан көрегендік пен батылдықты, кәсіби білім мен ұйымдастырушылық қабілетті талап етті.

Шалқыма Хайроллақызы осы міндеттерді абыроймен атқарып, колледждің оқу-әдістемелік және ғылыми әлеуетінің нығаюына зор үлес қосты.

Оның басшылығы тұсында педагогикалық ұжымның шығармашылық және ғылыми ізденістеріне кең мүмкіндік берілді. Оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттыруға, оқу-әдістемелік құралдар әзірлеуге, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге басымдық берілді.

Ол білім беру саласындағы практикалық мәселелерді ғылыми тұрғыдан зерттеп, педагогика ғылымына өзіндік үлесін қосты. 1996 жылы «Колледж жағдайында бастауыш класс мұғалімдерін даярлауды жетілдірудің дидактикалық негізі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғауы оның педагогикалық тәжірибесін ғылыми ізденіспен сабақтастырғанын көрсетеді.

Ал 2002 жылы педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін иеленуі – оның көп жылғы еңбегінің, ізденісінің және ғылымға деген адалдығының нәтижесі.

Ғалым ретінде Шалқыма Хайроллақызы педагог кадрларды даярлау, білім беру мазмұнын жетілдіру, педагогикалық үдерісті ұйымдастыру мәселелеріне назар аударды.

Шалқыма Хайроллақызының көп жылғы еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланды. Ол 1998 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері атағына ие болды.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан педагогика ғылымдары академиясының академигі атануы – оның ғылым мен білім саласындағы еңбегінің лайықты бағасы.

Алайда, қандай атақ пен марапаттан биік тұратын бір нәрсе бар. Ол – халықтың ықыласы мен шәкірттің алғысы.

Өйткені марапат – еңбектің бағасы болса, шәкірттің құрметі – ұстаз жүрегіне жеткен ең үлкен марапат.

Шалқыма Хайроллақызының өмір жолына көз жүгіртсек, оның ғұмырының бірнеше арнадан құралғанын көреміз.

Ол – **ұстаз** ретінде шәкірт тәрбиеледі.

Ғалым ретінде педагогика ғылымына үлес қосты.

Басшы ретінде білім ордасының дамуына жол ашты.

Қоғам қайраткері ретінде ел өміріне араласты.

Ал осының бәрін біріктіріп тұрған бір ғана қасиет бар. Ол – елге және адамға қызмет етуге деген адалдық.

Шалқыма Хайроллақызының өмір жолы – осы үш қасиетті де бойына тоғыстырған, кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық өнегелі ғұмыр.

Ұстаздардың ұстазы, ұлағатты басшы



Бақытжан Нағымұлы БАКИМОВ, Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің музыка пәні оқытушысы. Орал қаласы

Құрметті Шалқыма Хайроллақызы! Сізді 80 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, өзімнің Сізбен байланысты еңбек жолымдағы ерекше естеліктерімді жеткізгім келеді.

2004-2005 оқу жылында Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледждің музыка кафедрасына жұмысқа орналастым. Ол кезде мен үшін жаңа ортаға келу, жаңа ұжымға бейімделу, өз орнымды табу үлкен жауапкершілік еді. Колледж директоры Шалқыма Хайроллақызы мені алғашында бір жылдық келісімшартпен жұмысқа қабылдады.

Бір жыл ішінде өзіме артылған сенімді ақтауға бар күшімді салдым. Өз ісіме адал болуға, шәкірттерге сапалы білім беруге, ұжымның үмітін ақтауға тырыстым. Еңбегімді бағалап, кейін мені тұрақты жұмысқа қабылдағаныңыз - менің өмірімдегі маңызды шешімдердің бірі болды. Бұл мен үшін үлкен қуаныш әрі үлкен сенім болды. Сол сенім мені қанаттандырып, өз мамандығыма деген жауапкершілігімді арттыра түсті.

Бүгін ойлап қарасам, сол кездегі Сіздің шешіміңіз менің өмірімдегі **22 жылдық еңбек жолыма** айналыпты. 22 жыл...аз уақыт емес. Қызығы, қиындығы мен қуанышы толы осы жылдар ішінде қаншама шәкірт тәрбиеленіп, өмірде өз орындарын тапты, мықты ұстаздармен әріптес болу бақытына ие болдым. Талай ашық сабақтар өткізіліп, конференциялар мен семинарларда тәжірибе жинақталды. «Ақ кеме» вокалдық-эстрадалық үйірмесінің музыкалық жетекшілік еткен кезімде колледж студенттері қала, облыстық, республикалық байқауларда оза шауып, лауреат атанып колледж мерейін асқақтатып жүрді. Түрлі деңгейдегі деңгейдегі мерекелік-мәдени шаралар мен үлкен концерттер Музыка кафедрасының қатысуынсыз өтпейтін еді. Қазіргі кезде кафедрамыздың ардагер ұстаздары құрметті зейнетте. Солардың орнын басып қалған оқытушылардың бірі өзім және әріптесім 19 жылдық еңбек өтілі бар Кожевников Валерий Анатольевич.

Бірақ, ең бастысы – осы қара шаңырақта және Музыка кафедрасында өз орнымды тауып, абыроймен еңбек етуіме мүмкіндік туды. Бүгінгі еңбек жолыма көз жүгіртсем, сонау 2004 жылы маған мүмкіндік беріп, сенім артқан Шалқыма Хайроллақызының сол шешімін ерекше ризашылықпен еске аламын!

Шалқыма Хайроллақызы, Сізді мен ең алдымен адамды тани білетін, еңбекке әділ баға беретін, талап қоя отырып, қолдау көрсете алатын, жаңашыл басшы ретінде бағалаймын. Мен үшін 2004 жылы басталған осы еңбек жолы – сондай қымбат кезең. Ал сол жолдың бастауында тұрған жандардың бірі – Сізсіз.

80 жас – сол еңбектің жемісін көретін, елдің алғысын еститін ерекше белес, өмірдің биігіне көтеріліп, артқа көз салып, атқарған еңбегіңе ой жүгіртетін кемел жас, саналы ғұмырдың салмағы бар, тағылымы мол биігі. Осы жасқа абыроймен жетіп, кейінгі ұрпаққа өнеге болып отырғаныңыз – үлкен бақыт. Сізге өзімнің және Музыка кафедрасы оқытушыларының атынан зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық пен береке тілей отыра Жетібай ағамызбен ұрпақ қызығын көре беріңіздер дегім келеді. Әрдайым жақындарыңыздың ортасында сый-құрметке бөленіп, шәкірттеріңіз бен әріптес болған ұстаздардың ыстық ықыласын сезініп жүре беріңіз.

Ұстаз берген білім – таусылмас қазына
Ұстазға тағзым – шәкірттен естелік



Люция ЖҰБАНЫШҚАЛИЕВА, 1985 жылдың түлегі, «Әділет» партиясы Тасқала аудандық филиалының төрағасы. Батыс Қазақстан облысы

Мен, Орал педагогикалық училищесінің 1985 жылғы түлегімін. 1981 жылы Камен орта мектебін (қазіргі Кеңес Одағының Батыры С. Жақсығұлов атындағы орта мектеп) 8 сыныпты аяқтап, «Аға вожатый» және «Бастауыш мектеп мұғалімі» мамандығы бойынша төрт жыл білім алып, Тасқала ауданы Амангелді орта мектебінде алғаш еңбек жолымды бастадым. Атырау және Батыс Қазақстан облыстарының аудандарынан келген группаластарым білімге, өнерге, спортқа және Теректі ауданының бір неше ауылдарында ауылшаруашылық өнімдерін жинау аясында еңбек жұмыстарына өте белсенді қатысты. Есімде, бірінші семестр алғашқы емтиханды орыс тілі және әдебиет пәнінің тапсырғанда, 30 оқушының – 15-і үздік көрсеткішпен білімін дәлелдеді. Дәстүрлі «Студенттік көктем» колледжаралық фестиваліне жоғары дайындықпен ұйымдастыратын едік. Куратор Красников Н.Г., Казтуганова К.И., Курманаллина Ш.Х., Петренко Н.И., Чекурова В.А., Черекаева В.В., Жумалиева Г.Г., Дедейко Н.В., ұстаздардың сол жылдары еңбек тәрбиесінің орындары бөлек еді.

Ұстаз... Бұл сөздің мағынасы терең, тағылымы мол. Әр адамның өмір жолында жүрегінде өшпес із қалдырған, бағыт-бағдар берген, білім мен тәрбие-

ні қатар ұсынған ардақты ұстазы болады. Мен үшін сондай аяулы жан – сексен жылдық ғұмырының талай жылын ұрпақ тәрбиесіне арнаған қадірлі ұстазым, училище директорының оқу-ісінің орынбасары Құрманалина Шалқыма Хайроллақызы.

II-IV оқу жылдары арнайы пәндер методика оқу сабақтарымен басталды, оқу барысында №7, №21, №17 қала мектептерінде тақырыпты тәрбие сағаттары, мектепішілік шаралар, бастауыш сыныптарға алғашқы сабақ өткізу, жалпы педагогикалық практикалармыз Шалқыма Хайроллақызының мықты басшылығымен ұйымдастырылып өтті, өйткені мектептің оқу-тәрбие жұмысын біздерден терең теориялық білімді, жан-жақтылықты болуын алдымыздан Ұстаз ретінде талап қою да білді. Тіршіліктің тынысын, уақыттың жүрісін сезіндіретін білім әлемінің сырын білетін, білім алған шәкірттерінің жырын жүрекке түйген тағылым иесісіз. Педагогикалық училищіні аяқтағанымызға 40 жыл өтсе де, уақыт өткен сайын Ұстазға деген алғысымыз терендей түсетін шексіз құрмет деп білеміз!

Студенттердің жетістіктері мен училищінің қол жеткен табыстары ортақ қуанышқа айналып, материалдық-техникалық базасының нығаюы іскер басшысы Ш. Құрманалина есімімен тығыз байланысты болса, қоян-қолтық еңбектің арқасында көпұлтты оқушылар мен әріптестерінің арасында ұстаздың сыйластығы арта түскені сөзсіз.

Құрметті, Шалқыма Хайроллақызы, 80 жас мерейлі туған күніңіз және Ұстаздар күні кәсіби мерекеңізбен тұспа-тұс келген қос қуанышыңызбен құттықтаймын! Сіздей басшының еңбек жолы көпке үлгі-өнеге. Сексен жыл-бір адамның ғұмырындағы айтулы белес. Ал сол ғұмырдың саналы бөлігін білім мен тәрбиеге арнап, талай шәкірттің өмір жолына жарық сәуле түсіру – үлкен мәртебе. Ұстазымның алдынан түлеп ұшқан шәкірттері бүгінде елдің әр түкпірінде еңбек етіп, әр салада өз үлестерін қосып жүр. Олардың әрқайсысының жетістігінде Сіздің еңбегіңіздің үлесі бар екені сөзсіз. Сізден алған біліміміз бен тәрбиеміз-өмір бойы бізбен бірге болатын асыл мұра! Рахмет, ардақты Ұстаз!

Ұстазға тағзым: шәкірт жүрегіндегі Шалқыма апай



Нұрлан Құмаруұлы МЕҢДЕШОВ, Қаратөбе аудандық мәслихатының төрағасы, Шалқыма Хайроллақызының шәкірті. Батыс Қазақстан облысы

Адам өмірінде өз ізін қалдыратын тұлғалар болады. Олардың бірі – білім береді, бірі – жол көрсетеді, енді бірі – адамға өз күшіне сенуге мүмкіндік береді. Ал осындай үш қасиетті бойына тоғыстырған ұстаз шәкіртінің жүрегінде өмір бойы сақталады.

Мен үшін сондай аяулы жандардың бірі – педагогика ғылымының докторы, ұлағатты ұстаз Шалқыма Хайроллақызы. Биыл Шалқыма апайдың 80 жасқа толған мерейтойы. Осы айтулы белесте мен өз ұстазымды тек педагогика саласына өлшеусіз үлес қосқан ғалым ретінде ғана емес, талай шәкірттің өмір жолына бағыт берген, білім ордасының дамуына айрықша еңбек сіңірген жан ретінде ерекше құрметтеймін. Менің өз өмір жолымның педагогикалық салаға бастау алуында да Шалқыма апайдың орны бөлек.

Орал педагогикалық училищесінде білім алған жылдарым – менің өмірімдегі ең қымбат кезеңдердің бірі. Үшінші курста педагогикалық практикаға шықтық. Мен С. Сейфуллин атындағы №11 мектептің үшінші сыныбына математика пәнінен сабақ беруге бардым. Жас студент үшін бұл үлкен сын еді. Білім бар, бірақ тәжірибе аз. Балалардың алдына шығып, сабақ беру – өз алдына үлкен жауапкершілік. Сол кезде училищеде оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет атқарған Шалқыма Хайроллақызы менің сабақ жоспарыма қарап, әдістемелік кеңестерін берді. Сабақты қалай ұйымдастыру керек? Оқушының назарын қалай аударуға болады? Математикалық материалды балаға қалай түсінікті жеткізу қажет? Осындай мәселелердің бәріне тоқталып, бағыт-бағдар көрсетті. Ал мектептегі Роза Ниязова апайдың талабы өте жоғары болатын. Практиканттың сабағы көңілінен шықпаса, сабақты тоқтатып тастайтын кездері де болатын. Сондықтан алғашқы сабағыма барынша дайындалып

бардым. Сабақ аяқталды. Бағам – «5». Бұл баға мен үшін ерекше қуаныш еді. Өйткені ол менің ұстаздық жолдағы алғашқы қадамымның сәтті болғанын білдірді. Бүгін ойласам, сол алғашқы «5»-тің артында Шалқыма апайдың берген ақылы мен сенімі де тұрған екен.

Шалқыма Хайроллақызымен байланысты тағы бір ерекше естелік менің жадымда сақтаулы. 1991 жылы мен училищенің төртінші курсында оқып жүрдім. Сол кезде С. Сейфуллин атындағы №11 мектептің үшінші сыныбына мұғалім қажет болды. Төртінші тоқсанға сынып жетекшілік ететін мұғалім керек еді. Сол кезде Шалқыма апай маған сенім білдірді. Мен әлі студентпін. Бірақ ол кісі менің бойымнан мұғалімдікке деген қабілетті көріп, мектепте сабақ беруге мүмкіндік жасады. Оқуымды жалғастыра жүріп, төртінші тоқсанда үшінші сынып оқушыларына сабақ бердім. Бұл мен үшін үлкен тәжірибе болды. Шын мәнінде, сол кезде Шалқыма апай маған тек жұмыс берген жоқ. Ол маған сенім берді. Ал кейде адамға жасалған бір сенім оның бүкіл тағдырына ықпал етеді. Менің кейін ұстаз, мектеп директоры болып еңбек етуіме, одан әрі қоғамдық қызметке араласуыма сол алғашқы кәсіби тәжірибелердің ықпалы зор болды деп ойлаймын.

Шалқыма Хайроллақызының еңбегі менің жеке өмір жолыммен ғана шектелмейді. Ол кісі өзі еңбек еткен педагогикалық училищенің тарихы мен болашағына да үлкен жауапкершілікпен қарады. Педагогикалық училищеге Жаһанша Досмұхамедовтың есімін беру мәселесінде Шалқыма апайдың еңбегі ерекше болды. Бұл – жай ғана оқу орнына белгілі тұлғаның есімін беру емес, тұтас білім ордасының тарихи тамырын тереңдету, жас ұрпаққа ел тарихындағы ірі қайраткерлердің өнегесін таныту еді. Жаһанша Досмұхамедов – қазақтың саяси, қоғамдық және ағартушылық тарихында өзіндік орны бар тұлға. Оның есімін педагогикалық оқу орнына беру арқылы білім ордасының рухани-тарихи беделі де арта түсті. Осы істің жүзеге асуына Шалқыма Хайроллақызының табандылығы мен азаматтық ұстанымы үлкен ықпал етті. Шалқыма апайдың тағы бір ерекшелігін атап өткен жөн: ол кісі білім ордасының бүгінін ғана емес, ертеңін де ойлайтын тұлға болды.

Шалқыма Хайроллақызының педагогикалық ұжымға сіңірген тағы бір үлкен еңбегі – мұғалімдерді ғылыммен айналысуға бағыттауы. Ғылыммен айналысуға мүмкіндік жасауға, педагогтердің кәсіби өсуіне жағдай қалыптастыруға күш салды.

Адамның 80 жасқа келуі – жай ғана мерейтой емес. Қадірлі Шалқыма Хайроллақызы!

Сізді 80 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздің ұстаздық жолыңыз – талай шәкіртке үлгі боларлық өнегелі жол. Сіз педагогика ғылымына, білім беру ісіне, ұстаздар қауымына және өзіңіз еңбек еткен білім ордасына үлкен еңбек сіңірдіңіз. Сізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасылық амандық тілеймін. Әр күніңіз шәкірттеріңіздің құрметі мен ізгі тілегіне толы болсын! Ғылым мен білімге сіңірген еңбегіңіздің жемісін көріп, өзіңіз тәрбиелеген шәкірттеріңіздің жетістігіне қуанып жүре беріңіз. Сексен жасыңыз құтты болсын! Ұстаздық жолыңыз ұрпаққа өнеге, ғылыми еңбегіңіз елге мұра, шәкірттеріңіз сізге мәңгілік мақтаныш болсын!

Ақ шуақ шашқан ұстаз



Қайыржан Бақытұлы ТАУБАЕВ, 2004 жылғы Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжінің «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығының түлегі. Орал қаласы

Ұстаз бен шәкірт арасындағы байланыс – уақытпен өлшенбейтін, жылдар өткен сайын қадірі арта түсетін рухани сабақтастық. Кейде бір ауыз сөз, бір шумақ өлең, бір ғана естелік тұтас бір ғұмырдың мағынасын ашып береді.

Бұл жазбаны мен өзіме өте қымбат жан – өмірден ерте озған апам, ақын, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Жайық ұстазы» газетінің редакторы Ақмаржан Бақытқызы Таубаеваның өз ұстазы Шалқыма Хайроллақызына деген шексіз құрметі мен алғысының белгісі ретінде ұсынып отырмын.

2016 жылдың күзі еді...

Жұмыстан кейін ауруханада жатқан апама арнайы барып, көңілін сұрадым. Ол кезде апамның денсаулығы сыр беріп жүрген. Соған қарамастан шығармашылықтан қол үзбейтін. Ақын үшін өлең – жай ғана сөз емес, жүректің тынысы, көңілдің айнасы ғой.

Бірер күн бұрын мен апама аудиожазба жіберген

едім. Оның «Жайығым, саған келем мен» атты өлеңіне белгілі композитор Ербол Ақбасов ән жазған болатын. Әнді тыңдатуға асықтым. Бірақ апамның оны қалай қабылдайтынын уайымдадым. Себебі ол өлеңге де, әнге де өте талапшыл еді.

Ауруханаға барғанымда апамның көңіл-күйі ерекше көтеріңкі болды. Сөйтсем, оның өмірінде айрықша орны бар ұстазы Шалқыма апай қызы Ләззат Жетібайқызымен бірге арнайы келіп, халін сұрапты. Апамның жүзінен қуаныш байқалды. Педагогикалық колледж оның өмірінде ерекше орын алатын. Ол осы оқу орнында білім алып, талай тамаша ұстаздан тәлім көрді, өмірлік достар тапты. Сол ұстаздарының ішінде Шалқыма Хайроллақызының орны бөлек еді. Апам Шалқыма апайды жай ғана ұстазым деп емес, өмір бойы жол көрсеткен, адамдық пен азаматтықтың биік өлшемін үйреткен аяулы ұстазы деп бағалайтын. Мен апама әнді тыңдаттым. Ол үнсіз тыңдап отырды. Ән аяқталған соң қолымды қысып, маған ұзақ қарады. Сол көзқарасында ризашылық та, қуаныш та, ақындық бағам да бар еді.

– Жақсы болыпты, – деді апам.

Содан кейін маған да, әннің авторы Ерболға да ақ батасын берді.

Апамның көзқарасы ерекше болатын. Қуанса да, ренжісе де, оның жанарынан бәрін бірден аңғаруға болатын. Сол күні де оның жанарынан шынайы қуанышты көрдім.

Мен ол кезде Ж. Досмұхамбетов атындағы педагогикалық колледжде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқаратынмын. Колледжде Шалқыма Хайроллақызының мерейлі жасына арналған іс-шараға дайындық жүріп жатқан.

– Апа, сізді де шақырамыз. Ұстазыңыздың мерейтойына студенті ретінде арнайы қонақ боласыз, – дедім.

Осы сөзді естігенде апамның жүзі жадырап сала берді.

Бір сәт үнсіз отырып, көк дәптерін алды. Қолына қызыл қаламын ұстап, бір нәрсені ойлана жазып бастады. Бір отырғанда жеті шумақ өлең жазып шықты. Өлеңнің аты – «Ақ шуақ».

Бұл өлеңді апам өзінің өмір бойы құрмет тұтқан ұстазы Шалқыма Хайроллақызына арнаған еді.

Өлеңнің әр жолынан шәкірт жүрегінің толқынысы, ұстазға деген ыстық ықыласы, жылдар бойы сақталған алғысы сезіліп тұрды. Апам маған дәптерін ұсынып:

– Осыны жақсылап тергізіп, әдемілеп шығарып, рамкаға сал. Ұстазыма менің атымнан табыста, - деді.

Содан соң әдеттегідей жылы жымиып:

– Мүмкін, осы өлеңге де бір күні ән жазылар, - деді.

Ол кезде бұл сөздің қаншалықты үлкен аманат екенін толық сезінбеген екенмін.

Кейін ойлана келе, сол жеті шумақ өлеңнің жай ғана мерейтойлық сый емес екенін түсіндім. Бұл – шәкірттің ұстазына айтқан соңғы алғысы еді. Бұл – өмір жолында бағыт-бағдар берген ұстазға деген мәңгілік құрмет еді. Бұл – жүректе сақталған рухани байланыстың көрінісі еді.

Осы аманатты орындауыма белгілі қазақстандық әнші-композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, мәдениет саласының майталманы «Ерен еңбегі» үшін медалінің иегері Жаскелең Орынбасарұлы Ғайсағалиев аға көмектесіп ән жазып «Ән-маржан» ақынды еске алуға арналған әдеби-сазды кешінде халыққа ұсынылды..

Апамның қолжазбаларында педагогикалық колледждегі жылдарының шығармашылық жолындағы ең бір жемісті кезең болғаны туралы жазбалар бар. Ол сол ортадан алған тәлімін, ұстаздарының ықпалын үнемі ризашылықпен еске алатын.

Ал, Шалқыма Хайроллақызының апамның шығармашылық қалыптасуындағы орны айрықша еді.

Өкінішке қарай, араға көп уақыт салмай, 2016 жылдың 11 қазанында апам ауыр сырқаттан дүниеден өтті. Ақжайықтың ақ самалындай болып өткен ақынның ғұмыры қысқа болғанымен, артында өшпес мұра қалды. Адам өмірден өтеді. Ал оның сөзі, өлеңі, жазған дүниесі халықпен бірге жасайды. Дана халқымызда «Ақынның хаты өлмейді» деген сөз бар. Шынында да, ақынның сөзі өлмейді. Бірақ оның өлмей, кейінгі ұрпаққа жетуіне рухани сергек, өнерді бағалайтын, шәкірт еңбегін қадірлейтін жандардың ықпалы зор. Апамның қазасынан кейін өзі білім алған әрі ұстаздық қызмет атқарған Ж.Досмұхамбетов атындағы жоғары педагогикалық колледжде оның есімін ұлықтап, талантты түлекке арналған дәрісхана ашылды. Бұл игі істің басында Шалқыма Хайроллақызының өзі тұрды. Бүгінде колледжде апамның шығармашылығына арналған «Ақмаржан оқулары» өткізіліп келеді. Бұл – ұстаздың шәкіртке деген құрметінің, шәкірт еңбегін бағалаудың жарқын үлгісі.

Апа жазып кеткен «Ақ шуақ» өлеңі бүгінде мен үшін ерекше қымбат. Өйткені онда апамның жүрек сөзі бар. Ұстазына деген адалдығы, құрметі, ризашылығы бар. Ал сол жүрек сөзінің адресаты – Шалқыма Хайроллақызы.

Ардақты ұстаз!

Сіз талай шәкіртке білім беріп қана қоймай, олардың жүрегіне ізгілік дәнін ектіңіз. Сіз тәрбиелеген шәкірттеріңіз бүгінде елдің әр саласында еңбек етіп, өз үлестерін қосып жүр. Сіздің ұстаздық еңбегіңіздің ең үлкен жемісі де – сол шәкірттеріңіз. Мен де сол шәкірттердің бірімін. Ал бүгін мен сізге өз алғысыммен бірге апамның жүрек сөзін жеткізгім келеді. «Ақ шуақ» болып жазылған сол жеті шумақ – шәкірттің ұстазына қалдырған рухани аманаты. Апа өмірден өтсе де, оның сөзі қалды. Ал сол сөзді жүрекпен қабылдап, шәкіртінің есімін, еңбегін, шығармашылығын кейінгі ұрпаққа жеткізіп келе жатқан ұстаздың өзі де – сол рухани сабақтастықтың алтын арқауы.

Ұстаз еңбегі – ұрпаққа қалатын із. Шәкірт алғысы – сол іздің мәңгілік жалғасы. Шалқыма Хайроллақызы, мерейлі жасыңыз құтты болсын! Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, жүрегіңізге қуат тілеймін. Ұстаздық жолыңыздың шуағы әлі талай ұрпақтың жүрегін жылыта берсін! Сізге деген шәкірттеріңіздің алғысы ешқашан таусылмасын! Мерейлі жасыңыз құтты болсын, аяулы ұстаз!

Менің колледжім



Нұрлан САМАТҰЛЫ,
ҚР Журналистер Одағының мүшесі,
педагогика ғылымдарының магистрі,
Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің
2002 жылғы түлегі.
Орал қаласы

Қасиетті білім шаңырағы Ж. Досмұхамедов атындағы Орал педагогикалық колледжінде қанша шәкірт білім алды десеңші. Әрине сапалы білім мен саналы тәрбие алған кешегі шәкірт, бүгінде киелі білім ордасының жүрегі болып, ұстаздық жолында шәкірттер тәрбиелеуде. Жас ұрпақтарға ізгілікті ілім жолын үйретуде.

Ж. Досмұхамедов атындағы Орал педагогикалық колледжінің директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессоры, академик ғалым-ұстаз, қалалық мәслихаттың депутаты, БҚО Аналар кеңесінің төрағасы, ел анасы атанған Құрманалина Шалқыма Хайроллақызын білмейтіндер кемдекем. Бұл білім ордасында жай ұстаздан бастап, директор лауазымына дейін көтерілген, ұзақ жылдар бойы басқарған білікті басшы. Басшылық жолының ауыртпалығына қарамастан ғылым жолына түсіп, ғылымның биік шыңына жете білген, қажырлы да, ұлағатты ғалым ұстаз. Жарының адал жары, қыздарының аяулы анасы, ұстаздар мен барлық шәкірттердің ардақты ұстазы, қамқоршы анасы. Қиыншылықта қайрат пен жігерін шыңдап, ақылкеңесін беріп, білім ордасының үлкен жетістіктеріне қуанып, ұстаздар мен шәкірттердің қуанышына ортақтасып, әрдайым жанынан табылатын көреген басшы, аяулы жан. Шәкірттерге білім үйрете жүріп, шығармашылық ізденісті жаны сүйетін Шалқыма Хайроллақызы ұстаздардың республикалық басылымдарға өз көмегін аямай, оқу-әдістемелік кітабына өзі демеуші болатын қайырымды жан.

Колледж қабырғасында білім нәрімен сусындатқан ұстаздарымыздың жөні бір бөлек. Балалар әдебиетінен берген Жұмабике Мәдиқызы балаша күліп, жан-жануардың кейпіне еніп, дауыстарын әдемі салушы еді. Қазақ әдебиеті берген Ақмаржан Таубаевада өз жанынан шыққан жалынды жырларымызды оқып, жалындап жанатынбыз. Қуандық Даупаевтың әдеби шығармалардың кейіпкерлердің рөліне еніп, рөлдерге бөлініп әртіс болып, таетр сахнасында жүргендей болатынбыз. Бұл пәнге деген қызығушылық сезім оятатын ұстаздың шеберлігі мен сөз мәнері десек те болады. Бізге дәріс оқыған ұстаздар Айман Қыдырниязова, Сәуле Ережепқызы, Ақмаржан Таубаева, Қуандық Даупаев, Шолпан Сағатқызы, Дәметкен Сүлейменова, Серік Ықсанғали, Ағзия Тілегенқызы, Райса Қасымова, Әлібек Ромашұлы, Ақманар мен Бақытханым Каримовалар, Алтынгүл Қайырлиева, Гүлшат Жолдасова Нұрлыбек Закарияұлы. Бақылық болған Жұмабике Бахитованың асыл бейнесі шәкірттер жанында. Қазақ зиялары айтқандай: «Ұстаз өз жанын аямайтын, өзгенің жанын аялай білетін жан», деген екен. Ұстаз алдында ғалымда бас иген.

Біздің тобымыз қашанда оқуда, қоғамдық жұмыстарда алда болатын. Топтың өзіне тән ерекшелігі бар еді. Біздің топтың қыздары Светлана Арыстанғалиева мен Гүлмира Айтмұқанова Мақпал Жүнісованың әнін шырқап, пародияға салып, әртіс болатын. Гаухар Әйтешова, Гүлдана Сұңғатова, Орынгүл Құсайынова домбырамен мерекелерде қоңыр дауысымен ән айтып, Арайлым Қанатова өлең оқитын еді. Осылайша, өнерлі тобымыз көпшілікті баурайтын еді. Топта 18 шәкірт «үздік» дипломға бітірді. Сол жылы бір топта 18 шәкірттің үздік дипломға тәмамдауына орай бізге «колледжінің тарихына алтын әріптен жазыласыңдар, әр жылда бір топта бес үздік болса, сіздерден 18 үздік шәкірт шығу бұрын-соңды болмаған оқиға», - деді білім ордасының директоры Шалқыма Хайроллақызы, шығарып салып тұрып. Айман Батырқызы қазақ тілінен дәріс бере жүріп, сол жылы ашылған дарынды балаларға арналған «Дарын» клубына жетекшілік қызмет жасады. Жас дарынды шәкірттер жиналып, жанына шыққан жырларын оқып, күйлерін шертіп, әндерін шырқайтын шығармашылық орта болды. Жалынды жастардың өнерін шыңдайтын өнер ордасы болды. Кешегі сол шәкірттер, бүгінде ұстаздары салған жолмен киелі білім ордаларында ұстаздық қызметтерін атқарып жүр.

2005 жылы М. Өтемісов атындағы БҚМУ бітірген соң, өзім оқыған осы Ж. Досмұхамедов атын-

дағы Орал педагогикалық колледжінің директоры Құрманалина Шалқыма жылы жүзбен қарсы алып, алғаш ұстаздық жолымды бастауыма сәттілік тілеген еді. Сабақ бере жүріп, жастар ісі жөніндегі комитетінің төрағасы болып, шәкірттермен бірге мерекелік шараларды ұйымдастырып, шәкірттеріміз облыстық, қалалық байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленді. Шәкірттерім – Жанна Шарипова Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ Ұлттық Университетін «үздік» дипломға бітіріп, қазір қаламыздың білім ордасында ұстаздық қызмет атқарса, Әсемгүл Жақаева мен Әсел Төлеуғалиева, Гүлнұр Әлмұқановалар ұстаз бола жүріп, өздерін толғандырған тақырыптарын газет беттерінде жариялап, қаламдарын ұштап жүр. Барша көз көрген осы жандардың баршасына білімнің биік шыңынан көрініп, шәкірттерің алыстарға самғай берсін, ұстаздық жолдарыңда толағай табыстарың мол болсын! - деп тілеймін!

Ұстаз. Басшы. Тұлға



Айгүль Бисенбайқызы ИСКАЛИЕВА, 1996 жылы Орал педагогикалық колледжінің «Бастауыш кластың мұғалімі» мамандығының түлегі, Орал «Сервис» технологиялық колледжінің директоры. Орал қаласы

Ұстаздың ғұмыры – шәкірттерінің жүрегінде жалғасатын өнегелі жол. Саналы ғұмырын білім мен тәрбие ісіне арнап, тұтас бір педагогтер буынының қалыптасуына ықпал еткен ардақты ұстазым, педагогикалық колледждің бұрынғы директоры Құрманалина Шалқыма Хайроллақызы биыл мерейлі 80 жасқа толып отыр. Сексен жас – жай ғана жылдар өлшемі емес, елге сіңірген еңбектің, шәкіртке берген тағылымның, ұжымға қалдырған өнегенің биік белесі.

Шалқыма Хайроллақызы – тек білікті басшы немесе тәжірибелі педагог қана емес, ұстаздық жолдың қадірін ұғындырған, адамгершілік пен жауапкершіліктің үлгісін көрсеткен ерекше жан. Ол педагогикалық колледжді басқарған жылдары оқу орнының дамуына елеулі үлес қосып, талай жас маманның кәсіби қалыптасуына бағыт-бағдар берді.

Орал педагогикалық колледжінде «Бастауыш кластың мұғалімі» мамандығы бойынша білім алған кезімде біздің топқа «Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі» пәнінен Шалқыма Хайроллақызы дәріс берген болатын. Сол кезден бастап қолданыла бастаған «Математика» авторлық оқулығының қолжазбасымен қаланың 27-мектебінің бастауыш класында сабақ бердік. Оның «эксперимент» екендігін кейін колледжде жұмыс жасаған кезде түсіндім.

2001 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен колледж жанынан педагогикалық мамандықтар бойынша Республикалық оқу-әдістемелік бірлестік құрылды. Шалқыма Хайроллақызының басшылығымен авторлық топ құрылып, шығармашылық жұмыс басталды. Колледж оқытушыларынан құралған авторлық топ «Бастауыш сыныптарды оқыту», «Мемлекеттік тілде оқымайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шетел тілі», «Мемлекеттік тілде оқымайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтары бойынша білім стандарттары, үлгілік оқу бағдарламаларын жасақтауға қатысып, барлығы министрлікпен бекітілді. Ерекше жаңалық – осы білім стандарттарында негізгі мамандықпен бірге «ДЭЕМ операторы», «Іс-қағаздарын жүргізуші», «Шағын жинақталған мектеп мұғалімі» т.б. мамандандырулар енгізіліп, оқытыла бастады.

2002 жылдан бастау алған 60-тың үстіндегі оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді жасақтау жұмысы да Шалқыма Хайроллақызының колледж оқытушыларын жинақтап, арнайы семинар ұйымдастырып, МЖМБС талаптарына сай оқулық жасақтау әдіснамасын үйретіп, нәтижесінде 2007 жылы «Фолиант» баспасынан жарық көрген оқулықтар мен оқу құралдары республиканың педагогикалық және гуманитарлық колледждеріне таратыла бастады. Шалқыма Хайроллақызының жаңалыққа жаны құштар, үнемі ізденісте жүретіндігінің дәлелі ретінде колледж қабырғасында шотландиялық АМЕК компаниясының өкілдері, Ұлыбританиялық Аймақтық Кембридж колледжінің менеджері А.Уикефилдтің, Корей Университеті өкілдері, Ресейдегі Қазақтар Қауымдастығының өкілдерімен кездесулер, израилдық EduSoft Ltd компаниясының менеджері Роман Лукъянецпен келісім-шартқа отырып, English Discoveries Online/Offline ағылшын тілін кешенді оқытудың кіріктірілген пилоттық жобасы енгізілуі, «Ағылшын тілін оқытудың біріктірілген кешенді жүйесі» базалық, орта және тереңдетілген деңгей бойынша 17 мультимедиялық оқу курсымен 2011 жылдан бастап колледж студенттерін оқыту да

қазір зерделеп отырсам үлкен жетістік екен.

2007 жылы алғашқылардың бірі болып колледжді басқару жүйесіне сапа менеджменті стандарттары талаптарын енгізу бойынша жұмыстар басталды. ИСО 9001:2001 талаптарына сай сапа менеджменті жүйесіне көшу бойынша оқыту семинарлары, аудит жұмысы жүргізіліп, колледждің барлық құжаттамасы жүйеленді.

2019 жылға дейін колледжде ақпараттық-әдістемелік орталық меңгерушісі, директордың ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, ақпараттық технологиялар бойынша орынбасар, «Білім» бейіні бойынша оқу-әдістемелік бірлестік төрағасының орынбасары, оқу ісі жөніндегі орынбасар сияқты түрлі лауазымдық қызметтерін атқара жүріп, колледждің дамуына өз үлесімді қостым, көптеген бастамалардың басы-қасында болдым. Жасалған жұмыстар, естеліктер өте көп, кейбірі ғана көрсетілді. Атап өткен орасан зор жұмыстың барлығы көреген басшының болуы және ұжымның қолдауы, бірлігі, татулығы, кәсіби құзыреттілік деңгей, өз ісіне берілгендіктің үлгісі, бір бағытта ойлап жұмыстанған жүйелі жұмысының нәтижесі деп білемін.

«Қыран түлегіне қайыспас қанат сыйлайды, ұстаз шәкіртіне талмайтын талап сыйлайды» демекші, колледждегі лауазымдық орындарды алғашқы сеніп тапсырған да студенттік кезден жетелеп келе жатқан, бойындағы қабілет-қарымды танып, көре білген психолог, ұстаздардың «ұстазы», колледж басшысы Шалқыма Хайроллақызы. Шалқыма апайдың тікелей жетекшілігімен өмір машығынан өтіп, ғылыми-әдістемелік кеңесімен, басшылығымен шыңдалдым.

2019 жылы 7 тамыздан бастап өмірімнің екінші белесі - Орал «Сервис» технологиялық колледжінің басшысы болып тағайындалдым. Қазіргі күні басшы ретінде басшы-көшбасшы санатым болса, арнайы пәндер бойынша педагог-зерттеуші санатым бар. 2023 жылы облыстық деңгейде колледждер арасында «Табысшы көшбасшы» номинациясын иеледім. Ал колледж болса 2024 жылы облыс рейтингісі бойынша 32 колледж ішінде 4-орын, 2025 жылы 2-орын иеленіп отыр.

Кәсіби тұлға ретінде мені қалыптастырған қара шаңырақ – Жаһанша Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжін, мерейлі 80 жасқа толып отырған ұстазым, педагогикалық колледждің бұрынғы директоры Шалқыма Хайроллақызына алғысым шексіз!

Құрметті Шалқыма Хайроллақызы! Мерейтойыңыз құтты болсын! Жаһаншадай елге қызмет ететін шәкірттеріңіз көп болсын! Деніңіздің саулығын, қажырлы кәсіби еңбегіңіздің жемісін көре беруді, немере-шөбереңіздің қызығын көруіңізді тілеймін!

Ғұмырын ұстаздыққа арнаған жан



Айболсын Адиетовна АБИЛОВА,
№39 «Салтанат» балабақша меңгерушісі
1986 жылғы училище түлегі.
Орал қаласы

Шалқыма Хайруллиевна туралы сөз болғанда, көз алдыма ең алдымен саналы ғұмырын білім мен тәрбиеге арнаған адамның бейнесі келеді. Ол педагогика саласында ұзақ жыл қызмет етті, сол жылдардың бірде-бірі босқа өткен жоқ. Оның жүріп өткен жолына қарасаң, мамандығына қаншалықты адал болғанын, үнемі ізденіспен жүргенін, қандай іске болсын жауаппен қарағанын бірден аңғарасың.

Ұстаздың басты байлығы – шәкірттері деген сөз бекер айтылмаған. Шалқыма Хайруллиевнадан тәлім алған шәкірттері де, қатар қызмет еткен әріптестері де оның еңбекқорлығын үлгі тұтады. Ол талапшыл болатын, алайда сол талаптың түп-төркінінде адамгершілік пен білім ісіне деген шынайы жанашырлық жататын.

Оның өнегелі өмір жолы кейінгі буынға тағылым боларлық. Ұстаздыққа адал болып, елге қызмет етуді өмірлік мұрат санаған адамның еңбегі білім саласының тарихында өз ізін қалдырары анық. Ал оның есімін шәкірттері әрдайым құрметпен атайды.

Мен осы оқу орнының түлегімін және студенттік жылдарымды әлі күнге сағынышпен, әрі мақтанышпен есіме аламын. Сол кезде Шалқыма Хайруллиевнаның білім ісіне қаншалықты жауапты қарайтынын күн сайын көріп жүрдік. Ол кісі бізден көп талап ететін, бірақ әр студенттің болашағына бей-жай қарамайтыны сезіліп тұратын. Шынымды айтсам, сол талапшылдықтың қадірін кейін, өзім

еңбек жолына түскенде ғана толық түсіндім. Ол бізге білім алудың өзі жеткіліксіз екенін, мамандығыңды сыйлап, еңбекке адал болып, әр ісіңе жауап бере білу керек екенін үйретті.

Уақыт деген зымырап өте шығады екен. Кешегі студент бір күні маман атанып, өз жолын бастайды. Алайда менің Шалқыма Хайруллиевнамен байланысым оқу бітірумен үзілген жоқ. Кейін жұмыс беруші ретінде педагогикалық колледжбен тығыз ынтымақтаса жұмыс істеу бұйырды. Бұл мен үшін ерекше, әрі мақтан тұтарлық кезең болды. Бір кезде өзім білім алған оқу орнымен енді әріптес ретінде араласып, болашақ мамандарды даярлауға атсалысу үлкен жауапкершілік жүктейтін іс еді.

Бірге атқарған сол жұмыстар барысында Шалқыма Хайруллиевнаның теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға, колледж бен жұмыс берушілер арасындағы байланысты нығайтуға қаншалықты мән беретініне тағы бір көз жеткіздім. Мақсатымыз ортақ болатын: кәсібін терең меңгерген, ісіне жауапты, балаға жүрек жылуын аямайтын білікті мамандар тәрбиелеу.

Бұл әріптестіктің мен үшін мәні ерекше. Кезінде осы колледждің студенті болсам, арада жылдар өткен соң сол оқу орнымен бір мақсатта қызмет еттім. Ұстаз еңбегінің жалғасы дегеніміз осы шығар деп ойлаймын.

Сізге, қадірлі Шалқыма Хайруллиевна, бір кездегі шәкіртіңіз әрі кейінгі жылдардағы серіктесіңіз ретінде айтар алғысымның шегі жоқ. Сізден алған білім мен тәрбие, көрген кәсіби үлгі біз үшін әрдайым қымбат. Ұстаздық жолыңызда сан мыңдаған шәкірт тәрбиеледіңіз, олардың әрқайсысының жетістігінде Сіздің маңдай теріңіздің үлесі бар. Ұстазға деген құрмет шәкірт жүрегінде ешқашан өшпейді.

Берген біліміңіз бен көрсеткен қамқорлығыңыз үшін, кейінгі жылдардағы нәтижелі ынтымақтастығымыз үшін шын жүректен рахмет айтамын. Еңбегіңіздің жемісін көріп, шәкірттеріңіздің құрметіне бөлене беріңіз!

Ғибратты ғұмыр, тағылымды жол: ұстаздық пен ғылымның биігін бағындырған тұлға



Айнагуль Уразаевна КИДРИШЕВА,
Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледждің академиялық оқу бөлімінің меңгерушісі,
қоғамдық пәндер кафедрасының оқытушысы,
1991 жылғы колледж түлегі.
Орал қаласы

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі, Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі Шалқыма Хайроллақызы – саналы ғұмырын ел болашағы саналатын жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне арнаған ардақты ұстаз, білікті ғалым.

Халқымыз «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» дейді. Ұстаз болу – жай ғана мамандық емес, ол – үлкен жауапкершілік, жүрек жылуын талап ететін қасиетті жол. Бұл жолда білім беру мен ғылымды қатар алып жүру үшін терең ізденіс, қажырлы еңбек, табандылық қажет. Шалқыма Хайроллақызының өмір жолынан осы қасиеттердің барлығын аңғаруға болады.

Шалқыма Хайроллақызының педагогика мен ғылым саласындағы еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, талай мәрте құрмет пен марапатқа ие болды.

1998 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағы берілді. Бұл – ұстаздың

ел игілігі жолындағы еңбегіне көрсетілген зор құрметтің бірі.

Ғалым-ұстаз Құрмет орденімен марапатталып, еліміздің маңызды тарихи белестеріне арналған бірқатар мерейтойлық медальдарға ие болды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған медальмен (2001), Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 жылдығына арналған медальмен (2005), Қазақстан Республикасының 10 жылдығына арналған медальмен (2006), Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған медальмен (2011) марапатталды.

Сонымен бірге 2011 жылы «Нұр Отан» партиясының «Белсенді қызметі үшін» медаліне ие болды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің Алғыс хаты ұстаз анамыздың еңбегінің жоғары бағаланғанын аңғартады.

Білім саласындағы ерен еңбегі үшін Шалқыма Хайроллақызына «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» төсбелгісі (1992), «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісі, «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісі (2006) табысталды. Сондай-ақ «Қазақстан Республикасы ғылымының дамуына үлес қосқаны үшін» төсбелгісімен марапатталды.

Ғылым жолындағы жетістіктері де айрықша. 2004 жылы Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі атанды. Сонымен қатар Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі ретінде білім мен ғылымның заманауи бағыттарының дамуына үлес қосты.

Ғалымның еңбегі туған жерінде де ерекше бағаланды. 2017 жылы Орал қаласының құрметті азаматы атануы – оның туған өлкеге, елге, білім мен ғылымға сіңірген еңбегінің халық тарапынан мойындалуы.

Ал, 2024 жылы «Ел Анасы» құрмет атағына ие болуы – Шалқыма Хайроллақызының ел алдындағы ұзақ жылғы еңбегінің, ұстаздық өнегесінің, ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлесінің биік бағасы.

Сексен жыл – адам өміріндегі айтулы белес. Бұл – өткен жолға көз жүгіртіп, атқарылған істің нәтижесін саралайтын, артында қалған ізге баға беретін мерейлі шақ. Шалқыма Хайроллақызы үшін бұл белес – ұстаздық пен ғылымға арналған ғибратты ғұмырдың жемісті кезеңі! Мерейлі 80 жасыңыз құтты болсын, ардақты ұстаз!

Ұстаздан алған ұлағат – өмірлік жолымның темірқазығы



Әсем Мақсотқызы АЙТКАЛИЕВА, №37 «Жұлдыз-ай» бөбекжайының меңгерушісі, Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледж түлегі. Орал қаласы

Адам өмірінде өз ізін қалдыратын, жүрегінде мәңгі сақталатын жандар болады. Солардың бірі – мен үшін кезінде білім нәрімен сусындатып, мамандыққа деген сүйіспеншілігімді қалыптастырған аяулы ұстазым, көп жылдар бойы педагогикалық колледжді басқарып, талай шәкірттің кәсіби жолына бағыт-бағдар берген жан-Шалқыма Хайроллаевна деп білемін!

Ұстаз – тек білім беруші емес, ол шәкіртінің бойына сенім ұялатып, болашаққа жол көрсететін тұлға. Мен де педагогикалық колледжде білім алған жылдарымды ерекше ықыласпен еске аламын. Сол кезеңде алған білімім, көрген тәлімім мен ұстаздарымның айтқан ақыл-кеңестері бүгінгі кәсіби жолымның негізіне айналды.

Шалқыма Хайроллаевна басшылық еткен оқу ордасында білім алу – біз үшін үлкен мектеп болды. Ол кісі талап қоя білумен қатар, әр шәкірт жүрегіне жол таба алатын, педагог мамандығының жауапкершілігін терең түсіндіре алатын білікті басшы әрі ұлағатты ұстаз ретінде есте қалды.Бүгінде мен бөбекжай меңгерушісі ретінде қызмет атқарып, мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласының жауапты жүгін арқалап келемін. Кезінде колледж қабырғасында шәкірт болған менің бүгін сол оқу ордасымен кәсіби әріптестік қарым-қатынаста болуыма да ұстаздарымның еңбегі себеп.Қазіргі таңда біздің бөбекжай мен колледж арасында тығыз байланыс орнаған. Колледж студенттері өндірістік және педагогикалық практикадан өту барысында біздің бөбекжайға келіп, тәжірибеден өтеді. Біз оларға теориялық білімдерін тәжірибемен ұштас-

тыруға, балалармен жұмыс жасаудың қыр-сырын меңгеруге мүмкіндік беріп, үйретіп, жас мамандарға тәжірибемізбен бөлісіп, бағыт көрсетіп келеміз, бұл мен үшін үлкен жауапкершілік!Сонымен қатар колледж ұйымдастыратын түрлі іс-шараларға да бөбекжай ұжымы мүмкіндігінше тұрақты түрде атсалысып келеді. Бұл – жай ғана кәсіби байланыс емес, ұстаз бен шәкірт арасындағы сабақтастықтың жалғасы деп білемін!

Мен үшін Шалқыма Хайроллаевнаның 80 жылдық мерейтойы – бір адамның мерейтойы ғана емес, педагогика саласына саналы ғұмырын арнаған, талай шәкірттің жүрегіне жол салған тұлғаның еңбегін бағалау.

Шалқыма Хайроллаевна! Сіз тәрбиелеген шәкірттердің әрқайсысы – сіздің еңбегіңіздің бір-бір жемісі. Сіздің есіміңіз бен еңбегіңіз талай шәкірттің жүрегінде сақтаулы. Мен де сол шәкірттердің бірі ретінде Сізге әрдайым құрметпен қараймын!

80 жылдық мерейтойыңыз құтты болсын! Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, көңіліңізге қуаныш тілеймін. Ең бастысы – өзіңіз тәрбиелеген шәкірттердің жетістігін көріп, олардың ізін жалғастырған жаңа буын мамандардың биігінен қуат алып жүре беріңіз.

Ұстаз берген білім – өмірлік азық.

Ұстаз берген тәрбие – мәңгілік өнеге.

Ал ұстаз қалдырған із – шәкірт жүрегінде мәңгі сақталады.

Сізге деген шәкірттік алғысым шексіз!

Педагогиканың жарық жұлдызы: Ғалым, Ұстаз, Мәңгілік тәлімгер



Айгерим Ортабековна ЕРАЛИЕВА,
№49 ЖОББМ директоры,
педагогика және психология магистрі,
физика және информатика пәндерінің мұғалімі,
ҚР Үздік педагогы,
ҚР Білім саласының Құрметті қызметкері.
Орал қаласы

Уақыт шіркін зулап өтіп жатса да, адам өмірінде айрықша із қалдыратын дара тұлғалар болады. Мен үшін сондай тұлға – Орал педагогикалық колледжін, қазіргі Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжді, білім мен ғылымның, инновацияның ордасына, 100 жылдам астам тарихы бар «ұстаздардың ұстаханасына» айналдырған көрнекті ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Шалқыма Хайроллақызы Құрманалина.

Ғасырлар тоғысында, ақпараттық технологиялар мен Бүкіләлемдік желінің білім беру жүйесіне енді ғана ене бастаған шағында, Шалқыма Хайроллақызы отандық педагогиканың болашағы цифрландыруда екенін бәрінен бұрын сезді.

1999 жылы Орал педагогикалық колледжінің табалдырығын аттаған кезде, біз жай ғана оқу орнына емес, заманауи білімнің нағыз мекеніне тап болғандай едік. Шалқыма Хайроллақызының басшылығымен колледжде ерекше академиялық орта, есте қаларлық ақпараттық мазмұн қалыптасты. Ол кісі студенттерге тек басшы ретінде емес, әрбір жас өркеннің талабына қанат бітіретін дана ұстаз ретінде қарады.

Тәртіп пен талапты, мейірім мен жаңашылдықты қатар ұстаған директордың бойындағы таудай қайрат бізге әрқашан үлгі еді.

1999-2002 жылдар аралығы Шалқыма Хайроллақызының докторлық диссертациялық зерттеулерін белсенді жүргізу кезеңімен тұспа-тұс келді. Бағымызға орай, біз – сол жылдардағы студенттер – бұл үлкен ғылыми-эксперименттік жұмыстың ортасында болдық.

Ғалымның бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда электронды оқу-әдістемелік кешендерді, дидактикалық модельдерді және электрондық ресурстарды қолдану жөніндегі идеялары ол кездегі білім беру жүйесі үшін батыл қадам болатын. Компьютерлік технологиялар мен желілік ресурстар енді дамып келе жатқанда, ол кісі бізді заманауи оқыту құралдарымен жұмыс істеуге, электронды дидактиканы меңгеруге баулып, өз бастамаларына команда етіп қосты.

Оқуды аяқтап, жоғары білімге бет бұрғаннан ке-

йін, қара шаңырақ Орал – колледжіме қайта оралу, ұстазымның бағыттауымен жүріп, әріптес болу – мен үшін үлкен мәртебе, зор сенім әрі үлкен жауапкершілік болды.

Шалқыма Хайроллақызымен бір ұжымда жұмыс істеу – күнделікті шеберлік сынынан өтумен парапар еді. Ол әріптестеріне әрдайым сенім артты, бірақ сол сенімнің артында жоғары кәсібилік пен жауапкершілік тұруын талап етті. Бүкіләлемдік желі мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беру процесіне тереңдетіп енгізу, электронды оқулықтар жасау, халықаралық жобаларға қатысу – біздің күнделікті ұжымдық жұмысымыздың негізіне айналды. Колледжде ақпараттық-әдістемелік орталық ашылып, осы орталықта Шалқыма Хайроллақызының бағыттауымен көптеген әріптестердің ғылыми жұмыстары қарқын алып, тәбірибелері жинақталып, таратылып, Республикалық әдістемелік орталықтың жұмысына ұласып, аға буын әріптестер – ұстаздарымыз оқулық, үлгілік оқу бағдарламаларының авторы атанып, кәсіптік және техникалық білім саласын ілгерілететін орны орасан жұмыстар атқарылды.

Шалқыма Хайроллақызының педагогикалық менеджменті – теңдесі жоқ феномен мен үшін, себебі үлкен коллективті жұдырықтай жұмылдырып ұстауының құпиясын қазір өз практикама қолданар кезде мән-мағынасын тереңірек ұға түседі екенсін. 2013 жылы жаңа шағынауданнан жергүй салып, 2018 жылы сол жердеп мектеп бой көтерген кезде ақ батасын беріп, зор сеніммен шығарып салды. Бүгінде сол мектептің басшылық қызметін атқарып келеміз.

Өмірі – үлгі, қасиеті – ізгі Ұстаздың еңбегі мен берген ғылыми-әдістемелік мектебі, ғылыми тәлімі мен тұлғалық тәрбиесі бүгінде жүздеген, мыңдаған шәкірттерінің ісінде, еліміздің білім беру саласының дамуында мәңгілік деп білеміз.

Ұстазға тағзым



Адема Аязбаевна ТАПАУОВА,
Орал педагогикалық колледжінің түлегі, мектепке дейінгі ұйым басшысы.
Орал қаласы

Мен, Тапауова Адема Аязбаевна, 1992 жылы Орал педагогикалық училищесіне оқуға түсіп, мектепке дейінгі тәрбие мамандығын меңгердім.

Менің студенттік жылдарым оқу орнының тарихындағы маңызды кезеңмен тұспа-тұс келді. Сол уақытта оқу орнын Құрманалина Шалқыма Хайруллақызы басқарды. Оның басшылығы тұсында педагогикалық училище жаңа мәртебеге ие болып, педагогикалық колледж болып қайта құрылды.

Ұстаздарымыздың берген білімі мен тәжірибесі еңбек жолымызға берік негіз болды. Алған біліміміздің арқасында біз мектепке дейінгі ұйымдарда білікті тәрбиеші болып еңбек еттік. Кейін әдіскер қызметін атқардық. Бүгінде сол салада басшылық қызмет атқарып, мектепке дейінгі ұйымдарды басқарып келеміз.

Орал педагогикалық колледжі бізге мамандық беріп қана қойған жоқ. Ол бізге өз ісімізге жауапкершілікпен қарауды, балаға құрметпен қарауды, үнемі ізденіп, кәсіби тұрғыдан дамуды үйретті.

Жылдар өте келе колледжбен байланысымыз одан әрі жалғасты. Бүгінде біз колледжбен тығыз кәсіби қарым-қатынаста жұмыс істейміз. Колледж ұйымдастыратын кәсіби іс-шараларға қатысамыз. Студенттерді педагогикалық практикадан өткіземіз. Болашақ тәрбиешілерге тәжірибелік тұрғыдан бағыт-бағдар беріп, өз тәжірибемізбен бөлісеміз.

Бір кездері өзіміз білім алған оқу орнына бүгінде тәжірибелі маман ретінде қайта оралуымыздың өзі ерекше сезім. Кеше ғана студент болған біздер бүгін жас мамандарды тәрбиелеуге, олардың кәсіби қалыптасуына үлес қосып келеміз.

Бұл сабақтастықтың қалыптасуында Шалқыма Хайруллақызы бастаған сол кездегі ұстаздар мен басшылардың еңбегі ерекше.

Құрметті Шалқыма Хайруллақызы! Сіз басқарған жылдар біз үшін ұмытылмас кезең болып қалды. Сол жылдары колледждің дамуына қосқан үлесіңіз, білім сапасына деген талапшылдығыңыз және жас мамандарға жасаған қолдауыңыз үшін алғысымыз шексіз.

Арада қанша жыл өтсе де, студенттік жылдардағы естеліктер жүрегімізде сақтаулы. Бүгінде біз өзіміз де кейінгі буынға білім мен тәрбие беріп, Сіздер қалыптастырған кәсіби дәстүрді жалғастырып келеміз.

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық тілеймін. Еңбегіңіздің жемісін көріп, шәкірттеріңіздің құрметіне бөлене беріңіз!

Ұстаз туралы үзік сыр



Шынар Амангелдіқызы АЙТҚАЛИЕВА, Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің 1994 жылғы түлегі. Орал қаласы

Білім беруде колледж бәсекеге қабілетті және жеке тұлға болуға қалыптасуыма зор үлес қосты. Оған дәлел алдымен балабақшада тәрбиеші, әдіскер 2008-2023 жылдар аралығында Қалалық білім беру бөлімінің мектепке дейінгі №10 «Балапан», №50 «Заңғар», №40 «Болашақ», №45 «Нұр сәт» мекемелерінде директор қызметін атқаруым. Осы жылдар ішінде колледжбен серіктес ретінде студенттерді машықтан өткізу, жұмыс беруші тәжірибе алмасу т.б. шаралар өткізіп отырдым. Шалқыма Хайроллақызының шақыртуымен мемлекеттік емтихан төрайымы, сырттай бөлім студенттеріне дәріс беріп, жұмысқа орналасуына белсене араластым.

2015 жылы білім саласын қамтамасыздандыру агентігінің аккредитациялауында коммисия мүшесі болып, сапалы маман бәсекегі қабілетті кәсіби құзыретті орта буын мамандарын дайындайтынын дәлелдеді.

Шалқыма Хайроллақызына менің де жеке тұлға болып қалыптасуыма қосқан орасан зор үлесі үшін алғысымды білдіремін.

Ұстазға тағзым – ұлағатқа құрмет



Замзагүл Ермекқызы АХМЕТОВА, колледждің 2001 жылғы «Шетел тілі пәні мұғалімі» мамандығы бойынша түлегі, 2001-2019 жылдар аралығында бірге қызмет еткен әріптесі. Орал қаласы

Құрметті де қадірлі ұстазым!

Сізді мерейлі **80 жасқа толуыңызбен** шын жүректен құттықтай отырып, Сізге деген шәкірттік алғысым мен ыстық ықыласымды ақжолтай тілегім арқылы жеткізуді өзіме үлкен мәртебе санаймын.

Адам өмірінде жүріп өткен жолына көз жүгіртіп, тағдырындағы ерекше із қалдырған жандарды ой елегінен өткізетін сәттер болады. Сондай сәттерде ұстаз бейнесі әр шәкірттің жүрегінде ерекше орын алатыны анық. Өйткені ұстаз – білім беруші ғана емес, адамның азаматтық болмысын қалыптастыруға ықпал ететін, өмір жолына бағыт-бағдар көрсететін тұлға. Мен үшін Сіздің ұстаздық бейнеңіз – колледж қабырғасында алған біліммен ғана өлшенбейді. Сіздің әр сабағыңыз, әр сөзіңіз, шәкіртке деген талапшылдығыңыз бен жанашырлығыңыз бізге кәсіби біліммен бірге жауапкершілікті, ізденісті, еңбекқорлықты және адамгершілікті үйретті. Жылдар өте келе адамның алған білімінен гөрі, сол білімді берген тұлғаның өнегесі тереңірек есте қалатынына көзім жетті. Бүгінде сол студенттік кезеңдерді еске алғанда, Сіздің айтқан ақыл-кеңестеріңіз, сабақ үстіндегі тағылымды әңгімелеріңіз, әр шәкіртке деген ерекше ықыласыңыз жадымда жаңғырады.

Ұстаз еңбегінің ұлылығы да осында. Ол өз еңбегінің нәтижесін бірден көрмеуі мүмкін. Бірақ жылдар өткен сайын шәкірттерінің жетістігі, олардың ел өміріндегі орны мен адамдық болмысы – ұстаз еңбегінің ең биік бағасына айналады.

Сіз талай шәкірттің жүрегіне білімнің шамын жағып, кәсіби жолына бағдар бердіңіз. Бүгінде сол шәкірттеріңіздің әрқайсысы әр салада еңбек етіп, өз өмір жолын қалыптастырып келеді. Олардың жетістіктерінде Сіздің ұстаздық еңбегіңіздің де үлесі бар екені сөзсіз. Осы мерейлі жасыңызда Сізге ең алдымен мықты денсаулық, отбасылық амандық, жан тыныштығы мен ұзақ ғұмыр тілеймін. Әр күніңіз қуанышқа, әр таңыңыз шуаққа толсын. Шәкірттеріңіздің құрметі мен ізгі тілегі Сізге әрдайым рухани күш-қуат сыйласын.

80 жасыңыз құтты болсын, ардақты ұстазым! Бұл – тек жас мөлшері ғана емес, саналы ғұмырдың, мағыналы еңбектің, көрген-білгеннің, тәрбиелеген шәкірттердің, жинақталған тәжірибенің және кейінгі ұрпаққа қалдырған өнегенің өлшемі.

Ғибратты ғұмырыңыз кейінгі ұрпаққа өнеге болып, ұстаздық жолыңыздың шырағы шәкірттеріңіздің жүрегінде әлі талай жыл жарқырай берсін!

Сізге мың алғыс! Ұстаздық еңбегіңізге тағзым! Ғибратты ғұмырыңызға құрмет!

Өмірлік жолыма бағдар берген дара тұлға



Айнұр Жетіруқызы ОТАРБАЙ,
Орал педагогикалық колледжінің 1997-2000 жылдардығы түлегі,
Орал гуманитарлық-техникалық колледж директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.
Орал қаласы

Адамның жүріп өткен өмір жолында жүрегінде мәңгі сақталатын мекендер болады. Ол –балалық шақ өткен туған үй, әке-шешенің шаңырағы, туған ауыл... Ал менің жүрегімде ерекше орны бар тағы бір қасиетті мекен бар. Ол – Шалқыма апам мен Жетібай ағамның шаңырағы. Бұл үй мен үшін жай ғана қонақ болып барып-келетін қара шаңырақ емес, – менің өмір мектебім болды.

Бүгінде аяулы Шалқыма апам – әдемі мерейлі жасқа келді. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогика Ғылымдары Академиясының және Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі, Ел Анасы, елге танымал ғалым, ұстаз, басшы ретінде оның есімі көпшілікке белгілі. Ал мен үшін ол – кісі өмірлік ұстаз.

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылына қаладағы басшылық қызметінен арнайы келгенде де, ол кісі ауылдың салт-дәстүрін, үлкенге құрметін, кішіге ізетін ешқашан ұмытпайтын. Ауылдағы үлкен той, қуаныш, мереке болса, оның басы-қасында Жетібай ағам мен Шалқыма апам жүретін. Жастарға ақыл айтып, үлкендердің батасын алып, ағайынның басын қосып, елдің бірлігін ойлайтын. Мен бес-алты жастағы кішкентай қыз едім. Кезекті ауылда бір тойдың алдында Шалқыма апа маған әдемі қызыл көйлек әкеліп берді. Үстінде аппақ өрнектері бар, мойнына тағатын моншағы да ерекше әдемі еді. Сол көйлекті киіп, үлкен тойға барғаным әлі күнге дейін есімде. Балалық көңілмен сол сыйлыққа қаншалықты қуанғанымды сөзбен айтып жеткізу қиын. Сол тойда тағы бір ерекше оқиға болды. Шалқыма апа жас жұбайларға неке жүзігін тағып, ақ тілегін білдірді. Ал мен отау құрып жатқан ағам мен жеңгеме алғашқы құттықтау сөзімді айттым. Әрине, оны маған Шалқыма апа үйреткен еді. Қолымда гүл, алдымда көпшілік... Кішкентай қыздың үлкендердің алдында сөз сөйлеуі мен үшін үлкен оқиға болатын. Қазір ойласам, бұл жай ғана балалық шақтың бір көрінісі емес екен. Шалқыма апа сол кездің өзінде мені көпшілік алдында сөйлеуге, өз ойымды жеткізуге, адамдармен еркін қарым-қатынас жасауға баулыған екен.

Жыл сайын Жетібай ағам мен Шалқыма апамның ауылға келуін тағатсыздана күтетінбіз. Олар үлкен чемодандарын арқалап келетін. Ал біз үшін сол чемодандардың әрқайсысы қуанышқа толы болатын. Бір аулада екі үй, үлкен әулет болып тұратынбыз. Әр үйде үлкенді-кішілі бауырлар, балалар бар. Аға мен апа ешқайсымызды құр қалдырмай, әр балаға базарлығын, сыйлығын әкелетін. Ал таңғы шайдың өзі бір мереке еді.

Шалқыма апамның дайындаған құймақтарын ерекше жақсы көретінбіз. Қазір сол дәмді еске алсам, балалық шағымның иісі сезілгендей болады. Балалық шақта қарапайым көрінген сол сәттердің қадірін адам есейгенде түсінеді екен. Жарқамыстан мектеп бітіріп, Орал қаласына оқуға келген талай жастың алғашқы тоқтайтын жері де осы шаңырақ болатын. Өйткені Жетібай аға мен Шалқыма апаның үйі – ақыл айтатын, бағыт беретін, жөн сілтейтін алтын орда. Мектеп бітірген түлек қай мамандықты таңдаймын, қай оқу орнына түсемін деп қиналса, осы кісілермен ақылдасатынбыз. 1997 жылы мектеп бітіргенде мен де осы үйден үлкен өмірге қадам бастым. Педагогикалық колледжге оқуға түсіп үздік бітірдім. Кейін жоғары оқу орнына түстім. Еңбек жолымды өзім білім алған колледжде педагогика және психология кафедрасында «Тәрбие жұмысының әдістемесі» пәнінен сабақ беруден бастадым.

Менің педагогикалық жолымның бастауында Шалқыма Хайроллақызының тәрбиесі тұр.

Аға мен апаның үйінде тұрып, тек білім алып қана қойған жоқпын, адам болуды үйрендім. Үй тірлігіне ерте араластым. Үй жинау, мал қарау, анама көмектесу – күнделікті тірліктің бір бөлігі болды. Ал қалаға келген соң өмірдің басқа мектебінен өттім. Жетібай ағамның үйінде қонақ үзілмейтін. Әңгіме, пікір, ақыл, тәжірибе – бәрі осы

шаңырақта тоғысатын. Сол ортада мен қонақ күтуді, дастарқан жаюды, үлкенмен сөйлесуді, кішіні сыйлауды, адамды қабағына қарап емес, қадіріне қарап құрметтеуді үйрендім. Шалқыма апаның ас дайындауы да мен үшін сабақ болды. Етті ерекше дәмді пісіретін. Сорпасы мөлдір, дәмі тіл үйіретін. «Сорпа дәмді болсын десең, жақсылап сапыр» деп үйретететін. Ал қонақ келгенде: «Қабағыңды ашып, жарқырап жүр», - дейтін. Бұл сөз менің өмір бойы есімде сақталып қалды. Өйткені адамның үйіне келген қонақты жылы қарсы алуы, жылы сөзбен, жарқын қабағымен қарсы алуы – оның тәрбиесінің айнасы екенін Шалқыма апа сол кездің өзінде-ақ бойыма сіңірді. Мен келген жылы үйде үш қыз болдық. Ләззат апам – студент, Салтанат сіңілім – мектеп оқушысы, мен – ауылдан келген жас талапкер.

Шалқыма апа бізді бір-бірімізден бөліп-жармай: «Жандарым, қызғалдақтарым», - деп еркелетіп, бәрімізге қамқор болды. Сол сөздің өзінде қанша мейірім бар еді... Бізді тек үй шаруасына емес, өмірге дайындады. Адамға сенуді, өзіне сенімді болуды, еңбектенуді, ізденуді, жауапкершілігі жоғары болуды үйретті. Ең бастысы, маған үнемі сенім артты. Адамға сенім артылса, ол адам өзіне қойылған үмітті ақтауға тырысады екен. Менің бойымдағы шығармашылыққа, ұйымдастырушылыққа, көшбасшылыққа деген қабілетімді де Шалқыма апа үнемі қолдап отырды. Сол сенімнің арқасында 2009 жылы колледждегі студенттермен жұмыс барысында «Жайық жастары» педагогикалық отрядын құрдым. Кейін бұл жасақ республика көлемінде танылып, тәлімгерлермен тәжірибе алмасатын үлкен ортаға айналды. Түрлі байқауларда жеңімпаз атандық. Мен бұл жетістікті тек өз еңбегімнің нәтижесі деп қабылдамаймын. Өйткені адамның бойындағы қабілетті байқап, оған жол ашатын, қанаттандыратын бір адамның болуы – үлкен бақыт. Менің қанаттануыма себеп болған – Шалқыма Хайроллақызы. Бүгінде мен тағдырдың ерекше сыйына ие болып отырмын. Шалқыма Хайроллақызының өз еңбегімен құрылған білім ордасы – Орал гуманитарлық-техникалық колледжінде тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасар қызметін атқарып келемін. Бұл мен үшін үлкен мақтаныш, сонымен бірге үлкен жауапкершілік. Өйткені мен қазір Шалқыма Хайроллақызының шәкірті ғана емес, оның тәрбиесін жалғастырушы, оның мектебінен өткен жан ретінде жастар тәрбиесіне қызмет етіп келемін.

Шалқыма Хайроллақызы!

Сіздің мерейлі ғұмырыңыз – бір отбасының ғана емес, тұтас бір елдің, талай шәкірттің, талай жастың өміріне із қалдырған ғибратты ғұмыр. Сіз ғылымда да, ұстаздықта да, басқаруда да өз қолтаңбаңызды қалдырдыңыз.

Жетібай ағаммен бірге немере-шөберелеріңіздің қызығын көріп, ұрпағыңыздың ортасында аман-есен, абыройлы ғұмыр кешіңіз. Деніңізге саулық, жаныңызға тыныштық, отбасыңызға бақ-береке тілеймін. Елге сіңірген еңбегіңіздің, шәкірттеріңізге берген біліміңіздің, ұрпаққа қалдырған өнегеңіздің жемісін көріп, әлі талай биіктердің қуәсі болыңыз. Сізге деген алғысым шексіз. Мерейлі жасыңыз құтты болсын!

Жаныма шуақ құйған сол бір жылдар!



Ақмаржан ТАУБАЕВА,
ақын, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Жайық ұстазы» газетінің бас редакторы, Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжде ұстаздық қызмет атқарған.

Қаламы мен ұстаздық жолын қатар алып жүрген Ақмаржан Таубаева елдің рухани өміріне өзіндік із қалдырған қаламгер еді. Оның жүрекжарды жырларынан ұстазға деген құрмет, адамға деген сүйіспеншілік, туған елге деген перзенттік сезім айқын аңғарылады.

2016 жылы дүниеден өткен ақынның Шалқыма Хайроллақызына арнаған бұл

өлеңі – шәкірт жүрегіндегі ұстазға деген шынайы ілтипат пен ыстық ықыластың көркем көрінісі. Уақыт өтсе де, жүректен туған мұндай жырдың қадірі кемімек емес.

Марқұм ақын Ақмаржан Таубаеваның архивінен. 2013 жыл

Орал педколледжі – менің ұстаздық мамандық алуға деген талпынысым, алғашқы студенттік күндерімнің куәсі. Мен колледжде 1976-1979 жылдары оқыдым.

Бұл оқу орнында мен және менің курстастарым бантигі желбіреген шәкірттен әдемі де орнықты жас ұстазға айналды. Ұсқынсыз балапаннан аққуға айналған тәрізді екен-ау! Өз пікіріңді дәлелдей білу тек білім арқылы келетінін де осы жерде ұғындық, сірә!

Мәселен, психология сабағы тек Орал педколледжі-менің ұстаздық мамандық алуға деген талпынысым, алғашқы студенттік күндерімнің куәсі. Мен колледжде 1976-1979 жылдары оқыдым.

Бұл оқу орысша жүрген кездер болды... Мұғаліміміз Таисия Сергеевна деген егделеу келген тамаша, зиялы, мейірбан еді. Сонда бір орысы жоқ ауылдан келген өз басым қиналдым. Ізденістің көкесі осы сабаққа дайындалғанда болатын еді.

Гүлнар Жәрдемқызы мен Қазына Сүлейменқызы, Шалқыма Хайроллақызы мен Райхан Тілепенқызы, Күлпаш Сағындыққызы – бізге өнер, өлең, терең білім үйреткен тамаша әсем арулар. Олардың әлі күнге жас, әдемі болып ортамызда жүргені – қуаныш.

Сірә, жастарды жақсылыққа баулудың бір үлкен сыры бар. Ол – жаныңа шуақ құятын мәңгілік жастық, жүректің жылуымен алаулаған жастық жалыны. Ал, менің ұстазым, колледжді ұзақ жылдар бойы басқарып келе жатқан Шалқыма апайдың орны бір бөлек. Менің өмірбаянымда ерекше үш жыл өзім оқыған Қандық мектебінде еңбек жолымды бастауыш болса, тағы бір үш жылдық да өзінше бір тарихы бар. Бұл – өзім оқыған педколледжде үш жыл оқытушы болып, студенттерге дәріс беруім, топ жетекшісі болуым. Ал, 1998 жылы менің педколледжге келуім аяулы да қамқоршы ұстазым Шалқыма Хайроллақызының шақыруынан соң болған жағдай. Мен сол кездері екі кішкене сәбимен жатақханада, ештеңеге жетпейтін бес мың жалақыға қарап, қиналып жүр едім. Осы қиналысымды ұғып-білген Шалқыма апайым мені екінші рет өмірге әкелгендей көмек қолын созды, мен шәкірттерге сүйікті ұстаз атандым. Бұл үшін аса қамқор, ізгі жанды Шалқыма апаға екі дүниеде разымын.

Осы жерге келгенімде колледж бітіргенімізге 20 жыл толып, оны көптеген ұстаздарымызды, директорымызды да ортаға ала отырып, әр ауылдағы курстастарды шақырып, колледж асханасында әндетіп, мерейіміз тасып өткізгенімізге де міне – бес жыл.

Ақжайықтың ақмандайлы аруы,
Ұстазым – Шалқыма Хайроллақызына

Дәуірлеп кетсе егер бүгін бағың,
Көрсеттің тым ерекше сырың барын.
Тұлғасың тәрбиелер талайларды,
Жаманға, таяздыққа ұрынбадың.

Әу баста Ақтөбеден келген едің,
Өзіңнің дарыныңа сенген едің.
Ақжайық топжарғаны, арманың көп,
Жастарға үлгі-өнеге берген едің.

Съезден съездерге бара бердің,
Жалындап жанартаудай жана бердің.
Жай жүріп, анық басып, асыл оймен,
Ұрпақтан-ұрпақтарға сана бердің.

Жақсыны өмір бойы жырлап өтем,
Болыпсыз көбінесе сырға бекем.
Қиындық жолды бөгеп, жармасқанмен,
Бақыт, бақ мұнарлатып тұрған екен.

Демеймін, қонған Сізге бір күндік бақ,
Ғалымға әр сағат пен әр күн қымбат.
Ізденіс, ұйқысыз түн, күлкісіз күн,
Тұрғандай бақыт болып қолын бұлғап.

Шын ниетпен алғыс айтам, Ұстазым!



Гүлнар Сырымқызы НҰРАШЕВА,

Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледждің түлегі, Ш. Құрманалинаның шәкірті, кейін өзі білім алған қара шаңырақта ұзақ жылдар ұстаздық қызмет атқарған ардақты педагог.

Ұстаздан алған тәлімін өмірлік жолына бағдар етіп, өзі де талай шәкіртке білім мен тәрбие берген Гүлнар Сырымқызының бұл естелігі – сүйікті ұстазына деген шынайы құрметі мен сағынышының белгісі.

Марқұм шәкіртінің ұстазына деген 2013 жылы жазылған жүрекжарды естелігінен.

Нұрашева Гүлнар Сырымқызы 2023 жылы дүниеден өтті.

«Адамзат баласы жер бетіне жаралғаннан бастап ілім іздеп, оқу оқумен қатар жер жаһанның құпия сырларын ашумен келеді. Талмай еңбек ету мен ізденістің арқасында өзіне де өзгеге де дүниенің құпиясын ашып көрсетпек. Осы тұрғыда еңлегі өлшеусіз, өз баласынан өзгенің баласын артық көріп, қамқор бола білетін жан ол – ұстаз.

1989 жылы 8-сыныпты бітірген шағымызда мамандық алумен қатар тәрбие берер жылы ұя бола білген педагогикалық училище мен үшін өмірлік тұмар. 1989-1992 жылдары педагогикалық училищенің «Бастауыш сынып мұғалімі» мамандығы бойынша сабақ берген менің асыл ұстаздарым: Ш.Х. Құрманалина, А.У. Галимова, К.С. Жумасова, Ш.С. Набидоллина, Н..И. Мусина, Қ.Ш. Давлетова, М.Н. Сулейменов, Р.Т. Молдағалиева, Р.Ғ. Шынтемірова, баян музыалық аспабын меңгерткен Қ.С. Джусубалива, денемізді шынықтырған Б.Қ.Набидоллиндер бүгінде менің әріптестерім.

Данышпан да, дана да оқып сенен,
Атақ-даңқын асырды бар әлемнен.
«Ұстаз» деген аяулы, асыл жанды,
Жақсы көрем, арнаймын жақсы өлең! - деген өлең жолдары ұстаздарыма арналады.

Біздің 1992 жылы бітірген 4гКШО тобы үшін бастауыш мектептегі пәндердің теориясы мен әдістемесін меңгертудегі ұстаздардың еңбегі ұшан теңіз. Ұстаздардың сабақ беру әдісі, теориялық білімінің тереңдігі, сол теориялық білімді практикамен, түрлі мысалдармен дәлелдеп беруі біздің болашағымызға берген үлкен тәрбиесі болды. Ұстаздарымыз Абила Утепқалиқызы мен Күлпаш Сағындыққызының жайлы мінезі мен сабырлылық кейпі, қазақ тілі мен әдістемесін шебер меңгерте білген Нұржамал Исламқызының сабырлы, байыпты қалпы, Мақсот Насекенұлы мен Қымбат Шарипжанқызының еңбек пен өнерге үйреткен талабы, Райса Ғаббасқызының хорда ән салуды үйреткені, мектептегі ең қиын сабақ химия пәні болса, ол пәннің қыр-сырын ашып түсіндіре біліп, есептеріне қызығушылық оята білген Шолпан Сағатқызының сабағындағы қимыл-әрекеттері есімізде қалса, бастауыш сынапта математиканы оқыту әдістемесін терең меңгертуде оқытушы Шалқыма Хайроллақызының орны ерекше болды. Ұстазымның ғалымдық қызметін сөз етсем ең алдымен ол кісінің керемет әдіскер екендігін айтпай тұра алмаймын. Сабақ берген кезде топтық, ұжымдық оқыту технологиясын сол кезде шебер қолданған педагог бізді «Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін» деген ұранмен өзара оқытуды қолдап, бағаны да топтық жұмыс үшін қоятын еді. Жаңалыққа жаны құмар шебер әдіскер, білімді ұстаз Шалқыма Хайроллақызы бүгінде ғалым-ұстаз, колледж директоры. Дегенмен мен ұстазымды «Халық ұстазы» дер едім. Қазіргі колледж жағдайында тек бастауыш сынып мұғалімі мен мектепке дейінгі тәрбие ұйымының тәрбиешілері емес, барлық пән оқытушыларына білім мен тәрбие беріп, маман етіп даярлауда, жеке тұлға етіп қалыптастыруда тынымсыз еңбек етуде. Тек колледж студенттері ғана емес, өз ұжымы мен мектеп мұғалімдері де ұстаздардың ұстазына қарап, ой мен бой түзеуде.

Бізге де оқу орнын тамамдағанымызға 20 жыл болды. Осы жылдарда өз ұстаздарымызбен бірге өсіп, өркендеп, жаңарып, жетіліп келе жатқан колледж түлектері де осы ұжым ішінде жұмыстануда. Ғалымның жетегімен ғылыми жұмыстарға да бет бұрып, зерттеу жұмыстарын да жүргізудеміз. «Ұстаз болу – жүректен» демекші «адамтану» өнерінің қыр-сырын алдында отырған шәкірттеріне бар ынта-ықыласымен жеткізген, «өзгенің бақытын аялап», үлкен өмірге бағыт берген ұлы ұстаздарыма алғысым шексіз. «Ең үлкен махаббат – халық махаббаты», деп жерлес ақын ағамыз Қ. Мырзалиев айтқандай: «Халық махаббатына бөленген ұстаздарыма барлық түлектер атынан шексіз алғыс айтамын»!

Шалқыма Хайроллақызы ҚҰРМАНАЛИНА

















Орал қаласы Ж. Досмұхамедов атындағы жоғарғы педагогикалық колледж ұжымы

Индекс 74312

050036, Алматы қаласы, Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58, 8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru